

**30**  
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ  
**ҚАЗАҚСТАН**



**2021**  
**30** ҚАРАША  
НОЯБРЬ  
NOVEMBER  
**NUR-SULTAN**




Халықаралық білім және ғылым академиясы  
Международная академия образования и науки  
International Academy of Education and Science

**«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ  
ДАМЫҒАН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ»**

**III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНТЕРНЕТ КОНФЕРЕНЦИЯ**

**ЖИНАҚ  
СБОРНИК**

**III МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ ИНТЕРНЕТ КОНФЕРЕНЦИЯ  
«ОБРАЗОВАНИЕ, НАУКА И КУЛЬТУРА  
ИНДИКАТОРЫ РАЗВИТОГО ОБЩЕСТВА»**



ӘОЖ (УДК) 001  
КБЖ (ББК) 72  
М 35  
Б 94

Редакциялық кеңес:  
Батырбаева Надия Кадыровна (төраға)  
Алибаев Е.А.  
Конференция өткізуге жауаптылар:  
Алибаев Ерлан Акылжанович  
Джуасбаев Болат Дуанбаевич

**«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ»**  
III Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференцияның материалдары.  
**«ОБРАЗОВАНИЕ, НАУКА И КУЛЬТУРА ИНДИКАТОРЫ РАЗВИТОГО ОБЩЕСТВА»** Материалы III международной научно-практической интернет конференции.  
Нұр-Сұлтан: Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы, 2021.  
Қазақ, орыс, ағылшын, тәжік тілдерінде.

Бұл ғылыми басылым 2021 жылдың 30 қарашасында өткен **«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ»** атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясының жинағы болып табылады.

Жинақ ұстаздар, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, ғылыми қызметкерлер, студенттер, магистранттар, PhD докторанттарының (аспиранттар) ғылыми тәжірибесі, зерттеулерінің нәтижесі болып табылады.

Жас ғалымдарға арналған.

ЖОМ 001  
КБЖ 72



ISBN 978-601-06-6813-3

© Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы  
© Международная Академия Образования и Науки

2021

## ROLE PLAYING AT ENGLISH LESSON

**Karagoz Samatovna ТАРАҒЕВА**

A.S. Makarenko Secondary School

The Merey Village, Karasai District, Almaty Region, Kazakhstan

karagoz.samatkyzy@mail.ru

### Аннотация

Бұл мақала ағылшын сабағындағы ойындар және ойындардың түрлері, сондай-ақ, ағылшын тілі сабақтарындағы кез-келген рөлдік ойынның түпкі мақсаты туралы

### Annotation

This article about role playing and examples of role playing games and the ultimate goal of any role-playing games at English lessons

### Аннотация

Эта статья о ролевых играх и их видах, а также о конечной цели любой ролевой игры на уроках английского языка

Learning English may seem quite boring and uninteresting occupation, if this process is monotonous, involves one type of activity and does not motivate the student still with interest to learn English. The task of the teacher — thus present a learning process that the student wanted to learn English, tried to understand him and was ready to talk to him.

One of the main incentives for learning is a game. After all, in conjunction with the discussion and debate of the game, in particular, the role play at English lessons are the most informative and effective teaching methods in terms of perception. During the game the student overcomes his stiffness and anxiety. If you teach English on skype, and you got a teacher using this method, you can consider yourself lucky. Using a variety of games in English class helps them to learn in an entertaining way, develop memory, attention, ingenuity, to maintain interest in the English language as such.

By engaging in role-playing games in the English lessons, the students present themselves as someone else in a particular situation, behave properly according to the rules of the game. Social (the doctor, the seller), interpersonal (friends, classmates), psychological (neutral, positive, negative characters) roles that perform students, contribute to the fact that they learn how to communicate and discuss, understand and appreciate the feelings of others, to solve problems. The ultimate goal of any role-playing game in the English lessons It is to obtain new knowledge and development of their skills up.

To play the role play at English lessons properly, it is necessary to form the student the necessary social skills of communication and familiarize them with the dialogic speech in English. This exercise helps to practice expressions etiquette plan, develop skills on the phone, microdialog on a given topic from several replicas, creating dialogues in English on the model, reading and playing these dialogues by heart, playing a dialogue in pairs.

### Examples of role-playing games at English lessons

Role playing in the English lessons are included in all textbooks and manuals for the study of the language. We all know that every lesson in this textbook is devoted to a particular topic, the material to be learned and secure. Usually, we resort to role-playing games at the end of the study of this topic, so to speak, to hone the acquired knowledge. In this case, the vocabulary of the English language and grammar structures already learned speech patterns worked, phonetic spelling and listening tasks completed.

Let's see what role-playing games, we offer training courses «Headway» (elementary and pre-intermediate) and «New Millenium English» for the 11th grade of high school. Let's start with «Headway». In the quest titled «Role play» we find the following:

Work in pairs. Student A is a journalist, student B is Ivan or Jaya. Discuss the advantages and disadvantages of living in New York. Then prepare an interview. Use the words and questions in the Comprehension Check to help you.

Work in groups of two or three. Think of some role plays in an airport or on a plane. Choose a place and some characters. You can be travellers from different countries, pilots, customs officers ...!

Work in pairs. Practise some conversations in a hotel, using the ideas above. One of you in the guest, the other is the waiter or the receptionist.

Your teacher will give you a list of TV programmes for tonight on channels 1 to 4. Imagine that you and your partner live in the same flat and you have only one TV. Decide together which programmes you are going to watch tonight.

Some of you are members of a group of musicians (classical, pop, jazz). Some of you are journalists who are going to interview the musicians. Musicians: talk together to decide the following — the kind of music you play, the name of your band, who plays what, what has influenced your music, how long have you been together, the records you have made, the countries you have toured. Journalists: work together to think of some questions to ask the musicians. When you are ready, conduct the interview.

But what role play at English lessons involved in the process of learning the creators of the second book: Read the job advertisement. Decide who will be the applicant and who will be the interviewing board. Read your role card and get ready for the interview. The students who have gone through the interview become observers. Exchange your opinions about questions / answers. Avoid being judgemental. Be positive and friendly.

You are invited to take part in a TV show called «Do you believe in ...?» The show will start in 10 minutes. Take a role card and get ready to play your role. Take part in the show; try to be as active as possible. Vote on the question in the programme — Do you believe in supernatural phenomena?

You are going to take part in the International Student Science Conference. In turn, you will be a speaker, a participant, an interpreter, and some of you may wish to be the Chair.

This is only part of role-playing games presented in these allowances. As you can see, the possibilities for imagination and creativity are endless. Create a role play at English lessons can be on any topic and for working any material. And the benefits are very significant, as mentioned earlier. Let's not forget about this wonderful method of learning English!

### Literature

1. [Бурмакина Л.В., Ролевые игры на уроке английского языка / Л.В. Бурмакина – КАРО, 2013, с. 78, 102.]

## КІРІКТІРІЛГЕН БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ПӘНДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСЕТІН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**АЙМЕНБЕТОВА Қарлығаш Турлыбаевна, АРПАБЕКОВА Шынаркуль Умиртаевна**

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Алматы, Қазақстан

aymenbetova\_k@fmalm.nis.edu.kz, arpabekova.s@mail.ru

### Аннотация

Мақалада пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы рөлі мен академиялық тілді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі кезде академиялық тілді қалыптастыру ғылым-білім саласында бәсекелестікке қабілетті арттыруда өзекті мәселе болып отыр. Кіріктірілген оқу бағдарламасы аясында пәндер бойынша үндесетін тақырыптарды іріктеудің жолдары мен әдістері және тілдік құзіреттілікті қалыптасуының қадамдары талқыланады.

### Abstract

The article considers the role of interdisciplinary topics in the development of language competence and the formation of academic language. At present, the formation of academic language is a key issue in increasing competitiveness in science and education. Within the framework of the integrated curriculum, ways and methods of selecting similar topics in the disciplines and steps in the formation of language competence are discussed.

Пәндер арасындағы тілдік құзіреттілікті дамыту оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Пәндік кіріктірілген оқыту (CLIL) бұл – оқыту мен оқудағы қосарлы фокус, мұнда пән мазмұнын және алдын ала анықталған деңгейлерге сәйкес тілді меңгеру үшін бірінші тіл мен екінші тіл және қосымша тіл пайдаланылады.

«Кіріктірілген бағдарлама аясында пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы рөлі» тақырыбына оралатын болсақ, онда академиялық тілдің көрінуін қамтамасыз ету қажет. Мысалы, академиялық нормаға сәйкес талдаулар мен дискуссияда бірінші

жақтағы эмоционалды сөз тіркесін пайдаланудан аулақ болып, нақты фактілерге негізделген интонацияны қолданған дұрыс.

Пәндік кіріктірілген оқыту элиталық емес, сонымен қатар оқу озаттарына да бағытталмаған және бірінші тілді жоққа шығаруды көздемейді. Тілдік құзіреттілік оқушының эмоционалдық ахуалын қадағалайды және санатқа бөлмейді. Бұл тұста оқушылар үшін қауіпсіз оқыту ортасын құру көзделеді.

Пән бойынша тілдік құзіреттілікті дамытудың мақсаты - анықтығы мен айқындылығында. Мұнда оқушылар пән тілінің мақсаттары мен оқу дағдыларын талқылайды және пәндік мазмұнды қарастырады. Мысалы, оқушылар тектоникалық плиталардың 15 атауын жазады, сонымен қатар тектоникалық плиталардың бір-біріне қалай әсер ететінін түсіндіреді. Оқушылардың жауабына назар аударайық: «Тектоникалық плиталар бірі -біріне әсер ету арқылы арқылы жер қабатын қалыптастырады. Ірі тектоникалық плиталар үнемі қозғалыста болады. Бір-бірімен қиылысады. Бірі-бірімен қақтығысады. Басқа плиталардың әсерінен қозғалысқа түседі. Балқытылған тау жыныстарына айналады. Магмаға айналады. Газ шығарады».

Ал мұғалім оқушының жазылымындағы ғылыми сипаттамаларды, соның ішінде олардың шектеулі қолданысын түсіндіре алады. Оқытуға қажетті дағдылар мен икемділікті оқушылардың идеяларын қорытындылау арқылы қалыптастырады. Мысалы, «Жанартау атқылауын тудырады. Тектоникалық плиталар тырнақ өскен сияқты баяу қозғалады. Жанартаулар еңісі жер бетінде жатқан римдік солдаттың қалқанына ұқсайды. МЖ ұйымының болжамы бойынша келесі 7 деңгейдегі жарылыс ...жылы Италияда болады, себебі орташа есеппен әрбір ... жылда 7 деңгейдегі жарылыс болып тұрады». Осы мысалдардың өздері пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы рөлін көрсетеді. Мысалдардан, география пәні бойынша терминдер академиялық тілдің айқын көрінісі болса, қазақ тілінен қолданған көркемдеуіш құралдар ақпаратты кеңінен түсініп, жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Осы сияқты география және қазақ тілі пәндерін үндесетін тақырыптар тілдік құзіреттілікті арттыруда үлкен қызмет атқарады.

Тіл мен таным байланысы қалай көрініс табады? Тіл мен пән мазмұны сыни ойлауды дамытады. Мысалы, есте сақтау, түсіну, қолдану, талдау, бағалау, құрастыру. Пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудың артықшылығы оқушылардың дербестігіне ықпал етеді. Атап айтқанда, оқушыларға таңдауға мүмкіндік беру, оқуға қажетті дағдылар мен шеберліктер, оқушылардың оқу үрдісі туралы шешімдерін талқылау.

Оқу мазмұнын терең ашу үшін уақытты жеткілікті бөлу тілдік құзіреттілікті арттыруда маңызды болып келеді. Байланыстарды (мысалы, тірек ұғымдарды байланыстыру және іріктеу) дамытуды түсінуге назар аудару ғана емес, оқушылардың қызығушылығымен байланыстыру, сыни ойлау мен ауторефлексия жасау дағдыларын дамытуға ықпал ету.

Пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы рөлінің бірі - бірлесе оқу. Бірлесе оқудың ұтымды жағы – оң ықпалдастық, жеке, топтық әрекеттің жек қарым-қатынасқа әсері, тұлғааралық қарым-қатынас дағдысы және шағын топтардағы жұмыс, топта тапсырма құрастыру.

Тақырыпқа кіру мен қорытындысын көруде тілдік скаффолдингті қолдану – тілдік құзіреттілікті арттырудың бір жолы. Скаффолдинг дегеніміз оқушыларға жеке жұмыста күтілетін нәтижеден де жоғары нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін құрылым беру, демеу.

Мысалы, қысқа сөйлемдерді, азат жолдарды қолдану, есімдіктердің орнына зат есім дердің қайталанып келуі, тірек сөздердің астын сызу, тақырыпқа қатысты тілдік бірліктерді қайталау, оқушылардың өз анықтамаларын жазуы, сөздерді категорияларға іріктеу, талқылу моделдері мен қажетті сөздерді алдын ала даярлау.

Пәнді оқытуды ойлауда пәндер арасындағы үндесетін тақырыптарды дұрыс жоспарлауға ықпал етеді. Өзіңіздің де оқушылармен бірге оқитыныңызды көрсете білу, оған өз жұмысыңызды талқылау, бағалау арқылы дәлел келтіру қажет.

Оқытуды жоспарлауда талқылауды оқушымен күнделікті жүргізу - пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы маңызы зор, себебі оқушылардың мақсатқа жету жетістіктері, оқыту үдерісі, нені өзгерту керек, қалай ілгерлеуге болатынын талқылайды.

Сабактың басы мен соңында пәндік скаффолдингті қолдану, яғни алдын ала дайындалған графикалық органайзерлер, маңызды фактілердің астын сызу, көптеген тақырыпшаларды пайдалану, аналогиялар, қалыптасқан дағдыларға сүйену, оқушылардың білімі мен білігі, бір уақытта пайда болған фактілер мен мәселелер санын қысқарту, білім беруге қажетті дағдылар мен шеберлікті оқыту академиялық тілді қалыптастыруда ықпалы жоғары.

Кіріктірілген бағдарлама аясында пәндер арасындағы үндесікті бір сыныптың оқу бағдарламасы аясында қарастырып көрсек.



Қазақ тілі пәні бойынша «Көрікті жерлер мен саяхат» бөлімінде «Көкшетау» тақырыбын меңгертуде қарастырылған оқу мақсаты:

7.Т/А1. Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау.

7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін пәндер арасындағы үндесетін тақырыптардың тілдік құзіреттілікті арттырудағы рөлі қалай жүзеге асады? Ұсынылған тапсырманы түрлі белсенді әдістермен жүзеге асыруға болады.

География пәніне қатысты терминдерді қолдана отырып, Көкшетаудың географиялық ерешеліктері мен табиғатын болжа.

Тарих пәніне қатысты терминді қолдана отырып, Көкшетаудың тарихи ескерткіштеріне, археологиясына болжам жаса.

Көкшетаудың табиғатын сипаттау үшін қолданылатын тілдік бірліктердің болжамды тізімін жаса.

Теңеу, эпитетті қолдана отырып, Көкшетаудың тарихи тұлғаларының сипатына болжам жаса.

Болжам жасау арқылы оқушылар пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді. Оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйе келтіреді. Оқушының меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Пәнді кіріктіру синтездеу,

интегративтік қарым-қатынас, білім беру процесінің мазмұны, формалары мен әдістерінде көрініс табады.

Бір пән аясында ұсынылған тақырып негізінде бірнеше пәндерден академиялық-тілдік құзіреттіліктер ұйымдастырылған тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл үдеріс арқылы оқытудың білім беру деңгейін көтеру функциясын жақсартады. Пәнді кіріктіріп оқыту пәнаралық байланыстар мен сананың логикалық бірлігі сезім және адамның психикалық қызметінің арқасында орындалады. Осы кешенді педагогикалық шарттардың негізінде әр пән аясында тілдік құзіреттіліктің дамуы көрініс табады.

Қорыта келе, пәнді кіріктірудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдеме әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану тілдік құзіреттілікті дамытудың жетекші құралы ретінде қызмет етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. 2019ж
2. <http://www.pedkabinet.ru/> «Скаффолдинг как особый вид педагогической поддержки ребенка»
3. <https://novator.team/> «CLIL: классика или новинка языкового обучения?»

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

**АЙТМАҒАМБЕТ Нұрым Әділқызы**

*Ғылыми жетекші: PhD., доцент Рымханова Айнагул Рымбековна*

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

miss\_nurym97@mail.ru

### Аннотация

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мемлекет үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әрбір адам өз әрекетінің қажеттілігін және қатыстығын сезіне алатын нағыз инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты. Біз әрбір балаға оның қажеттілігіне және басқа жағдайларына қарамастан, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері қазіргі әлемде, сонымен қатар Қазақстанда да әлеуметтік-экономикалық ахуалдары ауыр жағдайдағы отбасылар санының өсуіне байланысты педагогика мен психологияда «өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар» түсінігі жиі қолданыла бастады. Кейінгі жылдары бұл өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау қазіргі күннің көкейтесті мәселелерінің біріне айнала бастағаны да белгілі болды [1]. Бұл мәселенің басты себептерінің бірі өскелең ұрпақтың қалыптасуында айтарлықтай әсері бар, балалар мен жасөспірімдердің дамуы үшін аса маңызды отбасы, білім беру, дем алу уақытын ұйымдастыру, денсаулықты сақтау секілді салаларға әсер еткен соңғы онжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың зардаптары да болуы мүмкін.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар ұғымының мағынасы көптеген мәселелерді қамтитын күрделі мазмұн болып табылады.

Өмірлік қиын жағдайға душар болған балалар қатарына әлеуметтік аз қорғалған және жағдайы төмен отбасылардан шыққан, ата-аналарының қамқорлығынан айрылған, мүгедектігі бар және дамуында бұзылыстары бар, оқыс жағдайларға тап болған, зорлық-зомбылық көрген және де бұл қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар жатады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар ұғымына толық түсінік бере отырып, бұл балалардың әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасын берудің маңызы бар. Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм.

Әрбір бала, өз өмірінің әртүрлі кезеңдерінде, әлеуметтік жағдайына да қарамастан, өзінің де қалауынсыз түрліше қиын жағдайларға тап болып әртүрлі деңгейдегі көмекке, қолдау мен қорғауға мұқтаж болуы мүмкін.

И. Г. Кузина «өмірлік қиын жағдай» ұғымын, «адамның өзінің айналасындағылармен әлеуметтік қарым – қатынасы мен қалыпты өмір сүру дағдыларын объективті түрде бұзатын және субъективті тұрғыдан «күрделі» деп танылатын, ақырында адамды өз мәселелерін шешу үшін арнайы әлеуметтік қорғау қызметтерінің көмегі мен қолдауына жүгінуге мәжбүрлейтін жағдайлар» деп қарастырады.

Н. Г. Осухова болса, бұл ұғымды «сыртқы жағдайлардың немесе іштей өзгерістердің әсерінен баланың өмірге бейімделуі бұзылады да, нәтижесінде ол осыған дейінгі қалыптасқан мінез-құлық тәсілдері мен модельдері арқылы өзінің күнделікті өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындай күйге жетеді» деп түсіндіреді.

«Өмірлік қиын жағдайлар» ұғымын анықтаудағы түрліше көзқарастар мен ұстанымдарды зерттей және саралай отырып, оның нақты белгілерін ажырату мақсатында келесі анықтаманы қарастыруға болады: өмірлік қиын жағдай, бұл – адамның қалыпты және қауіпсіз өмір сүруіне зардабын тигізетін және оның бұл жағдайдан өз бетінше шығып кетуі екіталай. белгісіз болатындай күйге түсуіне жеткізетін күйзелісі»[2]. Бұл жағдайда адамға міндетті түрде көмек керек. Әсіресе, өмірлік қиын жағдайларға тап болған балалар көмекке аса мұқтаж болады. Олар үшін, қиын жағдайлардан шығудың мүмкін жолдарын табу өте күрделі мәселе болып табылады. Бұл фактілерді ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық қолдау барысында өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға көмек көрсетудің барынша тиімді жолдарын

табу мен болжау қажет. Мұндай қолдаудағы басты мақсат- баланың қалыпты өмір сүруі мен тәрбиеленуі үшін барынша қолайлы жағдай жасау.

Қазіргі заманда өмір сүретін балалар үшін іс-әрекеттің екі саласы бар, және де олар бала тәрбиесіндегі негізгі институттар болып келеді — бұл, отбасы және білім беру жүйесі. Бала өміріндегі көптеген мәселелер де осы екі институттың әсеріне көбірек байланысты болып келеді. Бала үшін отбасы – бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінезқұлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта. Әлеуметтік институт ретінде, отбасының бала өмірі мен тәрбиесі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ете алмауы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың пайда болуына әкелетін басты факторлардың бірі болып саналады.

Жалпы әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім беру, білім беруге ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жекелей оқыту ұстанымын жүзеге асыруға негізделген. Білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балаларға мыналар жатады: мүмкіндіктері шектеулі балалар; мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар; қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) [3].

Өмірлік қиындықтар:

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 4) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;
- 5) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 6) дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;
- 9) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- 10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау.

Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық-педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен оқу сабақтарының оқушыларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар барлық пәндер арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Тәжірибе барысында оқушыларда болашақ әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Қазақстан Республикасындағы балаларға қатысты мемлекеттік саясат, бала мен ананы, отбасын жан-жақты кепілді мемлекеттік қорғауды өзінің маңызды міндеттері ретінде анықтайды. Әлеуметтік саладағы біртіндеп жүзеге асырылып келе жатырған мемлекеттік саясаттың нәтижесінде демографиялық процесстердегі оң динамика өз жалғасын таба бастады.

Қазақстан Республикасы заңнамалары аясында бекітілген тегін медициналық көмектер алуға; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы бойынша дене бітіміндегі немесе психикасындағы ауытқушылықтардың көріну деңгейлерінің түрліше болуына қарамастан ауытқушылық анықталған күннен бастап тегін психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету алуға құқылы [4].

Қиын жағдайға тап болған бала проблемаларының бірі әлеуметтенудің төмен деңгейі, яғни, мобильділіктің шектеулігі, құрдастар және ересектермен қарым-қатынастың кедейлігі, табиғатпен байланысудың және мәдени құндылықтарға қолжетімділіктің шектеулігі және т.с.с. Қазіргі мектептерде әлеуметтендірушіден гөрі, білім беру қызметіне басты рөл беріледі. Мектеп қоғамға толыққанды кіруге керекті қасиеттер жиынтығымен балаларды қамтамасыз ете алмайды. Мектеп әрекетінің шектеулігі



көптеген оқушылардың тұлға ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік бермейтін осы тәрбие институтына жағымсыз қарым-қатынасты тудырады.

Балалар өміріндегі қиын жағдай туындауының себебі қанағаттанарлықсыз білім деңгейі болуы мүмкін. Соның салдарынан озат және нашар оқушылар үлгерімінің үлкен айырмашылығы болады. Бұл проблемалардың кешені барлық балаларға тең мүмкіндіктерді жасауға бағытталған қоғам мен мемлекеттің күшімен шешіледі. Балаларды әлеуметтендірудің елеулі проблемаларының бірі қоғам мен мемлекеттің дамуында ауытқуы бар тұлғаларға қарым-қатынасы болып табылады. бұл қарым-қатынас әр түрлі аспектілерде көрініс табады: арнайы білім беру, оқыту жүйесін жасауда, қолжетімді денсаулық сақтау жүйесін құруда және т.с.с.

Бала құқығының декларациясында «дене бітіміне, психикасына немесе әлеуметіне қатысты толық емес бала оның ерекше жағдайына байланысты арнайы білім және күтіммен қамтамасыз етілуі қажет» деп айтылған . Бала құқықтары туралы конвенцияда «қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды» деп баяндалған.

Мемлекеттік деңгейде өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балаларға көмек көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалардың үнемі қабылданып жүзеге асырылатынына қарамастан, тек мемлекеттің ғана күші жеткіліксіз. Бұндай балалардың өмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдайларды жасау бойынша міндеттердің көпқырлығы, күрделілігі мен ауқымдығы бұл жұмыста балалардың жанында жүрген барлық қоршағандардың қатысуын талап Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың нәтижелерін бағалауда МЖБС берілген білім алушылар дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлану керек. Бірақ кейбір балаларға бағдарламаны меңгеруге ұзағырақ уақыт керек. Нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейімен сәйкес деңгейге жетеді. [5].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Ж.Б Қоянбаев. Р.М Қоянбаев. Педагогика университеттер студенттеріне арналған оқу құралы Алматы.
- 2.Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. Астана 2016ж.
- 3.Проектирование коррекционного обучения дошкольников с общим недоразвитием речи, М. С.Грушевская, Э.Р.Амирова, Н.Н.Досанова, Г.М.Итекова, В.И.Тутарова Н.А.Субботина,Н.В. Янова I-II часть. Алматы 2010ж.
- 4.Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан Республики Казахстан.01.06.2015 г. № 348.
- 5.Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. В.С.Мухина, Алматы Мектеп,1981ж.

#### БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

**АКИМНИЯЗОВА Самал Шакизатовна**

*Жетекшісі: Н.С. Асенова профессор, доцент, п.ғ.к*

Павлодар педагогикалық университеті

Павлодар, Қазақстан

akimniyazova99@gmail.com

#### Аннотация

Мақалада коммуникативтік құзыреттілік кәсіби дамуының маңызды көрсеткіші ретінде анықталады. Ұстаздарды кәсіби дайындауда ерекше орын алатын коммуникация жан-жақты талданды. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы жолдауында «Ұлттың жаңа болмысы» тармағында, «міндет ретінде – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру,

тұтас ұлт сапасын арттыру. ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс. Бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Бәріміз нағыз қазақты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз» деп жазған еді.[1]

Осындай терең білімді, кәсіби дағдылы және бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу халқымыздың негізгі мақсаттарының бірі болғандықтан, оларға сол тәрбие мен білім беретін мұғалімнің рөлі оқу ордасында сөзсіз жоғары екенін айтудың да керегі жоқ.

Заманауи мұғалімге өзінің негізгі қызметін іске асыруда, яғни оқушыларға тәрбие мен білім беруде, көптеген талаптар қойылады. Бүгінгі таңда білім мен дағдыларды жай ғана игеру қойылған талаптарды орындау үшін жеткіліксіз екенін байқауға болады. Кәсіптік-педагогикалық білім берудің негізгі мақсаты – білімді, білікті, тұрақты кәсіби өсуге дайын педагогты даярлау. Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби дайындықтың сипаттамасы болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі коммуникативтік құзыреттілік болып табылады, сондықтан педагогикалық университеттің түлегі сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды, аудиториямен өзара әрекеттесуді еркін меңгеруі керек, өйткені мұғалім оқушылар ұжымында қарым-қатынас атмосферасын, ашықтықты, ғылыми шындықты түсіндіруші және іс-әрекеттің практикалық тәсілдерін игеруге қызығушылық тудырушы болып есептеледі.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тақырыбында жұмыс істеген зерттеушілердің кең ауқымы зерттеу тақырыбының үлкен қызығушылық тудыратынын растайды, өйткені коммуникативтік құзыреттілік болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлшегі болып табылады.

Х.Т. Шерьяданова мен Ш. С. Марданованың жұмысында қарым-қатынас әртүрлі даму тарихы бар ғылымдардағы ең күрделі категорияларының бірі болып табылады.[2]

А. В. Карповтың еңбегінде коммуникативті құзыреттілік – бұл жалпы мәдениетті және оның кәсіби қызметтегі өзіндік көріністерін синтездейтін интегралды сапа.

Чанышева Г.Г. бұл мәселені мынада деп көреді: «ЖОО-ның көптеген жас педагогтары оқыту әдістемесін жақсы меңгерген, бірақ олар студенттермен және педагогикалық өзара іс-әрекеттің басқа да қатысушыларымен қарым-қатынас орнату және қолдау саласында әлсіз. Мұның көптеген себептері бар, бастысы – педагогикалық оқу орнында оқыту әдістемесі оқытылады, қарым-қатынас психологиясына, жас мұғалімдердің коммуникативті қабілеттерін дамытуға аз көңіл бөлінеді».[3]

В. А. Кан-Каликтің айтуынша, мұғалімнің коммуникативті қабілеті коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерді игеруді қамтиды. Мұғалімнің коммуникативтік дағдыларына мыналар жатады:

- эмоционалды байланыс орната білу, қарым-қатынаста бастама алу;
- өз эмоцияларын басқара білу;
- бақылау және назар аудару;
- әлеуметтік қабылдау, яғни сыртқы белгілер бойынша оқушының психологиялық жағдайын түсіну;

- студенттермен қарым-қатынаста «өзін көрсете» білу;
- вербалды (ауызша) және вербалды емес (ауызша емес) қарым-қатынас дағдылары және т.б.[4]

Коммуникативті құзыреттілік дегеніміз психологиялық өзі және басқалар туралы білім жүйесі деп түсініледі, қарым-қатынас дағдылары, әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлық стратегиялары, оның мақсаттары мен жағдайларына сәйкес тұлғааралық қарым-қатынасты құруға мүмкіндік береді. Құзыреттілік құрамына когнитивті (бағдарлау, психологиялық білім және перцептивті қабілеттер), эмоционалды (әлеуметтік көзқарастар, тәжірибе, жеке қарым-қатынас жүйесі) және мінез-құлық (дағдылар) компоненттері, сондай-ақ кәсіби қарым-қатынастағы коммуникативтік құзыреттілік ерекшеліктері кіреді.[5]

Болашақ мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі критерийлерін ұсынуға болады:

- сөйлеудің коммуникативті құзыреттілігін дамыту;
- ақпараттық-коммуникативтік үдерісті басқару білігі, іскерлігі және дағдылары;
- ақпаратты табу, оны құрылымдау, педагогикалық үдерістің ерекшеліктеріне бейімдеу біліктері, іскерліктері мен дағдылары;
- білім беру мәселесін әр түрлі ақпараттық-коммуникативтік тәсілдермен тұжырымдау білігі, іскерлігі және дағдысы;

- вербалды емес қарым-қатынас саласындағы білім, дағдылар және т.б.

«Педагогтың кәсіби құзыреттілігі» заманауи феноменінің мәнді-мазмұнды негіздерін аша отырып, С. С. Савельева өзінің монографиясында[6] коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын тұжырымдады:

- жеке тұлғаның субъективтілігіне бағдарлау;
- өзін-өзі тану және өзін-өзі іске асыру қабілеті;
- шығармашылық орта құру;
- рефлексиялық қызметке ынталандыру;
- білім беру процесін диалогтандыру.

Жоғарыда көрсетілген шарттарды орындау барысында біз болашақ мұғалімдердің коммуникативті құзыреттіліген қалыптастыра аламыз. Яғни, «Ел ертеңі – білімді жастар!»[7] демекші, болашақ ұрпақтың коммуникативтік дағдылары мен сөйлеу мәдениетін дамыту үшін құзыретті педагогтарды дайындау біздің міндетіміз.

Осыдан, студенттердің коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатымен Павлодар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттеріне психодиагностикалық тест өткізілді. Жалпы қатысушылар саны 30 студент: 21 – әйел адам, 9 – ер адам.

Психодиагностикалық зерттеу үшін Ю. З. Гильбухтың аудармасы мен бейімделуінде жасалған Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» анықтау тесті пайдаланылды.[8] Оның мақсаты: коммуникативтік құзыреттілік деңгейін және негізгі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру сапасын анықтау. Бұл тест – жетістік тестінің бір түрі, яғни дұрыс жауабы бар тапсырма түріне негізделген. Тест тәуелді, құзыретті, агрессивті позицияға сәйкес келетін мінез-құлықтың кейбір анықтамалық нұсқасын ұсынады. Сауалнамада 27 коммуникативтік жағдайдың сипаттамасы бар. Әр жағдайға 5 мүмкін мінез-құлық берілген, және олар 10 дағды блогына топтастырылған. Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» анықтау тесті бойынша нәтижелер кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1. Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» тесті бойынша эксперименталды топтың нәтижелері

№	Студент	Мақтау	Әділ сын	Әділсіз сын	Арандат ушы	Өтініш	Өтініштен бас	Қолдау көрсету	Қолдауды	Бірінші контакт	Байланысу	Жалпы
1	Ер	т	т	т	т	к	т	к	к	т	т	Тәуелді
2	Ер	к	к	т	т	к	т	к	к	к	к	Құзыретті
3	Әйел	т	к	т	к	а	к	т	а	к	к	Құзыретті
4	Әйел	т	т	т	т	к	т	т	к	к	т	Тәуелді
5	Әйел	к	к	к	к	к	к	к	к	к	к	Агрессивті
6	Ер	к	к	т	к	к	т	к	к	к	к	Құзыретті
7	Ер	к	т	к	к	к	т	к	к	к	к	Құзыретті
8	Әйел	к	т	т	т	т	к	т	т	т	т	Тәуелді
9	Әйел	к	а	к	а	а	к	т	т	к	а	Агрессивті
10	Әйел	к	к	к	к	т	а	к	к	к	т	Агрессивті
11	Әйел	к	к	к	к	к	к	к	к	к	к	Құзыретті
12	Ер	а	т	а	к	а	а	к	т	к	к	Агрессивті
13	Ер	к	а	а	к	а	а	к	к	т	а	Агрессивті
14	Әйел	т	т	к	а	т	т	т	к	т	т	Тәуелді
15	Әйел	к	т	т	т	т	к	т	т	т	т	Тәуелді

16	Әйел	т	т	к	а	т	т	т	к	т	т	Тәуелді
17	Әйел	к	к	к	к	к	к	к	к	к	к	Құзыретті
18	Әйел	к	к	т	т	к	т	к	к	к	к	Құзыретті
19	Әйел	к	т	т	т	т	к	т	т	т	т	Тәуелді
20	Әйел	к	к	а	а	к	к	к	к	а	к	Құзыретті
21	Әйел	к	к	т	к	т	к	к	к	т	к	Құзыретті
22	Ер	т	т	к	т	а	т	т	т	т	к	Тәуелді
23	Әйел	а	а	к	а	к	а	к	к	а	а	Агрессивті
24	Әйел	к	т	к	к	к	т	к	к	к	к	Құзыретті
25	Әйел	т	к	т	т	т	т	к	т	т	т	Тәуелді
26	Ер	к	т	к	к	к	т	к	к	к	к	Тәуелді
27	Әйел	к	к	к	к	к	к	к	к	к	к	Агрессивті
28	Әйел	т	к	т	т	т	т	к	т	т	т	Тәуелді
29	Әйел	к	к	к	а	к	к	т	т	к	к	Құзыретті
30	Ер	т	к	т	т	т	т	к	т	т	т	Тәуелді

Кестеде көрсетілген дағдылар блогы:

1. Мақтау – біреудің істеген ісіне, еңбегіне жоғары баға беру, мақтауды, комплименттерді қабылдау және көрсете білу қабілеті.
2. Әділ сын – әділ сынға жауап беру.
3. Әділетсіз сын – әділетсіз сынға жауап беру.
4. Арандатушы – әңгімелесушінің тарапынан арандатын, қоздыратын мінез-құлыққа жауап бере алу.
5. Өтініш – құрдастарына өтінішпен жүгіне алу мүмкіндігі.
6. Өтініштен бас тарту – біреудің өтінішінен бас тарту, «жоқ» деп жауап беру мүмкіндігі.
7. Қолдау көрсету – басқаларға жанашырлық, қолдау көрсете білу.
8. Қолдау қабылдау – құрдастарының жанашырлығы мен қолдауын қабылдай мүмкіндігі.
9. Бірінші контакт – басқа адаммен бірінші байланыс орната білу, байланысқа түсу.
10. Байланыс – басқа адамның сізбен байланысқа түсу әрекетіне жауап қайтару.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес қатысқандардың ішінде 40% коммуникативтік дағдылардың тәуелді позициясын, 36% құзыретті позициясын, 24% агрессивті позициясын қолданады. Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» тесті бойынша нәтижелерін қорытындылай келе, зерттеу тобы құзыретті позицияны қолданатындар саны 36% көрсетті. Осыдан, коммуникативтік дағдыларды дамыту қажеттілігінің бірінші себебін көре аламыз.

Біздің жұмысымызда коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың негізгі әдісі ретінде әзірленген тренингтік бағдарлама қолданылды.

Зерттелген компоненттерді ескере отырып, біз олардың дамуына көмектесетін әр түрлі жаттығулар, әдістер мен тәсілдерді таңдадық. Тренинг бағдарламасын әзірлеу кезінде біз оқытудың кәсіби маңызды сапасы ретінде коммуникативтік құзыреттілікті дамытуды мақсат еттік.

Нәтижесінде әзірленген бағдарлама өзіне: коммуникация техникасын игеруге, эмоцияны тануға бағытталған жаттығуларды қамтиды. Сонымен қатар, бағдарламаға студенттерге эмоционалды жағдайларды реттеу әдістерімен таныстыратын материалдар енгізілген. Алған білімді бағалау үшін іскерлік ойындар мен дискуссиялық сұрақтарды талқылау ұсынылды.

Бұл бағдарлама адамдардың ортақ мақсатқа жету процесінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін дағдыларды табуға көмектеседі. Олар сізге қажетті дағдыларды қолдану арқылы өзара әрекеттесуді орнатуға, сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама болашақ мұғалімдерге де, қарым-қатынас дағдыларын арттырғысы келетін тәжірибесі бар мұғалімдерге де бағытталған.[9]

Тренинг бағдарламасы келесі компоненттерден тұрады:

- Мотивациялық компонент
- Коммуникативті компонент
- Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік
- Коммуникативті компонент
- Эмоционалды компонент

Қорытындылай келе, жүргізілген түзету-дамыту жұмысы жан-жақты зерттеліп дайындағандықтан, қатысушыларға қызық болды, әрі олар өзін белсенді көрсеткенін байқай аламыз. Бағдарлама болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыра алатына көз жеткіздік.

Қорытынды зерттеу жасау негізінде Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» анықтау тесті пайдаланылды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес қатысқандардың ішінде 17% коммуникативтік дағдылардың тәуелді позициясын, 70% құзыретті позициясын, 13% агрессивті позициясын қолданатынын байқадық.

Л. Михельсонның «коммуникативтік дағдылар» тесті бойынша нәтижелерін қорытындылай келе, түзету-дамыту жұмысына дейінгі зерттеу қарағанда зерттеу тобында прогресс байқалды. Яғни, студенттердің позициялары тәуелді-агрессивтіден құзыреттікке ауыстырылып, коммуникативтік құзыреттілік деңгейінің артқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында жүргізілген психологиялық және педагогикалық талдау болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Ал, зерттеудің нәтижелері болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін анықтау үшін пайдалануға болады. Осы зерттеуді жүргізу кезінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тиімді психоәлеуметтік бағдарламалар болашақта педагогикалық университеттерде қолданылуы оқыту процессіне өзінің зор үлесін қосатынына кәміл сенеміз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
2. Шерьяданова Х.Т., Марданова Ш.С., Казахский государственный женский педагогический университет Психология общения в подготовка специалистов в высшей школе 2015 г статья
3. Чанышева Г. Г. Формирование и развитие коммуникативных способностей будущих юристов : Дис.... д-ра пед. наук : 13.00.01 Казань, 2005 522 с. РГБ ОД, 71:06-13/49, 16-с
4. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении: кн. для учителя. М.: Просвещение, 1987. 245 с.
5. Руль Л.И. Формирование коммуникативных умений в становлении личности будущего педагога. [Электронный ресурс]: Сборник «Воспитание и его роль в становлении специалиста». Материалы конференции и чтений. Режим доступа: <<http://avpu.pomorsu.ru/proect/sbornik2005/index.htm>>
6. Савельева С.С. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности учителя в образовательном процессе вуза: монография / С.С. Савельева. – Воскресенск:Позитив, 2012. – 220 с.
7. Назарбаевтың Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: «Жастар жылы» бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
8. Электронный ресурс // <[a href="https://www.psyoffice.ru/3-2-praktikum-00267.htm" target="\\_blank">Тест коммуникативных умений Михельсона](https://www.psyoffice.ru/3-2-praktikum-00267.htm)</a>
9. Попова Евгения Робертовна, Электронный ресурс // Развивающая программа «Развитие коммуникативной компетенции молодых педагогов», Номер материала: ДВ-111308; 31.10.2015 – 9 с.

## МЕТАЛДАРДЫ КОРРОЗИЯДАН ҚОРҒАУДАҒЫ ИНГИБИТОРЛАРДЫҢ РӨЛІ

АМАНЖОЛ Жұлдыз Ербатырқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

zhulyaaaa@mail.ru

### Аңдатпа

Коррозия ингибиторларын оттегіні немесе басқа да иондарды байланыстырушы төзімді жабындар мен химиялық қосылыстар жасау үшін қолданып, олар айналымдық су жүйелеріндегі және т.б. жабындар жасау үшін композициялардағы қоспа қызметін атқарады. Осыған орай, мақалада қышқыл және бейтарап орталардағы болаттың коррозиялану ингибиторлары ретінде амин- және фосфатқұрамдас органикалық қосылыстарды зерттеу мәселесі қарастырылған.

Қазіргі кезде металдарды коррозиядан қорғау келесі әдістерге негізделеді: конструкциялық материалдардың химиялық кедергісін арттыру, металл бетін қатаң орталардан оқшаулау, өндірістік ортаның қатаңдығын төмендету, сырттай тоқ жүргізу арқылы коррозияны төмендету (электрхимиялық қорғау). Осы әдістердің екінші тобы қажет жағдайда пайдалану шарттарының өзгерісі кезінде бұйымның ең төменгі коррозиясын қамтамасыз ететін қорғаудың жаңа режимдерін жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, топырақ қатаңдығына байланысты құбыр жолдарының түрлі учаскелерінде катодтық тоқтың түрлі тығыздығын ұстауға немесе құрамы сондай құбыр арқылы айдалатын мұнайдың түрлі сорттары үшін алуан ингибиторларды қолдануға болады [1].


Мақалада органикалық текті амин- және фосфатқұрамдас ингибиторларды қолданып, коррозиялық үдерістердің тежелуін зерттеу қарастырылады.

Зерттеу материалдары рөлін Ст.3 болатынан жасалған пластик пішініндегі үлгілер атқарды. Жұмыста  $\text{Na}_2\text{S}$  және  $\text{NaCl}$  тұздары қолданылды. Модельдік коррозиялық орта ретінде  $5 \cdot 10^{-3}$  моль/л  $\text{H}_2\text{SO}_4$  ертіндісі (фон) қолданылды, сонымен қатар сынақ 1-3 %-дық  $\text{NaCl}$  сулы ертіндісінде,  $\text{NaOH}$  пен 1-3 %-дық  $\text{Na}_2\text{S}$  ертіндісінде жүргізілді. Ст.3 маркалы болаттан дайындалған электродтар келесі құрамға ие болды, %: Fe = 98,36; C = 0,20; Mn = 0,50; Si = 0,15; P = 0,04; S = 0,05; Cr = 0,30; Ni = 0,20; Cu = 0,20.

Зерттеу нысандары болып түрлі концентрациялар, температуралар мен орталар кезінде синтезделген ИКА-1 және ИКА-2 ингибиторлары табылды. Болат (Ст.3 маркалы) үлгілердің коррозиялық өзгерісіне тұзды орталар мен ингибиторлар әсерін коррозиялық сынақтан кейін үлгілер массасының кемуі бойынша гравиметриялық түрде, поляризациялық қисықтар мен поляризациялық кедергі әдісімен анықталды [2]. Коррозияланған болат бетіне ингибиторлар әсері электрхимиялық әдіспен зерттелді.

Түрлі концентрациялар мен температуралар кезінде амин-, азот- және фосфорқұрамдас ИКА-1, ИКА-2 ингибиторлары қатысында қышқыл және бейтарап орталарда болат электродтың поляризациялық қисықтары ПР-8 программаторымен ПИ-50.1.1 потенциостатында және ПДА-1 потенциометрінде зерттелді. Эксперименттер жүргізу кезінде жұмысшы электрод ауданы болаттың белсенді еру облысындағы потенциостат пен максималды тоқтар (i) мүмкіндіктерінен алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қоспасыз (1,1:) және ИКА-1 (2,2:), ИКА-2 (3,3:) ингибиторларының қоспалары бар  $3 \cdot 10^{-3}$  моль/л  $\text{H}_2\text{SO}_4$  ертіндісіндегі Ст.3 болатынан жасалған электродтың коррозиялық-электрхимиялық әрекет нәтижелері 1 суретте көрсетілген.




1 сурет – Қоспасыз (1,1:) және ИКА-1 (2,2:), ИКА-2 (3,3:) қоспалары бар  $3 \cdot 10^{-3}$  моль/л  $H_2SO_4$  ертіндісінде алынған поляризациялық тәуелділік


Қоспасыз және ИКА-1, ИКА-2 қоспалары бар фондық ертіндіде потенциостат көмегімен алынған анодтық және катодтық поляризациялық тәуелділіктер қышқыл ( $H_2SO_4$ ) ертіндісінде азот-, амин- және фосфатқұрамдас ингибиторлар болуының фонмен (1 сурет, 1,1: қисықтары) салыстырғанда поляризациялық тәуелділіктер (1 сурет, 2,2:3,3: қисықтары) барысын түбегейлі өзгертетіндігін көрсетеді. ИКА-1 (2 қисық) қатысындағы анодтық поляризациялық тәуелділіктің тоқ ( $I$ ) тығыздығы фонмен салыстырғанда зертелуші потенциалдардың бүкіл облысында іс-жүзінде кемиді. ИКА-2 анодтық тоқ тығыздығы біршама кемитін (2 қисық) кішігірім анодтық поляризациялық облыстағы (-0,18÷0 в) анодтық үдеріс жылдамдығына қатты әсер етеді. Сонымен, - 0,18 в потенциал кезінде фондық ертіндідегі тоқ тығыздығы - 2,68 құрап, ИКА-2 қатысында -3,98-ге дейін, ал ИКА-1 қатысында -3,24  $mA/cm^2$ -қа дейін төмендейді. Катодтық поляризация кезінде (1, 2, 3 қисықтар)  $H_2SO_4$  ертіндісіне ИКА-1 қосу ИКА-2 салыстырғанда жоғары дәрежеде тоқ тығыздығын ( $I$ ) кемітеді. -1,0 в потенциал кезінде фондық ертіндідегі катодтық тоқ тығыздығы -2,08  $mA/cm^2$ -ты құраса, ИКА-1 және ИКА-2 қатысында ол сәйкесінше -2,52 және -3,48  $mA/cm^2$ -ге дейін кемиді. Осылайша, келтірілген нәтижелер қышқылдық ( $H_2SO_4$ ) ортада Ст.3 болатындағы коррозиялық үдерістерге ИКА-1 және ИКА-2 әсері мен оларды , ертіндіге қосудың екі электродтық реакцияны да – болат еруінің анодтық реакциясы мен деполяризатор тотықсыздануының катодтық реакциясын тежейтіндігін көрсетеді [3].

Қоспасыз (1) және ИКА-1 (2), ИКА-2 (3) қоспаларынсыз  $3 \cdot 10^{-3}$  моль/л ертіндісі мен NaCl,  $Na_2S$  ертінділеріндегі Ст.3 төменкөміртекті болаттан жасалған электрод әрекеті 2 және 3 суреттерде көрсетілген.


Төменкөміртекті Ст.3 болатына қатысты 1,0 % ИКА-1 ертіндісі қалған ингибиторлармен салыстырғанда әлсіз қышқылдық және әлсіз сілтілік орталарда барынша тиімді әсер етеді. Бұл жағдайды 3 суретте ұсынылған Ст.3 болатының поляризациялық қисықтары көрсетеді. Жоғарыда қарастырылған ингибиторлар жағдайында бұл ингибитор негізінен болаттың анодтық еруін кеміте отырып, катод бетінде жүретін катодтық реакцияны анағұрлым баяулатады.



2 сурет – ИКА-1 (2 қисық) және ИКА-2  $1 \cdot 10^{-3}$  моль/л суы қатысында фондық ертіндідегі болаттық электродтың поляризациялық қисықтары




3 сурет – ИКА-1 (2 қисық) және ИКА-2 (3 қисық)  
1·10<sup>-3</sup> % Na<sub>2</sub>S ертіндісі қатысында фондық ертіндідегі



болаттық электродтың поляризациялық қисықтары

4 сурет – 1М Na<sub>2</sub>S-дегі коррозия жылдамдығы:  
Ингибиторлар концентрациясы 10<sup>-2</sup> М. 1. Фон; 2-10<sup>-2</sup>М ИКА-2 ертіндісі



5 сурет – 1М Na<sub>2</sub>S-дегі коррозия жылдамдығы:  
Ингибиторлар концентрациясы 3·10<sup>-2</sup> М:1.  
Фон; 2-3·10<sup>-2</sup> ИКА-1 ертіндісі; 3-3·10<sup>-2</sup> М ИКА-2 ертіндісі

4 және 5 суреттерде ИКА-1 және ИКА-2 ингибиторларының концентрациясына бірінші Na<sub>2</sub>S ертіндісіндегі Ст.3 болатының коррозия жылдамдығы тәуелдігін зерттеу нәтижелері келтірілген. Бірінші Na<sub>2</sub>S ертіндісінде ИКА (4 сурет, 2 қисық) жоғары ингибиторлық әсерін көрсетеді. 4 суретте коррозия жылдамдығының 0,33 г/(м<sup>2</sup>·сағ) дейін шұғыл төмендейтіндігі байқалып, осыдан кейін оның біршама ұлғаюы жүреді. Мұны қосылатын 5 суреттегі (3·10<sup>-2</sup> м) ИКА-1 және ИКА-2 ингибиторларының біршама жоғары концентрациясы кезінде атап өтуге болады.

Бұл материал бетінде еруі әркелкі жүретін көптеген фазалардың орналасуымен байланысты болуы мүмкін. Біршама уақыт өткеннен кейін бетте орналасқан нанокристалдар толықтай еріп, коррозия үдерісі біркелкі болады. Бірінші Na<sub>2</sub>S ертіндісіндегі Ст.3 болатының коррозия жылдамдығының 3-4 сағаттан кейін тұрақтануын ортаның барынша жоғары қатандығымен және біршама жоғары коррозия жылдамдығымен түсіндіруге болады. Коррозия жылдамдығы бойынша мәліметтер түрлі (қышқыл және бейтарап) орталардағы алынған тежелу коэффициенттерінің мәнімен келіседі.

Алғашқы Na<sub>2</sub>S ертіндісіндегі ИКА-1 және ИКА-2 ингибиторлары концентрациясын үш есе ұлғайту коррозия жылдамдығының максималды мәнін 42,5-тен 28,5 г/(м<sup>2</sup>·сағ) дейін кемітеді (5 сурет). Сынақтың алғашқы сағаттарында коррозия жылдамдығының кішігірім ауытқуы орын алып, осыдан



кейін коррозиялық шығын мәндрері теңеліп, 5,8 г/(м<sup>2</sup>·сағ) жетеді. Na<sub>2</sub>S ертіндісіндегі ИКА-1 ингибиторы өзін Ст.3 болатының күкіртсутектік коррозиясының барынша тиімді ингибиторы ретінде көрсетеді.

Осылайша, қышқыл және бейтарап орталардағы коррозиядан Ст.3 болатын қорғау үшін ИКА-1 және ИКА-2 ингибиторларын, ал күкіртсутектік орталар үшін ИКА-1 ингибиторын ұсынуға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Вигдорович В.И., Синютина С.Е. Универсальный ингибитор коррозии и наводораживания углеродистой стали Ст.3. в средах, содержащих H<sub>2</sub>S и CO<sub>2</sub> // Вестник ТГТУ, 2008, Т.14. – №1.
2. Осербаева А.К., Холиков А.Ж., Акбаров Х.И. Защитные свойства ингибиторов, содержащих amino- и фосфатные группы // Композиционные материалы. 2012, – №3.
3. Осербаева А.К., Калядин В.Г., Акбаров Х.И. Защитные свойства ингибиторов коррозии стали содержащих amino- и фосфатные группы // Узбекский химический журнал. 2013, - № 2.

#### «CLIL» ӘДІСІ ХИМИЯНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ АНДЕЕВА Айдана Калжигитовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан  
andeeva95@list.ru

#### Аңдатпа

Мақала жекелеген жаратылыстану-ғылыми пәндерді (химия) ағылшын тілінде оқытуға өтуге арналған. Мұнда авторлар химия және ағылшын тілі пәндерінің пәнаралық интеграциясын жүзеге асырудың дидактикалық жағдайларын, нысандары мен әдістерін қарастыра отырып, сабақтарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар береді.

Заманауи қазақ қоғамы бүгінде рухани жаңғыруымен және осы жаңғыру процесінде жетекші позицияға ие әлемдік интеграциялық процестерге ұмтылысымен сипатталады. Ұлттық даму стратегиясына сай, жекелеген жаратылыстану (химия, биология, физика және информатика) пәндері ағылшын тілінде оқытыла бастады [1]. Жаратылыстану-математика циклінің әрбір пәнін көптілді оқыту ортасын құруда коммуникациялық тәсілдер дидактикалық негіз ретінде оқушылардың сөйлеу қызметін дамытудың жетекші қағидасы болып қарастырылады. Бұған әртүрлі оқу жағдайларында білім мен дағды алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс пайдалану кіреді.

Білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасының негізгі идеясы оқыту неғұрлым дараландырылған, функционалдық және тиімді болуы тиіс деген ережені көздейді.

Мектеп пәндерінің арасында химия ерекше орын алады. Химия негіздері – элементтер, заттар, оларды қайта құру процестері мен тану әдістері туралы жалпы білім.

Дидактика қағидаларына сәйкес химияны оқытудың жалпы мақсат-міндеттері қалыптасып, оқу есептерін шешу әдістері мен құралдары таңдалады. Қазіргі заманғы оқыту өзінің идеясы бойынша белсенді оқыту әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың өзіндік танымын арттыруды қарастырады.

Сондықтан қазіргі білім беру процесінің мәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жаңа, әрі неғұрлым тиімді технологияларды іздестіруден тұрады [2]. Заманауи жаңа стандарт пәндерді пәнаралық интеграциялау арқылы қажетті нәтижеге жету бойынша жалпы бағытты білдіретін жүйе ретінде полимәдениеттік білім беруге бағытталған.

Ғылыми білімнің интеграциясы болашақта мамандарға жаңа талаптар қояды. Практикалық тұрғыдан интеграция пәнаралық байланыстарды күшейтуді, оқушылардың шамадан тыс жүктелуін төмендетуді, олардың өздері алатын ақпарат саласын кеңейту мен оқуға деген ынтасын нығайтуды көздейді.

Тілдік курстар пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту мен пәнаралық байланыс әдісін пайдалана отырып, қазіргі заманғы сабақ құруға, сондай-ақ теориялық зерттеулер мен практикалық іс-әрекеттегі ғылыми білімді интеграциялауға, пәнді оқытуда барынша тиімділікке қол жеткізу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалануда қазіргі мұғалімге тән жаңа интерактивті ойлау тәсілін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда тілдік курстарды аяқтаған педагогтарға пәндік-тілдік оқыту әдісін қолдану кезінде материалдарды іріктеуді жүзеге асыру қажет, яғни олардың мақсатын айқындау, зерделенген материал

мазмұнын қайта қарау, алға қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес оқытуды ұйымдастыру әдістерін, құралдары мен нысандарын таңдау, нәтижені болжау маңызды. Пәнді ағылшын тілінде оқытатын және пәндік-тілдік оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдер ағылшын тілін тиісті деңгейде меңгеруі тиіс, бұл ретте ағылшын тілінде сөйлеу стилінің ғылыми деңгейіне ерекше назар аудару қажет.

Пәндік-тілдік оқытудың әдістемелік тәсілдерін енгізбес бұрын химия мұғалімдері оқушылардың тілдік дайындық деңгейін анықтау керек. Ал бұл үшін тілдік мақсаттарды қою мақсатында олар өз сыныптарындағы ағылшын тілі сабағына барып, пән мұғалімімен тығыз байланыста болуы қажет. Мұғалімдердің мұндай ынтымақтастығы сыныпта қолайлы білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Сабаққа дайындық кезінде химия пәнінің мұғалімінің іс-әрекеті келесі әрекеттерді қамтиды:

- пәндік-тілдік оқыту кезінде оқушылардың өз сабақтарында бақылау жасау;
- химия және ағылшын тілі пәндері бойынша әдістемелік әдебиеттермен жұмыс;
- пән бойынша оқылатын тақырыптық материалды түсіну үшін қажетті лексикалық минимумды іріктеу;

- Пән бойынша жаңа тақырыптық сөздерді енгізу үшін әдістемелік тәсілдерді таңдау;
- оқушылардың пәндік және тілдік дайындығын тексеру, сондай-ақ сабақта қойылған міндеттерді ескере отырып, пәндік-тілдік оқыту әдістерін, әдістемелік тәсілдерін, нысандары мен құралдарын таңдау;
- дидактикалық кеспе қағаздары, сондай-ақ қазақ (орыс) және ағылшын тілдерінде көрнекі материалдарды (иллюстрациялар, компьютерлік презентациялар, бейнематериалдар) дайындау;
- «Bilimlend» білім беру онлайн платформасын белсенді пайдалану;
- пәндік-тілдік оқытудың таңдалған әдістерін, әдістемелік тәсілдерін, формалары мен құралдарын қамтитын сабақтың жоспары мен конспектісін әзірлеу.

Сабақтағы пәндік-тілдік оқыту процесінде химия пәні мұғалімінің іс-әрекеті келесілер:

- пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту барысында оқушылар алдында олардың қызметінің алгоритмін ашу;
- ағылшын тілінде тақырыптық ақпаратты ұсыну (ауызша әңгіме, сұқбаттасу, жазбаша мәтін, бейне материал және т.б.);
- оқушының толыққанды жұмысы үшін химияны пәндік-тілдік оқытудың түрлі құралдарын: сөздік, дидактикалық кеспе қағаздар, салыстырмалы сызбалар, визуалды қолдау қағаздары және т.б. ұсыну,
- CLIL әдісін қолдану арқылы жұмыс барысында оқушыларға көмек көрсету;
- оқушылардың пәндік-тілдік жұмысының нәтижелерін тексеру;
- жұмыстың қорытындысын шығару.

Осылайша, химияны пәндік-тілдік оқыту процесін ұйымдастыру үшін мұғалім түрлі әдістерді, әдістемелік тәсілдерді, оқу қызметін ұйымдастырудың құралдары мен формаларын пайдалана алады. Өйткені заманауи сабақ – бұл білімді саналы игеру, оқушы тұлғасын дамыту мен оның адамгершілік негіздерін қалыптастыру үшін мүмкіндік беретін шеберхана. Сабақ қорытындысы бойынша мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, оқушының дайындық деңгейі туралы да сөз қозғалады. Бүгінгі күні мұғалім – жаңа білімді өз бетінше меңгеру мен игеруге бағытталған шығармашылық қызмет тәсілдеріне үйрететін тұлға, ал оқушы мұғаліммен қатар әр сабақтың мақсаты-міндеттерін қоюға қатысады, өз жұмысының жоспарын анықтайды, қойылған мақсаттарға жетудің құралдар-тәсілдерін таңдайды. Осылайша, заманауи сабақ оқушылардың өзін-өзі жетілдіруіне, олардың шығармашылық әлеуетінің сұранысқа ие болуына мүмкіндік беріп, баланы қазіргі қоғамда табысты өмірге дайындайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».
2. Қазіргі заманғы мектеп технологиялары-2 / Н.И. Запрудский. -Мин.: СэрВит, 2010. 252 б.

## ХИМИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДЕ АЛГОРИТМДІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

АСАН Әсел Бауыржанқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан  
aselya\_97.00@bk.ru

### Аңдатпа

Жаңа заман маманы күзiреттiлiктерiнiң негiзгi критерийлерiнiң бiрi ақпаратты табу, оны тексеру және нақты практикалық есептердi шешу болып табылады. Осы орайда, бұл мақалада химия сабағында есептер шығаруда алгоритмдiк әдiстердi қолдану жолдары қарастырылған.

Шынайы практикалық есептердi шешудегi бастапқы машық-дағдылар оқу үдерiсiнде оқу есептерiн шешу арқылы игерiледi. Шынайы мәселелiк жағдай моделi ретiндегi оқу есебi фактiлiк бiлiмдi қажеттi етiп, ойлауды дамытады, әмбебеп оқу әрекеттерiн, пәнаралық және метапәндiк байланыстарды қалыптастырады. Бiрақ та соңғы кездерi, әсiресе мектептiк жаратылыстану-ғылыми бiлiм беруде оқу үдерiсiнен сандық есептердi алып тастау беталысы байқалуда. Қазақстандағы бiлiм беру үдерiсiнде нашар меңгерiлiп, қолданбаған кезде жылдам жойылатын фактiлiк бiлiмдердiң ұлғаюы орын алуда. Мұндай терiс беталыс Ұлттық бiрiңғай тестiлеу (ҰБТ) сұрақтарының мазмұндық бөлiмiнде де көрiнiс тапқан. Айталық, химиядан әрбiр нұсқаның 43 тапсырмасы арасында тек 5 сандық есеп ғана кездеседi.

Соңғы уақытта қалыптасқан ахуалдың өзгеру беталысы байқалуда. Кейiнгi жылдары қабылданған бiлiм туралы заң негiзiнде әмбебеп оқу әрекеттерiн қалыптастыруды ұйғаратын жүйелiк-шығармашылық әрекет жатыр. Әрекет жүйелiлiгi сол әрекеттi жүйелеудi, әрi өтiлген материалды мұқият реттеудi ұйғарады. Кез-келген жүйелеу негiзiнде нысандарды жiктеу жатыр. Осылайша, оқу есептерiн жiктеу оқушылардың әмбебеп оқу әрекеттерiн қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады. Көптеген оқу есептерi бiреуi химия болып табылатын жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерде кездеседi.

Түрлi критерийлер бойынша есептер жiктемесiнiң ауқымды саны бар. Осы жiктемелердiң әрбiрi алуан-түрлi есептер нәпiрiнде құрылымдық айкындық берiп, оларды шешудi оқытуда, ал кейбiр жағдайларда шешу кезiнде көмегiн тигiзедi. Мектеп химия есептерiн жiктеудiң бiрнеше нұсқалары бар [1]. Бiрақ, осы жiктеме түрлерiмен оқушылардың танысуының сол есептердi шешу iсiндегi көмегi аз. Бұл белгiлi жiктеулер негiзiнде шешумен байланысты емес қағидалардың жатуы нәтижесiнде орын алады. Есептi шешуге оқыту үдерiсiндегi жоғары тиiмдiлiктi жағдайларға емес, оларды шешу барысына негiзделген жiктеулердi пайдалану кезiнде күтуге болады. Мұндай критерийлердiң бiрi ретiнде шешу кезiндегi әрекеттердi iске асыру бағытын таңдауға болады. Осы белгi бойынша барлық мектеп химия есептерiн үш типке бөлудiң сәтi түстi:


- 1) Бiрiздi-бұтақталған алгоритм бойынша шешiлетiн есептер;
- 2) Шешу кезiнде қарама-қарсы алгоритм қолданылатын есептер;
- 3) Шешiм сызбасы баламалы учаскелердi қамтитын есептер.


Осылардың әрбiрiн жеке қарастырайық.

#### *Шешудiң бiрiздi-бұтақталған алгоритмi*

Аталған алгоритм түрiнiң ерекше белгiсi болып жауапқа қарай бастапқы мәлiметтер әрекетiнiң бiрiздiлiгi табылады. Алгоритмнiң бұтақталу дәрежесi есептер қиындығы мен ондағы бастапқы мәлiметтер санына тәуелдi. Тек бiр ғана сандық мәлiмет қажет болған жағдайдағы қарапайым есептер үшiн тек бiр ғана шаманы табу қажет болып, бұл алгоритм бұтақтанусыз бiрiздi сипатты қабылдайды. Шарттарды қиындату мен ондағы бастапқы мәлiметтер санын арттыру кезiнде қажеттi әрекеттер саны ұлғайып, көбiнесе алгоритм бұтақталуы өседi. Есептiң бiрiздi-бұтақталған алгоритмiнiң мысалы 1 суретте көрсетiлген.

Есеп. Ыстық суда массасы 5,85 г натрий пероксидiн ерiткенде, оттегi бөлiнiп, 4%-дық сiлтi ертiндiсi түзiлдi. Натрий пероксидi судың қандай көлемiнде ерiтiлген?





1 сурет – Бірізді-бұтақталған алгоритм

*Қарама-қарсы алгоритм*

Қарама-қарсы алгоритм бірізді-бұтақталған алгоритм өте қиын, не қолдануға мүлдем болмайтын кезде пайдаланылады. Оның ерекше белгісі болып бір немесе бірнеше математикалық теңдеулерді құру мен шешу табылады. Мұндай алгоритм типін қолдану кезінде негізінен ізделінді шама әріптік түрде өрнектеледі. Ары қарай, осы шаманы белгілі шама ретінде қолдана отырып, бұл кезде есеп шартынан түрлі міндетті сандық мәліметтерді пайдаланып жүйе параметрлерінің бірін екі жолмен өрнектейміз. Түрлі жолдармен алынған бір параметр мәндерін бір-бірімен салыстыра отырып, шешімі енгізілген бастапқы шама мәнін беретін математикалық теңдікті (тоғысу нүктесін) аламыз.


Қарама-қарсы алгоритм жалпы сызбалық түрде 2 суретте ұсынылған.



2 сурет – Қарама-қарсы алгоритмнің жалпы көрінісі

Мұндағы «Б» параметрі тоғысу нүктесі болып табылады.

Есеп. Судағы 7%-дық NaOH ертіндісін алу үшін 2 грамм Na-ге қосылуы тиіс 3%-дық NaOH сулы ертіндісінің массасын анықтаңдар.




3 сурет – Есепті шешудің қарама-қарсы алгоритмі

### Баламалы алгоритм

Көптеген шынайы есептерде мұндай алгоритм түрі біршама күрделі бөлім болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі – біреуі ғана дұрыс жауапқа алып келетін шешімнің баламалы жолдарының болуы. Аталған алгоритм түрі артық – кем мөлшерді анықтауға арналған есептер үшін негіз болып табылады. Шешу кезінде қарама-қарсы алгоритм қажет есеп мысалы 4 суретте келтірілген.

Есеп. 8 г алюминийді 200 г 8%-дық тұз қышқылы ертіндісіне батырған кезде алынатын газ (қ.ж.) көлемін анықтандар.



4 сурет – Баламалы алгоритм

Аталған есеп шартын талдау кезінде бір-біріне баламалы екі нұсқа анықталады: алюминий және хлорсутек бойынша осы нұсқалардың біреуін ғана келтіреміз. Шешудің кейінгі барысы артықша алынған затты анықтауға тәуелді.

Баламалы алгоритм тек бір ғана есеп типіне ғана тиісті емес. Күрделі көпжолдық есептерде ол біршама ірі алгоритмнің құраушы бөлігі болуы мүмкін. Мұндағы біршама күрделі алгоритмдегі мұндай баламалы учаскелер шартта жазылған түрлі реакция теңдеулерінің санынан көп емес, бірнешеу болуы мүмкін.

Осы жіктеме оқушыларға есептерді шешу кезінде көмектесу үшін оның белгілерін анықтауға болатын белгілерді табу қажет. Бұл үшін келесі әрекеттер бірізділігі ұсынылады.

1) Бірінші кезекте, есеп шарты шешімнің баламалы алгоритмі пәнде талданады. Көптеген жағдайларда бұл артық-кемді анықтау есебі. Сондықтан баламалы алгоритмнің негізгі белгісі болып есеп шартында бір химиялық реакцияға бастапқы компоненттер ретінде қатысатын екі немесе одан да көп заттар мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің болуы табылады. Мұнда, осы критерий тұрғысынан шартта суреттелген барлық реакцияларды талдау қажет. Осылайша, шешу кезінде баламалы алгоритм қолданылатын есеп шарттары бір қарағанда артықша мәліметтерді қамтиды.

2) Ары қарай есепті шешу жоспары түріндегі толық графиктік сызбаны құру қажет [2]. Бұл үшін синтездік жол да, анализдік жол да қолданылады. Бұл үшін барлық бастапқы мәліметтер мен табылуы тиіс шамалар шартты түрде өрнектеледі. Осыдан кейін олардың арасында шешімнің бірізді-бұтақталған сызбасы құрылады. Бұл кезде сызбада есеп шешімін іздеудің алғашқы сатысында анықталған баламалы алгоритм учаскелерінің болу мүмкіндігін есепке алу қажет. Егер шарттағы бастапқы мәліметтер олардың жауапқа бірізді өтуі үшін жеткілікті болса, онда есеп бірізді-бұтақталған алгоритм бойынша шығарылады.

3) Егер, шарттағы бастапқы мәліметтер шешімнің бірізді-бұтақталған алгоритмін құру үшін жеткіліксіз болса, онда әріптік айнымалыны енгізе және математикалық теңдік құра отырып, қарама-қарсы алгоритмді қолдану қажет.

Осылайша, шартты талдау кезінде әрекетті жүзеге асыру бағыты бойынша есептің қандай типке жататындығын анықтауға мүмкіндік беретін негізгі белгі болып оның шартындағы мәліметтердің артықша, жеткілікті немесе шартты жеткіліксіздік табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ерыгин Д.П., Шишкин Е.А. Методика решения задач по химии. М., 1989.
2. Турчен Д.Н. Графические схемы при решении расчетных задач // Химия в школе. 2010. № 6.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**БАРИМБЕКОВА Айнагул Нурсултановна, ЖАКУПОВА Гульжан Телеубаевна**

Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Талдықорған, Қазақстан

barimbekova\_a@tk.nis.edu.kz, zhakupova\_g@tk.nis.edu.kz

**Аннотация**

Функционалды сауатты тұлғаның бойында әлемде өзіне өзі бағдар бере алу және қоғамдық құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет етету дағдылары қалыптастыру мұғалімнің негізгі міндеті болып табылады. Оқушылар күнделікті өмірде негізгі дағдыларды өз білімдері арқылы қабылдайды, күрделі тапсырмаларды құзыреттіліктеріне сүйене отырып шешеді, оқушылардың қазіргі кездегі өзгермелі жағдайларға бейімделуіне белгілі мінездер арқылы жетеді, осыған орай ХХІ ғасыр дағдылары қалыптасады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша оқу мақсаттарына негізделген шығармашылық тапсырма үлгілері ұсынылады.

Бүгінгі күнде минут сайын ақпараттар өзгеріп отырған заманда оқушыларға да жоғары талаптар қойылуда, соның бірі – функционалды сауаттылық. Функционалды сауаттылық адам іс-әрекетінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің шешу жолдарын табу үшін өмірде үнемі алған барлық білімді, дағдыларды пайдалану мүмкіндігі ретінде қажет. Функционалды сауатты тұлғаның бойында әлемде өзіне өзі бағдар бере алу және қоғамдық құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет етету дағдылары қалыптастыру мұғалімнің негізгі міндеті болып табылады. Функционалды сауатты тұлға – адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, белгілі бір қасиеттер мен негізгі құзыреттерге ие, жан-жағын зерттеп, тани білетін дербес адам.

**Функционалды сауаттылық құзыреттіліктері:**

- ақпаратты, ережелерді, принциптерді білу; өмірдің әртүрлі салаларындағы стандартты есептерді шешудің когнитивтік негізін құрайтын жалпы түсініктер мен дағдыларды меңгеру;
- өзгермелі әлемге бейімделу қабілеті; қайшылықтарды шешу, ақпаратпен жұмыс істеу; іскерлік хат алмасуды жүргізу; өмірде жеке қауіпсіздік ережелерін қолдану;
- қазіргі әлемнің құндылықтары мен нормаларын қабылдауға дайын болу; өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өмір ерекшеліктерін қабылдау; саналы таңдау негізінде білім деңгейін көтеру.

Оқушылар күнделікті өмірде негізгі дағдыларды өз білімдері арқылы қабылдайды, күрделі тапсырмаларды құзыреттіліктеріне сүйене отырып шешеді, оқушылардың қазіргі кездегі өзгермелі жағдайларға бейімделуіне белгілі мінездер арқылы жетеді, осыған орай жиырма бірінші ғасыр дағдылары қалыптасады.

**ХХІ ғасыр дағдылары:**

1. тілдік сауаттылық
2. математикалық сауаттылық
3. ғылыми сауаттылық
4. АКТ сауаттылығы
5. қаржылық сауаттылық
6. мәдени және азаматтық сауаттылық
7. сыни ойлау/мәселелерді шешу
8. креативтілік
9. коммуникативтілік
10. ынтымақтастық
11. қызығушылық
12. бастамашылдық
13. табандылық
14. бейімделушілік
15. көшбасшылық
16. әлеуметтік және мәдени құзыреттілік.

Жоғарыда аталған оқушының XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру үшін оқушылар жаңа материалды меңгеру процесінің белсенді қатысушылары болуы керек. Оқу процесі оқушының дербестігін және оның қызметінің нәтижелеріне жауапкершілігін дамытуға бағытталуы шарт. Сабак оқушылардың шығармашылығын, креативтілігін, сыни ойлауын дамытуға негізделеді.

Шығармашылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі			
Қиялды дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмалар	Дивергентті типтегі шығармашылық тапсырмалар	Ойлау икемділігін дамытатын шығармашылық тапсырмалар	Ерекше ойлауды қабілетін дамытатын шығармашылық тапсырмалар
Жансыз затты сөйлету	Мәтінді түсіндірудегі түрлі көзқарастар	Ассоциация	Көркем экспрессивтіліктің ерекше құралдарын іздеу
Мазмұндағы ертегі мен фантастикаға тән сипаттамалар	Мәселеге деген сенім көзқарасын	Салыстыру	Ақпаратты модельдеу
Метафора мен тенеулерді ойлап шығару	Әлемге сырт көзбен қарап көр	Аналогтар	Ережені шифрлау
Жұмбақтар құрастыру	Өнертапқыштық міндеттер		«Пайдалы» кәсіптер

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқу мақсаттарына негізделген шығармашылық тапсырма үлгілері

**Оқу мақсаты.** Т4. Көркем шығармаларды тыңдау. Көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау.

**Тыңдалымды тапсырмасы. Жеке жұмыс. Ой қозғау.** Оқушылар «Саятшылық кәсіп пе немесе қызығушылық па?» деген сұраққа жауап береді, өз ойларын айтады.

**Топтық жұмыс.** Суреттер арқылы оқушылар үш топқа бөлінеді.



**Тыңдалым тапсырма:**

- Мәтінді бірінші рет тыңдап, мәтін мазмұнын түсініп, топта талқылайды.
- Өңгімені бөлімдерге бөліп, ат қояды.
- Екінші рет тыңдағанда онда көтеріліп жатқан мәселені түсінеді, төмендегі кестені толтырады.
- Басқа топтармен бөліседі, өзара баға береді.

*Тақырыбы*

*Идеясы*

*Көтерілген мәселе*

*Оқушы ойы*

**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.**

Топтар оқиғаның желісі бойынша сурет салады, қорғайды, өзіндік сыни бағалау жүргізеді.

**Оқу мақсаты.** А1. Сөздік қорының алуандығы. 8. А1 Тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау.

**Жұптық жұмыс.** «Шаштараз, мұғалім, дәрігер, инженер, құрылысшы» сөздері арқылы оқушылар жұпқа бөлінеді.

**Айтылымалды тапсырмасы.**

Сынып қабырғаларына тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер ілінеді. Оқушылар аралап жүріп оқиды, танысады, кесте толтырады, таныс емес сөздер тізбегін жасайды, жұптар мұғаліммен бірлесе жұмыстарын тексереді.

<b>Теңеу</b>	<b>Эпитет</b>	<b>Тұрақты тіркестер</b>	<b>Мақал-мәтелдер</b>
Таудай бармақтай бақ	талап, Ерен еңбек	Айды аспанға шығарды	Бейнет түбі - зейнет

**Айтылым тапсырмасы.**

1. Оқушылар жоғары сұранысқа ие мамандықтар туралы бейнефильм тамашалайды. Бейнефильм сюжетін негізге ала отырып, «Жоғары сұранысқа ие мамандықтар» тақырыбында диалог құрастырады. Диалогта тақырыпқа сай теңеу, эпитет, тұрақты тіркес пен мақал-мәтел қолданулары керек. Критерийге сәйкес жұптар өзара бағалау жүргізеді.

**Оқу мақсаты.** А4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау. 8. А4 Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.

**Әр оқушыға жеке мәтін беріледі.**

**1-тапсырма**

1. Ұсынылған мәтінді оқиды.
2. Бір-біріне мазмұндайды.
3. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтайды.

**А мәтіні**

**Астаналық кәсіпкер – Жәнібек Сәрсембаев**

Алғашында пиццерия ашқым келген еді. Оған ата-анам қарсы болған соң ашпадым. Кейін бір жыл бойы қандай бизнес ашуға болатындығын ойланып жүрдім. Бір күні аяқ астынан интернеттен белдік жасау туралы видеоны көрдім. Ол маған өте қатты ұнады. Жасап көріп, қызыққаным соншалықты керекті жабдықтарды қолдан қалайша жасалатынын түсімде көре бастадым. Қазақстанда және Астанада жеңіл өнеркәсіпке қажетті құралдар жоқ, әсіресе былғарымен жұмыс істеуге арналған құралдар. Мысалы, түсімде шанышқыдан қалайша құрал жасауға болатынын көрдім. Алдымен өзіме белдік жасап, суретті Instagram желісіне жарияладым. Адамдарға ұнады. Кейін екінші белдік жасап, оны да жарияладым.

Менің алғашқы клиентім 6000 теңгеге екі белдік алған көршім болды. Жақында оны көрдім, екі жыл өтсе де, ол әлі белдіктерді тағып жүр. Одан кейін достарым мен туыстарым тапсырыс бере бастады. Осылайша адамдар мені танып, маған жүгіне бастады. Осылайша бизнес саласында жолым басталды.

Басында жалғыз өзім отырып жасаған бизнес қазіргі күні шағын кәсіпке айналды. Себебі, біз дәл осы уақытта 10-ға жуық адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Цехта бес адам жұмыс жасайды: екі сатушы, бір СММ маманы және өзім. Қазір айына 500-700-ге жуық белдік сатамыз. Белдіктен бөлек әмиян, куәлік, кілт салғыш секілді де ұсақ заттарды жасаймыз.

**Ә мәтіні**

**Кофехананың қожайыны Жанболат Ошақбаев**

XXI ғасыр – жаңа технологиялардың дәуірлеп тұрған заманы. Бірде Instagram әлеуметтік желісінде 3D принтерлердің жаңа қызмет түрлері туралы көріп қалдым. Өзім IT саласында білім алғандықтан, Қазақстанға жаңа технологиялар әкелуді армандайтын едім. Кофе бетіне принтер арқылы сурет басып шығаратын техниканы Қазақстанға әкелу туралы ой осы кезде туындады. Алғашында бұл техниканы нақ кофеге қолданамыз деген ой болған жоқ. Нарықтағы сұранысты зерттей келе қала тұрғындарының кофеге деген сұранысы жоғары екенін аңғардық. Осылайша, техниканы алдымен кофеханада қолданып көруді жөн көрдік.

Coffeegramm кофеханасын досым Тілеуберді Кәден екеуіміз бірге аштық. Кофе бетіне сурет салатын мұндай техниканы Қазақстанға тұңғыш әкелген де біз. Сондықтан, мұндай жаңашылдықты қазақстандықтар жақсы қабылдады. Мұндай техника шетелдерде бұрыннан бар. Біз арнайы Кореядан алдық. Бірінші техникамен жұмыс істеуді өзім үйреніп, кейіннен қызметкерлерге көрсеттік.

Қарапайым қағазға жазу басып шығаратын принтер бәріне таныс шығар? Кофе бетіне суретіңізді басып шығаратын техниканың да қызметі соған ұқсас. Тек қағаздың орнына басқа материал



қолданылады. Алдағы уақытта мұндай техниканы тек кофеге ғана емес, түрлі тәттілер мен мерекелік торттарға, сондай-ақ балмұздақтың бетіне сурет салуға да пайдаланбақпыз.


Тұтынушылар өздерінің суреттерін немесе қолма-қол жасалған селфилерін бес минуттың ішінде кофенің бетінен көре алады. Біздің кофелер адамдарға тек қана сергектік емес, жақсы көңіл-күй де сыйлайды.

<https://baribar.kz/>

### 2-тапсырма

Мәтіндерді Венн диаграммасы бойынша салыстырады, талдайды. Сыныппен бөліседі.

### Венн диаграммасы



### 3-тапсырма

Жеке жұмыс. Оқушылар болашақта қандай кәсіп иелері болуды армандайды, сол туралы ойларымен бөліседі, бір-біріне комментарий береді.

**Оқу мақсаты.** ОЗ. Көркем шығармаларды оқу. 8. ОЗ Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру.

Топтарға Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Қыпшақ Сейіткүл», «Сәтемір хан» әңгімелері беріледі.

### 1-тапсырма.

1. Ұсынылған әңгімені оқиды.

2. Топтар төмендегі үлгі бойынша шығарманың композициялық құрылымын анықтайды.

### Сюжет кезендері

### Шығарманың композициясы.

1. Басталуы

2. Байланысы

3. Дамуы

4. Шарықтау шегі

5. Шешім

### 2-тапсырма.

Кесте толтырады.

Шығарма аты	Кейіпкерлері	Қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға
Әке мен бала Өрмекші, қарлығаш Қыпшақ Сейіткүл Сәтемір хан	Әкесі, баласы	Әке – еңбекқор, үнемшіл	Ақылды, үлгілі

### Жеке жұмыс.

«Әке мен бала» әңгімесінің композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру.

**Оқу мақсаты.** Ж2. Эссе жазу. 8. Ж2 Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну.

### Жұптық жұмыс.

### Тапсырма.

1. Мәтінді оқу, түсіну, көтерілген мәселені анықтау.

2. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша 3 сұрақтан дайындау.

3. Эссе жазуға арналған талаптармен танысу.

## ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛУЫ ОҢАЙ

Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, қазіргі кезде әлем бойынша 15-24 жас аралығындағы 75 миллионнан астам жастың жұмысы жоқ. Бұл 2007 жылы әлемдік қаржы дағдарысы басталған кездегі көрсеткіштен төрт миллионға артық. Ал олардың алты миллионнан астамы жұмыс табудан мүлдем үмітін үзген.

Жастар арасындағы жұмыссыздық жалпы еңбек нарығының әлсіздігін көрсетеді. Алайда халықаралық еңбек ұйымының Бангоктағы бөлімінің маманы Матье Когнактың айтуынша, ересектерге карағанда жастардың жұмыссыз қалуы үш есе оңайырақ.

– Өзгелерден бұрын бірінші жастар дискриминацияға ұшырайды. Экономика қалыпты болып тұрған кезде әдетте, жастар соңынан жұмысқа қабылданса, дағдарыс кезінде бірінші боп қысқартуға ілінеді, – дейді ол.

Еуропа Одағы аумағында жұмыс іздеген 25 жастағы әрбір бесінші жас жұмыс таба алмайды. Сондықтан олардың көбісі жартылай еңбек күнге жалданады немесе көлеңкелі бизнеске тартылады.

Жұмыссыздық әсіресе, Испания мен Грецияда өршіп тұр. Мұнда орта мектеп пен колледж түлектері жұмыс таба алмай жүр.

Жастар көп шоғырланған Азия-Тынық мұхиты аумағындағы елдердің еңбек нарығының жағдайы да бұлыңғыр. Тайвань мен Филиппинде әрбір алтыншы жас жұмыссыз, Индонезияда – әрбір бесінші жас.

Әлемнің ең кедей аймағы саналатын Таяу Шығыс пен солтүстік Африкада шамамен төрт жастың бірінде жұмыс жоқ.

Халықаралық еңбек ұйымының маманы Матье Когнактың айтуынша, жұмыссыздық кедей дамушы елдер үшін де негізгі проблема.

– Еуропада жаңа жұмыс орындарын ашуға мән беріліп отыр, онда жұмыс орындары аз. Азиядағы дамушы елдерде де бұл негізгі проблема, бірақ мұнда әлеуметтік кепілдік пен әлеуметтік қорғау жүйесі жетілмегендіктен басты назар жұмыс орындарының сапасына аударылады. Жастарда еңбекақысы төмен жұмысқа орналасудан басқа амал жоқ, – дейді ол.

### Топтық жұмыс. Тапсырма.

1. Жұптарда дайындалған сұрақтарға жауап іздеу.
2. Мәтіндегі мәселенің шешу жолдарына ұсыныс айту.

### Жеке жұмыс

«Егер жұмыс істеуге ықылас болмаса – Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүниеде жұмыс жоқ. Істің көзін тапқандар жасап жатыр. "Жұмыс жоқ" деген адамның өзі негізі жалқау немесе пассив. Қысқасы, қай жерде де адамның өзіне байланысты» деген пікірмен келісесіз бе/келіспейсіз бе? сұрағына жауап бере отырып, эссе жазыңыз.

**Оқу мақсаты.** О3. Көркем шығармаларды оқу. 8. О3 Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру.

### Әке мен бала

#### Ыбырай Алтынсарин

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шегінен өзі бірден алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде

болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – деді.

### **1-тапсырма.**

1. Ұсынылған әңгімені оқиды.

2. Топтар төмендегі үлгі бойынша шығарманың композициялық құрылымын анықтайды.

### **Сюжет кезеңдері**

### **Шығарманың композициясы.**

1.Басталуы

2.Байланысы

3.Дамуы

4.Шарықтау шегі

5.Шешім

### **2-тапсырма.**

«ПОПС» формуласы негізінде мазмұндайды.

«ПОПС формуласы»

Менің ойымша, ...

Себебі, ...

Мен мұны келесі мысалдармен дәлелдей аламын ...

Осыларға сүйене отырып, мен мынандай қорытындыға келдім, ...

### **3-тапсырма.**

#### **«Сағат дос» әдісі**

Оқушылар дәптеріне сағаттың суретін салады. Негізгі қажетті уақыт:

12:00, 15:00, 18:00, 21:00

Сыныпты аралай жүріп қай уақытта кіммен кездесетінін жазады. Адамдармен кездесу қайталанбауы тиіс. Мұғалім әр уақытты айтқан кезде, оқушылар бір-бірімен жұптасады.

### **Жұптық жұмыс.**

#### **2-тапсырма. Жұпбыңмен талқыла.**

12:00. Әңгіменің кейіпкерлері туралы айтады.

15:00. Кейіпкерлердің қасиеттері туралы айтады.

18:00. Кейіпкерге баға береді.

21:00. Қорытынды жасайды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары, Астана 2012.
2. Функциональная грамотность выпускников школ. Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д.
3. Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ»
4. [https://www.azattyq.org/a/world\\_youth\\_unemployment/24804987.html](https://www.azattyq.org/a/world_youth_unemployment/24804987.html)
5. [https://www.google.com/search?rlz=1C1CHZL\\_enKZ981KZ981&source](https://www.google.com/search?rlz=1C1CHZL_enKZ981KZ981&source)

## **О НЕКОТОРЫХ ТРЕБОВАНИЯХ К СОВРЕМЕННОМУ ЗАНЯТИЮ ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ И ВУЗЕ**

**БЕГАХМЕТОВА Балжан Каиргельдыевна**

ЧУ АКАДЕМИЯ «BOLASHAQ»

Қарағанды, Қазақстан

zhannaastra15@mail.ru

### **Аннотация**

Бұл мақала орта жалпы білім беретін және жоғары оқу орнында қазіргі заманғы шетел тілін үйренуге қойылатын талаптардың мазмұнын зерттеуге арналған. «Шетел тілінің заманауи сабағы», «шетел тілі сабағына қойылатын заманауи талаптар» анықтамалары берілген. Мақалада қазіргі шетел тілі сабағын құруда аналитикалық тәсілдің маңыздылығы туралы қорытынды берілген.

### Аннотация

Данная статья посвящена изучению содержания требований к современному занятию по иностранному языку в среднем общеобразовательном и в высшем учебном заведениях. Даны определения понятия «современный урок» и «современные требования к занятию по иностранному языку». Статья содержит вывод о важности аналитического подхода к построению современного занятия по иностранному языку.

Что понимаем мы сегодня под словосочетанием «современный урок в школе», «современное занятие в вузе»? На наш взгляд, это такое занятие, на котором учителем/преподавателем используются всевозможные способы организации учебного процесса для развития личности ученика или студента, глубокого и сознательного усвоения им знаний, способствующих формированию у него множества навыков, необходимых в последующей учебной, научной и профессиональной жизни. К современному занятию иностранного языка в среднем общеобразовательном и высшем учебном заведении предъявляется ряд общих и специфических требований, которые характерны для организации любого современного способа и формы передачи знаний обучаемым на любом этапе их развития и обучения. Входящий в школьный класс или вузовскую аудиторию учитель/преподаватель иностранного языка имеет на руках план с четко сформулированными целью и задачами и ожидаемыми результатами от своей работы на сегодня. Он должен заранее продумать пути и способы достижения запланированного, формировать с первой минуты занятия мотивацию к изучению сегодняшней темы, создавать соответствующую обстановку на занятии, при которой работать интересно будет всем присутствующим, использовать наиболее эффективные на его взгляд словесные и компьютерные/цифровые технологии, позволяющие вовлечь каждого присутствующего в образовательный процесс. Структура занятия должна быть настолько последовательной, ее части между собой взаимосвязанными и логически вытекающими друг из друга, содержание тренировочных упражнений в каждой из них соответствовать цели занятия и его задачам, что в целом позволит обеим сторонам учебного процесса ощутить удовлетворение и удовольствие от процесса работы. В целом, это является большим профессиональным мастерством, пожалуй, даже искусством организации четкого алгоритма в обучении иностранному языку, приходящим с растущим опытом работы учителя/преподавателя в иноязычном образовательном процессе. Наблюдение им за своей работой и достижениями обучаемых и их анализ позволяют формулировать требования к современному занятию по иностранному языку в школе и вузе. Логика такого органично построенного занятия будет проявляться в общей целенаправленности занятия, соподчиненности друг другу и целостности его элементов, его динамике, то есть постоянного и непрерывного движения вперед, при этом усложнение заданий осуществляется постоянно, и все же без некоторого повторения и закрепления пройденного материала нет качественного движения или прогресса. Сохраняется системность в обучении иностранным языкам как базовой парадигмы в теории иноязычного образования [1].

В современных требованиях к уроку/занятию по иностранному языку, а именно в формировании его целей, рассматривается сегодня совокупность таких взаимосвязанных аспектов обучения как педагогического, прагматического и когнитивного. Под педагогическим аспектом цели обучения понимают ориентацию на формирование у обучаемых личностного отношения к предметному содержанию изучаемого иностранного языка. То есть оно должно соответствовать их потребностям, желаниям, мотивам, а главное нацеливать их на практическое использование иностранного языка в профессиональных и личных интересах. Прагматический аспект цели обучения ориентирует преподавателя и обучаемых на формирование у них таких знаний, навыков и умений, которые позволят им пользоваться иностранным языком как средством межкультурного общения. Этот аспект является одновременно мотивацией у обучаемых в любом возрасте изучать иностранный язык, поскольку взаимодействие с носителями изучаемого иностранного языка интересно нам всегда как проверка наших умений строить общение на чужом языке, находить новые контакты и даже, возможно, совершать путешествия в страну изучаемого языка. Сформированный в итоге навык общения мы определяем как коммуникативную компетенцию. Под когнитивным аспектом цели обучения подразумевается обучение практическому использованию изучаемого иностранного языка с одной стороны как средству межкультурного общения и как средству познания мира, его культуры в широком понимании [2]. В процессе работы по достижению этих целей осуществляется постепенный процесс формирования «вторичной языковой личности», под которой понимается «способность человека к общению на межкультурном уровне. Данная способность складывается из овладения вербально-семантическим

кодом изучаемого языка то есть «языковой картиной мира» носителей этого языка (формирования вторичного языкового сознания и «глобальной концептуальной картиной мира»)[3].

При определении целей современного урока/занятия учитель/преподаватель исходит из социального заказа на формирование личности как «субъекта межкультурной коммуникации», из многогранного понятия «цели иноязычного образования» и многоаспектного характера компетенций, которыми должен владеть «субъект межкультурной коммуникации», а исходя из этой цели подбирать необходимое содержание и технологии для иноязычного урока/занятия. На занятиях иностранного языка формируются произносительные грамматические и лексические навыки и соответственно развиваются умения говорения, чтения, письма на изучаемом иностранном языке и прослушивания предлагаемого текста-речи. Создаваемые устные и письменные речевые ситуации могут и должны соответствовать прочитанному или прослушанному тексту. Каждый этап и элемент урока должны выполнять основное требование: быть направленным на формирование определённых языковых навыков или речевых умений, на действия по овладению учебным материалом и на эффективный результат этих действий. Учитель/преподаватель иностранного языка создает постоянное погружение в изучаемый язык, создавая атмосферу иноязычного общения, вовлечения обучаемых в обсуждение определенной ситуации, связанной с этой темой, в активные формы организации общения. Общий смысловой замысел урока/занятия содержат в себе предметно-содержательную и лингвистическую связности. Все этапы занятия от организационного момента, так называемого Warming Up, до актуализации знаний по теме, создания атмосферы общения, работы над новым материалом, его исследованием, осмыслением на основе анализа и синтеза, тренировки использования в речи в групповой работе или в индивидуальной работе, и, наконец, до рефлексии подчинены теме занятия, достижению цели и задач и последовательно связаны между собой. При подготовке к занятию следует понять и осознать следующий момент: какой будет моя деятельность как учителя/преподавателя иностранного языка на занятии? Что будут делать обучаемые, от чего при выполнении задания будут они отталкиваться, какие базовые знания будут им при этом помогать, о чем они будут думать при этом, что будут чувствовать? Как руководитель процесса обучения иностранному языку учитель школы и преподаватель высшего учебного заведения должны иметь перед собой и руководствоваться следующими важными для него документами: «Концепцией языкового образования Республики Казахстан (проект)» и «Общеввропейскими компетенциями владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка», определяющими, что должен понимать и уметь делать обучаемый на изучаемом иностранном языке на каждом этапе обучения в различных видах речевой деятельности. Инструктивные документы, рабочие учебные программы различных образовательных организаций составлены на основе этих документов.

На начальной ступени обучения иностранному языку (A1-A2) закладываются умения чтения коротких простых текстов, поиска предсказуемой информации, общения в простых типичных ситуациях, требующих непосредственного обмена информацией, поддержания краткого разговора на бытовые темы, краткого диалога и монолога на определенные темы, написания простых коротких записок и сообщений, понимания, о чем идет речь в простых, четко произнесенных сообщениях. В определенной степени, это достаточно высокая вершина в овладении обучаемыми иностранным языком.

На средней ступени (B1-B2) в результате кропотливого труда Учителя и Ученика формируются умения понимания статей и сообщений по современной проблематике и текстов современной художественной прозы, лекций и докладов и содержащуюся в них сложной аргументации, участия в диалогах и дискуссиях с носителями языка, высказывания собственной точки зрения. Предполагается наличие умения написания подробного сообщения по широкому кругу вопросов и объяснения своей точки зрения, понимания прослушанной аргументации в знакомой тематике.

Студенты факультетов иностранных языков на уровнях C1-C2 совершенствуют свои знания и умения. Они умеют спонтанно и бегло без трудностей в выборе слов выражать свои мысли. Речь характеризуется разнообразием языковых средств и точностью их использования в ситуациях их повседневного и профессионального общения, выражения собственного мнения. При возникновении трудностей они могут перефразировать свое высказывание. Логично и последовательно выражаются мысли в письменной форме, например в виде резюме и рецензии. Понимаются большие сложные художественные и нехудожественные тексты и их стилистические особенности. Свободно понимается разговорная речь носителя языка, телевизионные программы и фильмы. Насколько насыщенным должно быть занятие по иностранному языку в высшем учебном заведении, где осуществляется подготовка учителей иностранных языков и переводчиков и мотивировка студентов к большой самостоятельной работе вне занятий для достижения высоких результатов в овладении иностранным языком [4,5].

Огромную методическую помощь в организации современного занятия по иностранному языку оказывает самоанализ проведенного занятия. Учитель среднего общеобразовательного учреждения и преподаватель высшего учебного заведения может сам себе ответить на поставленные вопросы: В какой степени этапы и элементы занятия способствовали достижению поставленной цели? Насколько этапы занятия и выполненные упражнения и задания соответствовали принципам последовательности и логичности занятия? Были ли учтены возрастные, психологические, индивидуальные особенности обучающихся? Насколько высоко была мотивация обучающихся к достижению поставленных целей? Какие трудности испытывали обучающиеся в выполнении заданий? В чем их причины? Правильно ли было распределено время на выполнение заданий? Как использованные современные компьютерные/цифровые технологии облегчили выполнение классных/аудиторных заданий? Каковы результаты заданий для рефлексии?

Каковы же основные требования к современному уроку/занятию по иностранному в школе и вузе? Современное занятие по иностранному языку должно быть направлено на развитие личности, рост его знаний, формирование значимых умений для глубокого освоения иностранного языка. Обучение новому идет через постоянное открытие. Вторым важным моментом является осознание обучающимся важности деятельности: того, каким способом получен результат, какие при этом встречались затруднения, как они были устранены. Занятие по иностранному языку должно быть интересным, разнообразным по методам преподавания, насыщенным по использованию инноваций. Проведение или постоянное проектирование качественно нового урока/занятия должно отвечать запросам современного общества, в котором предъявляются новые требования к уровню владения иностранным языком. Сегодня это становится необходимостью, рассматривается как один из способов познания окружающего мира и способ саморазвития, поскольку дает доступ к новым источникам знаний, новой коммуникации. Как никогда ранее проявляется преимущество предмета «Иностранный язык» перед другими школьными и вузовскими дисциплинами. Основной задачей учителя/преподавателя иностранного языка является научить обучающихся осуществлять устно и письменно коммуникацию на изучаемом иностранном языке. Под современным школьным уроком и вузовским занятием по иностранному языку мы понимаем постоянную разнообразную деятельность ученика/студента под руководством учителя школы и преподавателя вуза, нацеленную на личностный развитие, рост, самопознание, самореализацию, выработку мотивации, интереса к иностранному языку, в конечном итоге формирование «вторичной языковой личности». Что является сегодня главным в занятии по иностранному языку? Это формирование знаний, умений и навыков на основе продуманного, логично построенного динамичного образовательного и воспитательного процесса, обучению искусству учиться и получать знания.

#### Список использованной литературы

- 1.Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010, с.13
- 2.Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Алматы, 2014, 203с.
- 3.Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика).-М.: Высшая школа, 1989.-238с.
- 4.Концепция языкового образования Республики Казахстан (проект), Алматы, 2010
- 5.Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка. Совет Европы-Страсбург, 2001.

#### ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІН ОҚЫП МЕНГЕРУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖЕТІЛУІНДЕГІ ҰМТЫЛЫСЫ

**БЕЙСЕНОВА Толкын Кенжесарықызы, КУРМАНБАЕВ Амангельды Ахметович**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі

Талдықорған, Үштөбе, Қазақстан

1962kaa@mail.ru, tolkyn\_beysenova@mail.ru

Біздің жалпы білім беретін мектептеріміздің ұлттық тәрбие берудегі негізгі міндеттерінің бірі — оқушылардың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты

сіңіру, сондай-ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту болып табылады.

Көркем еңбек пәні- қазіргі нарықтық экономика жағдайында ең күрделі, маңызды сабақтардың бірі болғандықтан, оқушыларды еңбекке, оның ішінде ата кәсіп іскерлігіне баулуға, белсенділікке, шығармашылық қасиеттерін арттыруға, жан-жақты тәрбиелеу болып табылады [1].

Көркем еңбек пәні бойынша іскерлік білім беру мазмұны әдіс-тәсілдері, әдістемесіне және оқу-тәрбие процесін жетілдіру мәселелері Н.Адамқұлов, Қ.Ералин, Е.С. Асылханов, Ү.Ш.Ибрагимов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Қазақ халқының сәндік - қолданбалы өнері арқылы тәлім-тәрбие беру де зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ: еңбекке баулу О.С.Сатқанов, эстетикалық тәрбие беру А.О.Қамақов, Ж.Балкенов; эстетикалық қызығушылығын С.Жолдасбекова, іскерлік талғамын, іскерлік қабылдауын қалыптастыру Ф.Ы.Жұмабекова, Қ.О.Жеделов, танымдық белсенділігін дамыту Т.М.Қоқымбаева [2].

Қазақтың ұлттық қол өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері Қ.Әмірғазин, Б.Әлмұқамбетов, Н.Адамқұлов, Ж.Балкенов, Ә.Қамақов, О.Сатқанов, С.Жолдасбекова, т.б. оларды педагогикалық университеттердің кәсіптік оқыту студенттерін кәсіптік шеберлікке баулуда пайдалану мәселелері Е.Асылханов, Қ.Болатбаев, Қ.Ералин, К.Ижанов, Ү.Ибрагимов, т.б. педагогика ғылымы саласындағы зерттеу еңбектерінде де орын алған [3].

Зерттеудің көкейкестілігі, негізгі көтеретін мәселелердің бірі технология саласы бойынша, ұйымдастыру барысында өнер инженерлерін мол даярлап, оқушыларды мектеп қабырғасында жоғарыда айтылған қолөнеріне үйрету тиімді екені мәлім. Оқушылар қолөнер жолымен дамуына бағыт беру, көркем творчествоның түрлерімен жұмыс істеу техникасын меңгеру үшін мүмкіндігінше жан-жақты материал бере отырып, оның өнерге, еңбекке деген құштарлығын арттыру. Онша мәлім бола қоймаған жайттарды әңгімелеп беру, еңбекке баулу жөніндегі мектеп бағдарламасынан тысқары қаншама қызықты нәрселер жатқанын көрсету.

Зерттеудің мақсаты , қолөнер бұйымдарын жасаудың әдістемелік-теориялық негіздері мен технологиялық тәсілдері жалпы білім беретін мектептерде, әсіресе жоғары сыныптағы көркем еңбек сабақтарында игеріліп кетеді деген ойдамыз. Осыған байланысты қазақ ұлттық қолөнерінің мазмұнын, ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындау мен оларды оқушылардың жасаған бұйымдарында даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау және сол бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулар әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері:

-көркем еңбек сабағында қолданбалы қолөнердің маңызын меңгере отырып оқушылардың біліктілігін қалыптастыру.

-көркем еңбек пәні барысында қазақ халқының қолөнер саласындағы ши өндеудің жолдарына оқушыларды баулу.

- болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерінің сабақ беру барысында жаңа технологияны пайдалана отырып , ши тоқу шығармашылық жобаны орындау жүйесін қарастыру.

Қазақтың дәстүрлі қолөнері негізінде оқушылардың практикалық шығармашылық іс-әрекеттерде, ғылыми тұрғыда жетілдіру қажеттілігімен және дәстүрлі өнердің негізінде оқушылардың іскерлік талғамын қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыздандыратын педагогикалық шарттарды жасаумен айқындалады.

Қазақтың дәстүрлі қолөнері негізінде оқушылардың іскерлік талғамын қалыптастыру жүйесінің тиімді жүзеге асыру, кешенді түрде пайдалану педагогикалық шарттармен қамтамасыздандырылады:

- дәстүрлі өнерді оқып меңгеру барысында оқушылардың рухани жетілуіндегі ұмтылысы, іскерлік талғам қалыптасуында ішкі қажеттілікке түрткі болу көзқарасын көкейкестілендіру мәселелері жол алды [4].

- жоғары көркемталғампаздықпен оқушының шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру және дәстүрлі өнер туындыларына өзіндік қатынас орната білуге бағыттау;

- дәстүрлі өнерге байланысты оқу материалдарын меңгеру. шығармашылық ойлау қабілеттерін іс-әрекеттер барысында жетілдіріп, іскерлік талғамдарын қалыптастыру болып табылды.

Мектептерде ұлттық қолөнерге баулу ерекшеліктері және көркем еңбек сабағын жүргізу негізінде әдістемелік ретінде, ши орау және жасауға жазылған келесі мәселелер шешімін тапты:

-оқушылардың шеберлігін қалыптастырудағы қолөнер көркем еңбек сабағының маңызы;

-қолөнер арқылы көркем еңбек сабағында оқушылардың іскерлігін қалыптастыру;

-сабақта қолөнер бұйымдарын дайындау барысындағы дәстүрлі мәдениетті пайдалану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы;

-көркем еңбек сабағында білім мен шеберлікті қалыптастыру;

Түйіндей отырып келесі мәнді мәселені жария етуге болады.

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты - мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тірліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, жөн сілтеу, ата-бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау баршамыздың парызымыз.

Бүгінгі таңда қолөнерді оқыту үрдісінде көшіріп салу, дайын жобалық нобайлармен жұмыс жасау орын алып келеді. Әрбір оқушының қоршаған ортадан алған әсері, көркем дүниені қабылдауы, жүрегімен сезінуі, түсінуі әр алуан. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз бетімен ізденуге жағдай туғызу керек және өз ойын еркін жеткізіп бейнелеуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру біздің басты парызымыз.

Осыған орай, қазақ қолданбалы қолөнеріндегі кеңінен тараған қолөнер түрлерін оқушыларға еңбек сабағында таныстыру, осы бағытта баули отырып, эстетикалық тәрбие беру, жастарды халық қолөнерінің көп ғасырлық үрдісіне негіздеу қалыптастырылады.

Ұлттық мектептің мәні өз шәкірттеріне халқының мәдениетін терең, жан-жақты үйрету, олардың санасына, ұлтына деген көзқарасын, құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіре білуде, басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білуге ұштастыру болып табылады [5].

Егеменді қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтық қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу - ұлтжанды ұлағатты ұстаздардың абыройлы ісі. Қазақ қолөнерінің тарихы мен теориялық маңызын жете түсінуіміз керек.

Халықтың қолөнер бұйымдарын, соның ішінде ши орау және де дайындау барысында дәстүрлі мәдениетті пайдалану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы кең түрде жарияланды. Қазақ отбасындағы қыз бала халықтық педагогика арқылы тәрбиелеудің мүмкіндіктері айқындалған. Қыздарды эстетикалық жағынан тәрбиелеп, имандылыққа баулудың тағы бір саласы оларды жастайынан болашаққа яғни ана болуға дайындау. А.Хрипков пен Д.Колесовтардың зерттеулерінде айтылғандай, "дәуір қандай болса да, әйел жасына: әйелдік қасиетке тән нәрсе-сезімталдық, психологиялық нәзіктік... қай заман болса да, әйел затына тән қасиеттердің ішіндегі ең қадірлісі аналық қасиет". Бұдан туындайтын пікір қыз баланы тәрбиелеудегі ең басты нысана, ол болашақта ұрпақ бастауы, отбасы ұйытқысы болатындай ардақты ана, сүйікті жар қалыптастыру.

Және де көркем еңбек пәні барысында қазақ халқының қолөнер саласында ши өңдеудің жолдарына қыз балаларды баулу, және ши тоқу жұмысының әдістемелік нұсқауы жасалды. Жасау жолын меңгерген барысында, жаңа технологияны пайдалана отырып, деңгейлік тапсырма жасап, ши тоқу шығармашылық жобасының орындау жүйесі жасалды. Педагогикалық тәжірибе барысында оқушыларды ши орау барысында, деңгейлік тапсырмаларды орындағанда үлкен қызығушылық танытқанын байқадым. Келешекте осы кәсіпке, қыз балаларды баулу мәселесін қолға алсам деген ойдамын.

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында балалар мен жастарды тәрбиелеуде ең көкейкесті мәселелері ретінде білім мекемелерінде оқушылардың этнос-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып бұйымдарды жасау және тәрбиелеу мәселелері айтылған. Сондықтан көркем еңбек сабағын қазіргі таңда халық педагогикасымен ұштастыру өте қажет.

Талғампаз қазақ қыз бала тәрбиесіне, іскерлігіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Қол бастаған «қолбасшы» да, ел бастаған «елбасшы» да қыз бала тәрбиесіне және іскерлігіне үлкен мән берген.

Қазақ халқының қолөнер саласында ши өңдеу, оған жүн орап, өрнектеп безендіру, түр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас қалып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады.

Өрнекті ши орау техникасының ерекшелігі әрбір ши өңдеу сабағы түрлі түсті жүннен жеке - жеке оралатындықтан шебердің күрделі түрді алдын ала түгел түсіріп алуына үлкен қиындық келтірген. Солай болғанымен, өрнекті ши тоқуда дәстүрлі тәжірибесі мол қазақ шеберлері табиғи таланты мен өнерпаздық дарындылығының нәтижесінде сан қилы, алауан түрлі композициялы өрнек туындыларын жасай білді.

Қазақстанның сәндік қолөнері - біздің түрлі ұлттық мәдениетіміздің құрамды бөлігі. Оны дамыта отырып, жер - жерде халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпақтарға насихаттау, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру аса құрметті және игілікті іс болмақ [6].



Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық ұсынысы:

Көркем еңбек сабақтарында оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық ұлттық, этикалық бағалы қасиеттерді қалыптастырады.

Баланың білімін тереңдетуде, шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында технология пәнінің орны ерекше. Көркем еңбек сабақтарында оқушы тек мұғалімнің үйретуімен ши тоқу түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шиге бейнеленген шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық ұлттық, этикалық бағалы қасиеттерді қалыптастырады.

Баланың білімін тереңдетуде, шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында технология пәнінің орны ерекше.

Осы зерттеу жұмыста шиге түсетін суретінің эскизін салу кезеңдері, жасалу жолдары толық көрсетілген. әр түрлі шиден жасалған бұйымдар үлгілері кең орын алған, ши орауда қолданылатын әртүрлі декорацияланып әшекейленіп берілген.

Орындалған тәжірибелік жұмыстың түстік шешімі табиғи түстегі жүндерден және эскиз бойынша боялған жүндерден құрылды. Даланың шырайлы шөптерінен нәр алып өскен қой жүнінің күрделі түстері ойымызды тереңірек ашуға мүмкіндік жасады.

Зерттеу тақырыбының көтеретін проблемасы қазіргі қыз балаларға дәстүрімізге тән қолөнер, мәдениет, дәстүрлі кәсіпке үйрету тәрізді тәрбиелік мәні бар қасиеттерге баулуға байланысты болып отыр. Келешек жастардың қолында деп, Ел басы бекер айтпаған, сондықтан жастарымызға, әсіресе қыз балаларға тәрбие және іскерлік мәселесіне үлкен көңіл бөлуіміз қажет. «Ел болам десең бесігінді түзет», - деп дана халқым бекер айтпаған. Қыз балалардың ши орауда және тәрбиесін қарастыра отырып, Егемен Қазақстан елінің өркендеп өсуіне ықпалын тидіреді деген ойдамын.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар жасауға болады:

Ұсынылып отырған әдістемелерді, оқу-тәрбие процесінде халық қолөнерінің бір саласы ши орауда, көркем еңбек сабағында оқушылардың іскерлік және шеберлік талғамдарын қалыптастыру болып саналады. Зерттеу жұмыста баяндалған мектепте қолданбалы қолөнердің оқыту мәселелерін қарастыра отырып теориялық және практикалық нәтежиесінде мынандай қорытындылар жасауға болады:

Әр мемлекеттің болашағы оның мектебінен, отбасынан шыңдалады. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан, қазақстандық барлық мектептерге үлгі болуға тиісті қазақ тілінде оқытатын мектептердің бүгінгі жайы, даму бағыттары, келешегінің көкжиектері бүкіл қоғамның, мемлекеттің назарында. Өйткені барлық қазақстандық мектептердің ішіндегі сан жағынан болсын алдыңғы орнында және мемлекеттік тілде білім беретін бұл мектептер еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде айрықша орынға ие. Осы жерде біз алдымен, бүгінгі қазақ мектептерінде "технология" сабағындағы ұлттық қолөнер дәстүріне, жалпы этномәдениеттің даму жайына ерекше тоқталғымыз келеді.

Көркем еңбек пәнінде қолөнер бұйымдары шынайы әсем екенін, оның өмірге қажеттілігін оқушыларға ұғындырумен бірге, олардың алға қойған мақсат-мұраттарына ықпал етіп, кәсіптік бағдар алуға бейімдеу керек. Шынында жаңағы бұйымдар оқушыларды өмірдегі асыл, көрікті, әсем нәрселерді бағалауға, еңбекке, шыдамдылыққа, талғампаз болуға баулиды.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство, Т.1, Алматы, 2006, 256 с;
2. Арғынбаев Х. Қазақ қалқының қол қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек Алматы, 1987, 128 б.
3. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы, 1977, 96 б.
4. Қасиманов С. Қазақ қалқының қолөнері, Алматы, 1995. 240 б.
5. Қожақметова К.Ж. Халықтық педагогикасы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері Алматы 2007ж.
6. Адамқұлов Н.М.. Ұлттық қолданбалы қолөнері. Алматы 2006ж.

**АПАЙ**  
**БЕКБОЛАТОВА Ақалтын Сейсенбаевна**  
Т. Жургенов ат. ҚҰӨА  
Алматы, Қазақстан  
akaltyn.kz@mail.ru

#### Аннотация

Рымкеш Жұмаділованың әншілік шығармашылығы мен өмірбаянынан және дәріс беру өмірінен қысқаша үзінді. Өмірде де шығармашылығында да, европалық әншілік дәріс ала тұра, нығыз қазақи тәрбие беруі болашақ жастарға үлгі. Мысалы: «Иванович», «Ивановна», - дегенге дағдыландырмай, құлаққа жағымды, қанымызға жақын, жүрекке жылы сөздерден ұлттық тәрбие, рухани жаңғыруымыз басталады екенін еске салсақ...

*Кім айтыпты: - Рухани жаңғыру оңай екен.  
Кетіп барады, асылдарым, қалқып барады...  
Мен тұрмын, іштей жаным өртенсе де,  
Қол жазбамнан, сендерге арнап, мүсін қалап...*

«Апай» - деп, қазақ баласы жасы үлен, немесе, затына сай, сый-құрметпен қарайтын әйел азаматын атаған. Сондай жанның бірі - Рымкеш апай еді. Рымкештің «апай» болғанын мен алғашқы рет консерваторияда естідім: студенттер сондай бір қошеметпен Рымкешті қоршап, ерекше сүйіспеншілікпен Рымкештің әр сөзін, қимылын ұстап -қағып, бір-бірінің сөзін бөліп, кезекпен-кезек: «Апай, апай!..» - деп, у-шу боп жатқандарын байқап, мен таңырқап, маз-мейрам болдым. Өйткені, мен үшін де Рымкеш аса бір құрметті адам еді. Дәл сол кезде ол Алматыдағы Қазақ ұлттық консерваторияның оқытушы міндетімен бірге Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында солист міндетін атқаратын. Көрген кісі сұлұлығына, киген киіміне қарап, лезде мәдениеттің адамы екенін байқайды, ал қарапайымдылығына, қазақи жүріс-тұрысына, сөзіне қарап, салмақты мінез-сияпатын байқап, алдында қазақтың бетке ұстар қызы екенін жаңылмай айтар еді.



Шынында да, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымкеш Жұмаділова Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында сопраноға арналған бүкіл қазақ репертуарын, өзіне ғана тән шеберлікпен орындаған жан: Мұқан Төлебаевтің «Біржан-Сара» операсында - Сара мен Алтынай; Сыдық Мұхамеджановтың «Ақан сері-Ақтоқты» операсында – Ақтоқты; Латиф Хамиди мен Ахмет Жұбановтың «Абай» операсында – Ажар; Евгений Брусиловскийдің «Ер-Тарғын» операсында - Ақжүніс, Ақжелең, Дана; Базарбай Жұманиязовтың «Махамбет» операсында - Зылиха; Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлу» операсында – Қамар; ал «Абылайхан» операсында - Күлпәш. Рымкеш бұл абыройға таза еңбегімен, өзінің қайсар мінезімен жеткен.



Сонау Қарағандыдан, біраз жыл еңбек еткен соң, Рымкешті Алматыға арман жетелей әкелді. Онда, жұмыстан тыс, Рымкеш хорға қатысып, жеке ән де салатын. Сондағы хордың жетекшісі – жасы келген орыс кісі Рымкештің дауысына, түріне тәнтігіп, ақыл-кеңесін беріп, консерваторияға аттануға жол ашты. Содан бастап Рымкештің «мен әншімін» деген ойы, арманы оны қанаттады, жетеледі. Ерте есейгені ме, жоқ әлде намысын оятқан қанатты арман ба, Рымкеш өзінің курстас құрдастарына қарағанда, оның өмірге деген көзқарасы мүлдем басқа болды: еңбекқор, салмақты, мінезді. Басқа студенттер әке-шешелерінің көмегімен өмір сүрсе, Рымкеш консерваторияның подкурсына түскеннен бастап, музыкалық білімі болмаған соң, оқумен қатар жұмыс істейтін. Үлкен жан ұядан шыққанның тәлім –тәрбиесі болар: үш ұл, жеті қыз; түнделетіп жүріп ауруханада санитарканың міндетін атқаратын - горшок, еден жуып. Оған намыстанбайтын. Және одан қысылмайтын: жатағына келе салып душқа түсіп, әтір суын сеуіп, қайтадан әдемі боп шыға келетін. Содан да болар, басқа пәндерді оқып үлгермесе де, дауыс қоюдан еш қалмайтын және де бар ынтарысын, жігерін салатын. Ал консерваторияның негізгі курсына көшкенде Мемлекеттік хор капелласында жұмыс жасауға көшті.

Консерваторияны Рымкеш, басынан аяғына дейін - Қазақстан халық әртісі, профессор, «Жеке ән салу» кафедрасының меңгерушісі, қазақ вокал мектебінің мэтрі Бекен Бекенович Жылысбаевтан дәріс алды. Дауысының тембрінің әдемілігін, сыңғырлаған үнін, кең диапазонын, демінің ұзаққа жетуін – бүкіл өз дауысының жақсы қасиетін Рымкеш - ұстазы Бекен Жылысбаев дағдылатқан өсиеттерінің арқасында қазақ классикалық әншілік өнерінің шыңына, «қазақ халық әндерінің әсем орындаушысы» атағына жетті десек те болады.

Театрға келгенде Рымкеш қарап отырмай, ешкімге ешқандай талас – кедергі жасамай, көп жылдары



жасады. Рымкештің бұл іс – шараларын қолдайтын, қашанда болса жанынан табылатын, қол үшін беретін -жұбайы, бір көргеннен сүйіп, Рымкештің қолына ие болған, қосылған жары - Байзақ аға болатын. Жастары ұлғайған кезде екеуінің жұлдыздары жанып, үлгілі отбасын құрған азаматтар боп шықты. Дүниеге келген жалғыз қыздары, бір нәресте ұлдан айырылғаннан соң, Кәмшәт Байзақ қызы Қасымова – қазыргы ұақытта өмірлерінің жалғасы, қуанышы болды. Рымкеш апай мен Байзақ ағайдың үйлерінен жылулық кетпейтін: негізгі жұмыстарынан тыс біреуге қамқоршы болу - бұл жанұяның өмірлік қағидасы боп табылғандай. Талай, көптеген адам оны есіне түсірер, туыс сіңлі – інілерін санамағанда, өнердегі бауырларына ағалы – апайлық қамқоршылығын көрсеткен жанұя. Соның ішінде Ардақ Исатаева, о кезде жас бүлдіршін қыз, қазіргі кезде атағы шыққан дәстүрлі әнші, ұлағатты ұстаз, сүйікті ана.

театрдың концертмейстері, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Гүлнәр Жидиловамен түрлі концерттік бағдарламалар

Қай жерде болмасын: өзінің тұған жерін, елін, шыққан тегіне дейін Рымкеш мақтанышпен айтатын. Ондай кезде ол өзгеше бір сезімнен жанып, оталып тұрғандай болатын. Дауысы қуаттанып, көңілі көтеріңкі боп кете беретін. Содан болар, Рымкеш Байзақ ағайдан мезгілде айрылғанда, қайғыға берілмей, 13 жасар қызына әкесінің жоқтығын білдіртпеді. Қызының өсіп – өнүін, қиналған, сұрінген кездерін көрсетпей, әрі қарай жалғастыра берді. Иә, Рымкеш апай нағыз апайлығын еңбекте де, өмірде де өзіне – өзі дәлелдеді.

Ұлы орыс жазушысы, драматургі А. П. Чеховтың сөзі еске түсті: «Все в человеке должно быть прекрасно: и лицо, и мысли, и одежда». Қазақша аудармасы былай болар: «Адамда бәрі әдемі болуы керек: беті де, ақыл - ойы да, киімі де». Бұл сөздер Рымкеш, бүгінде Рымкеш апайды мінездемелейтін сөздерге, еш адам бұны «артық» - деп айтпас, лайықты.



*Сыңғырлаған күлкісі - ақ маржандай шашылған,*

*Ойнап тұрған көздері – тұла бойды қандырған.*

*Неткен өмір – шолақсың. Дүние - сенде қаларсың.*

*Нәсерлетіп шырқаған әниі дауысы жасасын! – деп, тағы бір айтқым келеді.*

## ЭЛЕКТРОНДЫ ШАМДАР

**БЕКЕТ Еркеайым Серікжанқызы**

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі

Шымкент, Қазақстан


erke.2607@mail.ru

### Аңдатпа

Ұсынылған мақалада электронды шамдардың қысқаша ашылу тарихы, олардың адамзат өміріндегі маңызы, қолданылу саласы мен ерекшеліктері келтірілген.

Электронды шам (радиошам) – бұл электромагниттік толқындарды қолдану әдістерін түбегейлі өзгеріп, радиотехниканың қалыптасуы мен жылдам дамуын анықтаған ХХ ғасырдың басындағы техникалық жаңалығы. Радиошамның пайда болуы кейінірек «электроника» деп аталатын радиотехникалық білімді дамыту мен қолданудың маңызды кезеңі болды [1].

Барлық вакуумдық электронды құрылғылардың (термоэлектрондық эмиссия) жұмыс істеу механизмінің ашылуын Томас Эдисон 1883 жылы өзінің қыздыру шамын жақсарту жұмыстары кезінде орындады (1 сурет).



1 сурет – Термоэлектрондық эмиссия құбылысының графикалық сызбасы

1905 жылы осы жаңалықты қолдана отырып, Джон Флеминг алғашқы электронды шамды – «айнымалы тоқты тұрақты токқа түрлендіретін құрылғыны» жасады. Бұл айтулы күн барлық

электрониканың туған күні болып саналады. Барлық шамдық сызбалардың алтын дәуірі 1935 жылдан 1950 жылға дейінгі кезең болып саналады [2].

Электронды шамдар радиотехника мен электрониканың дамуында өте маңызды рөл атқарды. Электронды шам көмегімен радиотелефон мен теледидар үшін қажетті өшпейтін тербелістерді шығаруға болады. Қабылданған радио сигналдарын күшейту мүмкіндігі пайда болып, соның нәтижесінде өте алыс станциялардың қабылдау мүмкіндігі қолжетімді болды.

Әрі қарай, электронды шам ең жақсы және сенімді модулятор бола отырып, радио телефония мен теледидар үшін қажетті жоғары жиілікті тербелістердің төмен амплитудасын немесе фазасын өзгертуге арналған құрылғы болып табылды.

Қабылдағыштағы дыбыстық жиілік тербелістерін бөлу (анықтау) электронды шам көмегімен сәтті жүзеге асырылады. Электронды шамның айнымалы кернеу түзеткіші ретінде жұмыс істеуі ұзақ уақыт бойы радио таратқыштар мен радиоқабылдағыштарға қуат берді. Сонымен қатар, электронды шамдар электр өлшеу (вольтметрлер, жиілік өлшегіштер, осциллографтар және т.б.) техникасында кеңінен қолданылып, олардың көмегімен алғашқы компьютерлер құрастырылды [3].

XX ғасырдың екінші онжылдығында сериялық техникалық жарамды электронды шамдардың пайда болуы радиотехникаға бүкіл радиотехникалық жабдықты түрлендіретін және радиотехникаға қол жетімсіз тербелістердің біркатар мәселелерін шешу мүмкіндігіне ие қуатты серпін берді.

Электронды шамдардың кемшіліктері келесілер: үлкен өлшемдер, көлемділік, көптеген шамдар негізінде жұмыс жасайтын құрылғылардың төмен сенімділігі (алғашқы компьютерлерде мыңдаған шамдар қолданылған), катодты жылыту үшін қосымша қуаттың қажеттігі, көп жағдайда қосымша салқындатуды қажет ететін үлкен жылу мөлшерінің бөлінуі.

Электронды шамда термоэлектрондық эмиссия үдерісі қолданылады: бұл дегеніміз – эвакуацияланған баллонда орналасқан қыздырылған металдардың электрондар шығаруы (2 сурет) [4]. Газ қалдықтары қысымының мардымсыздығы сонша, шамдағы разрядты таза электрондық деп санауға болады, өйткені оң иондардың тогы электронды токпен салыстырғанда жоққа тән.



2 сурет –Tesla компаниясы жасап шығарған электронды шам

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Царев Б. М. Расчет и конструирование электронных ламп, 3 издание, М., 1967;
2. Кацман Ю. А. Электронные лампы. Теория, основы расчета и проектирования, 3 издание, М., 1979;
3. Клейнер Э. Ю. Основы теории электронных ламп, М., 1974;
4. Морозова И. Г. Физика электронных приборов, М., 1980.

## ФИЗИКА ПӘНІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

**БЕРДАЛИЕВА Тилла Досыбековна, ОРАЛБЕКОВ Галымжан Жарасович**

«Сырдария» университеті/"Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-

математикалық мектеп-интернаты" КММ

Жетісай/ Атбұлақ, Қазығұрт ауданы, Қазақстан

tilla.berdalieva@mail.ru, kz\_galim\_92@mail.ru

### Андатпа

Мақала орта мектептерде жаратылыстанудың негізі болып табылатын физика пәнін оқыту мәселелеріне арналған. Жаңа білім беру бағдарламасы бойынша физиканы оқыту процесі зерделенген. Талдау және сараптаулар жүргізу үшін бағдарламалардың құрылымы қарастырылған, қорытындылар жасалған.

Кілттік сөздер: мектеп, оқыту процесі, физика пәні, жаңартылған бағдарлама.

Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек екендігі ресми құжаттарда нақты айтылып келеді. Осыған орай орта мектептерде жаратылыстанудың негізі болып табылатын физика пәнін оқытуға ерекше назар аудару керек екендігі анық. Физика саласы бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын және құзыреттерін қалыптастыру негізгі және жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында жетекші орын алады, бұл әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудағы физиканың практикалық маңызымен айқындалады.

2019 жылы 27 желтоқсанда ҚР үкіметінің №988-қаулысымен Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл құқықтық құжатта нақты көрсетілген бірнеше міндеттердің ішінде - білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру - деген міндеттің маңызы өте үлкен.[1]

Физика мектепте оқытылатын пәндердің ішінде ғылыми-техникалық прогрестің негізі болып табылатыны белгілі. Жаратылыстану ғылымдарының ішінде физиканың маңызды орын алуы тек қана ғылыми-техникалық прогрестің үздіксіз артып отыруына байланысты ғана емес, табиғаттағы басқа да ғылымдардың дамуында алатын орнына да байланысты болып отыр. Физика химия, биология, астрономия және басқа да пәндермен тығыз байланыста болғандықтан оның негізгі әдістерін осы ғылымдарда қолданады. Осының барлығы жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыларды физика курсы бойынша дайындауда ерекше орын алады. Сонымен қатар қазіргі рынок жағдайындағы қоғам сапалы мамандарды қажет етуде, ал бұл өз кезегінде мектептердегі білім берудің ролін арттыра түсуде.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда орта мектепте білім беру үлкен өзгерістерге ұшырады. Оқу жүйесінде мұғалім білімнің нақты көзі емес, оның ұйымдастырушысы болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі – орта мектепте оқу пәндерін жаңартылған бағдарламамен оқытуды қажетті деңгейде ұйымдастыру. Бұл істі жүзеге асыру үшін, бірінші кезекте, білім алушыларды жаңа бағдарламаларға сәйкес жазылған жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен қамтамасыз ету қажет екендігі анық.

Қолданыстағы жаңа бағдарламалар бойынша оқыту мазмұнымен танысу, және талдау үшін біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын орта мектепте жаңа білім беру бағдарламасы бойынша физиканы оқытуды зерделеуге арнадық. Жұмысымыздың мақсаты: физика пәні бойынша мектептің негізгі және жоғары буындарына арналған физика пәнінен оқу бағдарламаларымен толық танысу, талдау, салыстыру арқылы оқу процесін зерттеу, оқыту әдістерін жетілдіруге үлес қосу және жаңа оқулықпен оқыту процесін зерделеу.

Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы болып жатқан өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап ететінін білеміз. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйегін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, жемісті еңбек ете алады деп ойлаймыз.

Негізгі мектептегі сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді қолдана білуде болып отыр.

Физика пәнін жаңа бағдарлама бойынша оқыту мәселесін шешу тек ұстаздарға ғана емес, жалпы оқыту процесін ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етуге де байланысты. Оқу-әдістемелік кешенге оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған нұсқаулықтар, есептер жинағы, хрестоматиялық материалдар, ғылыми-көпшілік кітаптар т.б. кіреді.

Жаңа оқу бағдарламаларының бір ерекшелігі – кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі дағдыларды дамытудың негізі болып табылады. Олар функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы нақты 3 тараудан тұрады:

- Жалпы ережелер;
- Физика пәнінің мазмұнын ұйымдастыру;
- Оқыту мақсаттарының жүйесі.

Бірінші кезекте Кеңес дәуірінде жазылған жалпы орта білім беретін мектептерге арналған «Физика. Астрономия» бағдарламасына назар аударайық. Үлгілік бағдарлама КСРО Педагогикалық ғылым академиясының орта мектепте оқыту мазмұны мен әдістерін зерттейтін ғылыми зерттеу институтында дайындалып баспаға ұсынылған. Бағдарлама 1990 жылы «Просвещение» баспасынан шыққан. Бұл оқу бағдарламасы қазақстандық мектептерде 2000 жылдарға дейін қолданыста болды. [2]

Талдау және сараптаулар жүргізу үшін бағдарламаның құрылымын кесте түрінде көрсетейік.

Кесте 1. 1990 жылғы 7 сынып бағдарламасы

Кесте 1

Р/с	Тарау	Сағат саны	Зертханалық жұмыстар	Көрсетілімдер саны
1	Кіріспе	2	1	4
2	Заттың құрылысы туралы алғашқы мағлұматтар	6	1	8
3	Денелердің әсерлесуі	17	4	10
4	Қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың қысымы	21	2	14
5	Жұмыс және қуат. Энергия	9	2	8
	Резервтік уақыт	13		
	Барлығы	68	10	44

Бағдарламаның соңында оқушылардың білімдері мен біліктерін бағалау тәртібі және ауызша жауаптар мен зертханалақ жұмыстарды қалай бағалау керек екендігі жазылған болатын. Мұғалімдерге арналған жалпы әдебиеттер және әр сыныпта қолдануға болатын оқу-әдістемелік кітаптар тізімі көрсетілген. Астрономия пәніне арналған бағдарлама бөлек тарауда берілген.

Ендігі кезекте Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы шығарған «Физика және астрономия» оқу бағдарламасын қарастырайық. Бағдарлама 7-9 сыныптарға арналған, Астанада 2010 жылы шыққан, көлемі 24 бет. Бағдарлама авторлары: Қазақбаева Д.М., Токбергенова У.К., Башарұлы Р., Кронгарт Б.А. Бағдарламада алғы сөз, оқу пәнінің базалық мазмұны, оқушылардың білімдері мен біліктеріне қойылатын талаптар, пәнді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері жазылған. [3]

Кесте 2. 2010 жылғы 7 сынып бағдарламасы

Кесте 2

Р/с	Тарау	Сағат саны	Зертханалық жұмыстар	Көрсетілімдер саны
1	Физика және астрономия - табиғат туралы ғылым	7	1	-
2	Заттың құрылысы	4	1	-
3	Қозғалыс	9	-	-
4	Масса және күш	11	2	-
5	Қысым	16	2	-
6	Жұмыс. Қуат. Энергия	11	2	-
	Резервтік уақыт	10		
	Барлығы	68	8	

Кесте 3. 2017 жылғы 7 сынып бағдарламасы  
Кесте 3

Р/с	Тарау	Сағат саны	Зертханалық жұмыстар	Көрсетілімдер саны
1	Физика - табиғат туралы ғылым	-	-	-
2	Физикалық шамалар мен өлшеулер	-	2	-
3	Механикалық қозғалыс	-	-	-
4	Тығыздық	-	1	-
5	Денелердің өзара әрекеттесуі	-	2	-
6	Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым	-	2	-
7	Жұмыс. Қуат	-	-	-
8	Энергия	-	-	-
9	Жай механизмдер	-	2	-
10	Жер және ғарыш	-	-	-
	Резервтік уақыт			
	Барлығы	68	9	

Жаңа мазмұндағы бағдарламада 7-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламаның 75 пайызы оқыту мақсаттарына (білім алушылар нені білуі тиіс екеніне) арналған. Негізгі ерекшелік – жеке тарауларды оқуға бөлінген сағаттар нақты көрсетілмеген, ол мұғалімдердің еншісінде. Зертханалық жұмыстар саны 9, сонымен бірге әр тарауда орындалатын практикалық жұмыстар атап айтылған.

Жаңа оқу бағдарламаларын талдай келе, оқыту мақсаттарына, нәтижелеріне үлкен нараз аударылған және пән мұғалімін сағаттар санымен шектемей шығармашылық ойлары мен жоспарларын жүзеге асыруға, инновациялық әдістерді кеңінен қолдануға мүмкіндік берілген деген қорытынды жасадық.

9-сыныпта тербелістер мен толқындарды оқыту барысында оқушылар білуге тиіс болатын физикалық білім күрделі болып келеді. Мысалы, бағдарламада берілген кестедегі 9 және 10 пунктерге назар аударайық:

9. Период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;

10. Еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау.

Бұл пункттерге қатысты тапсырмаларды орындауға оқушы дайын болу үшін мұғалімнің тақырыпты егжей-текжейлі төсіндіруі керек болады. Сонан соң білімді бекітуге, қайталауға уақыт қажет. Ал, қысқа мерзімді жоспар бойынша жүргізілетін сабақтарда ұйымдастырушылық мәселелерге көп уақыт кетіп қалатын сияқты, сондықтан сабақ тақырыбының негізгі білімдік тұстары назардан тыс қалуы мүмкін. Сабақ үстінде ұйымдастырылатын жеке, жұптық, топтық жұмыстар білімді бекіту, дамыту мақсатында жүргізілуі керек. Сонымен қатар, бұл тақырыптарды оқып-үйренуде пәнаралық байланыс көп роль атқарады (тиімді есептеу, өрнектерді жазу, формулаларды түрлендіру, координаталардағы шамаларды дұрыс жазу, өлшем бірліктерін анықтау, графикті сыза білу, оны сипаттау т.б.).

Жоғары сыныптарда физика пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру деп нақты айтылған. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері де анықталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11 сыныптарына арналған үлгілік оқу бағдарламасының негізгі мазмұны 10 бөлімді қамтиды:

Механика;

Жылу физикасы;

Электр және магнетизм;

Электромагниттік тербелістер;

Электромагниттік толқындар;

Оптика;



Салыстырмалы теорияның элементтері;  
Кванттық физика;  
Нанотехнология және наноматериалдар;  
Космология.

Бітіруші сынып бағдарламасында таза физикалық оқу материалдарына қызықты және күрделі «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология» атты бөлімдерді оқыту қарастырылған. Ұзақ мерзімді жоспардың соңында физикалық практикум өту ұсынылған. Бұл құжатта жоспарланған тақырыптар орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларда нақтыланады. Сабақтың сауатты жоспарлануы – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің бүкіл сыныптың дайындығын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын назарға алу үшін әр білім алушының деңгейін есепке алғаны жөн. Тәжірибе көрсеткендей, жоспарлау талаптарының тиісінше нақты болмауынан мұғалім өз қызметінің мақсаты мен мазмұнына ұғынып қарай алмайды. [4]

Зерттеу барысында мектеп физика курсына оқытуға арналған жаңа оқулықтар туралы жалпы мәліметтер жинақталды. Жаңа оқулықтар алдыңғы оқулықтарға қарағанда жалпы көрінісі, мазмұны, тартымдылығы, білімдік және танымдық сипаты, дизайны, қолжетімділігі т.б. көрсеткіштері жағынан жоғары. Оқулықтардың сандық көрсеткіштерін салыстыра келе және сапалық талдау жасай отырып тұжырымдағанымыз: Физика пәнінен жазылған жаңа мазмұндағы оқулықтар сандық және сапалық көрсеткіштері жағынан заман талабына сай, қолдануға ыңғайлы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес етіп дайындалған.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Білімді ел» газеті. №3, 21 қаңтар 2020 жыл. Сайт: <https://bilimdinews.kz/>
2. Программы средней общеобразовательной школы. Физика. Астрономия. -М.: Просвещение, 1990. -46 с.
3. «Физика және астрономия» оқу бағдарламасы. Жалпы білім беретін мектептің 7-9 сыныптарына арналған. –Астана, 2010. -24 бет.
4. Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Физика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. -Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. –120 б.
5. Интернет-ресурстар.

#### ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА САЙ БІЛІМ БЕРУДЕ АРАЛАС ЖӘНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЗШАТАЕВА Гульшат Тугельбаевна

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан  
bozshataeva69@mail.ru

#### Андатпа

Мақалада ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде білім деңгейін арттыру негізі міндет болып табылатындығы, адамдардың өмір сүру сапасын арттыру, соның ішінде білім сапасын арттыру жеке тұлғаның даму жағдайларын анықтау және пандемия кезінде қалыптасқан жағдайға байланысты білім беруде қолданылған қашықтықтан оқыту тәжірибесін зерттеу және постпандемиялық кезеңде аралас оқыту модельдері (blended learning), оларды оқу процесінде қолданудың артықшылықтары, сондай-ақ оларды пайдалану кезінде туындауы мүмкін мәселелер қарастырылады.

Қоғамның барлық салаларында болып жатқан жаһандық және қарқынды өзгерістер қазіргі кезеңдегі білім берудің ерекшелігін анықтайды. Қазіргі өзгеріп жатқан қоғамның дамуында білім беру жүйесінің негізгі міндеті-шығармашылық ойлайтын, қазіргі өмірге бейім, әлеуеті жоғары адамды дайындау және тәрбиелеу.

Бұл адамның қажеттіліктері мен талпыныстарын қанағаттандыру үшін экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді, атап айтқанда табиғат ресурстарын игеру, қаржы салымдары, ғылыми-

техникалық даму, тұлғаның дамуы мен институционалды өзгерістердің қазіргі және болашақ потенциалын үйлестіруге бағытталған процесс[1].

Қазіргі кездегі білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі бастамалар мен реформалар үшін кең мүмкіндіктер береді. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақты тәрбиелеумен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Мұны жүзеге асыру үшін оқытушылар инновациялық қызметтің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі қажет. Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді бекітуге мүмкіндік береді. Сондықтан, заманауи педагогикалық технологияларды игеру мұғалімнің біліктілігін арттыру және шығармашылық педагогикалық қызметін ұйымдастыру үшін өте маңызды [2,3].

Қазіргі білім берудің мақсаты адамдардың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Тұрақты даму Концепциясы негізгі үш көзқарастың бірігуі нәтижесінде пайда болды: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық.

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар - бір-бірімен өзарабайланысты 17 мақсаттан тұрады. Олар 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған «барлығы үшін тұрақты болашақ пен оны жақсартуға қолжеткізетін жоспары» болып табылады [4].

Тұрақты дамудың 4-ші мақсаты - Сапалы білім беру болып табылады. Осы мақсат бойынша қойылған 7 міндеттің күтілетін нәтижелері төмендегідей:

- Барлығы үшін сапалы бастауыш/орта білім;
- ерте даму және мектепке дейінгі білім;
- техникалық және кәсіптік, сондай –ақ жоғары білім алуға теңдей мүмкіндік беру;
- жұмысқа тұруға қажетті дағдылар;
- гендерлік теңдік және барлығына бірдей мүмкіндік беру;
- жастар мен ересектердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- жаһандық азаматтылық және тұрақты даму үшін білім беру тұрғысындағы тәрбие беру.

Аталған міндеттерді жүзеге асырудың төмендегі құралдары қолданылады:

- Қауіпсіз және инклюзивті білім ортасын қалыптастыру;
- жоғары білім алу үшін стипендиялармен қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде білім деңгейін арттыру негізі міндет болып табылады. Жиырма бірінші ғасырдың маңызды міндеттерінің бірі адамдардың өмір сүру сапасын арттыру, соның ішінде білім сапасын арттыру жеке тұлғаның даму жағдайларын анықтайды.

Пандемияға байланысты жарияланған төтенше жағдайға байланысты елде білім беру саласында үлкен өзгерістер болғаны белгілі. Осыған байланысты дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңа форматтағы жұмысқа көшу қажеттілігі туындады. Бүкіл мұғалімдер қауымының алдына жаңа мақсат - міндеттер қойылды. Бұл мәжбүрліктер болған - қашықтықтан оқыту мәселесі.

Мектептегі жаратылыстану-биологиялық ғылымдарын заманауи оқыту - Биология, Экология, медицина, ауылшаруашылық ғылымдарын терең ақпараттандыру, жаңа ақпараттық технологияларды оқыту құралы ретінде пайдалану арқылы биологияны оқытудың оқу - әдістемелік базасын кеңейтуді талап етеді.

Оқу процесіне коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу биологияны оқыту және табиғатты зерттеу құралы ретінде туындаған қарама-қайшылықты жоюға мүмкіндік береді. Бұл биологиялық білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді және сонымен бірге биологиялық пәндерді оқу процесінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Алайда биологиялық білім беруді ақпараттандыру күрделі ғылыми, әдіснамалық және ұйымдастырушылық мәселе болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін:

1) оқытушыларға арналған тренингтердің мазмұны мен оның оқу-әдістемелік базасын біздің елімізде ашық ақпараттық қоғамды қалыптастыруды айқындайтын үрдістерге сәйкес қайта қарау;

2) мұғалімдерді жаңа білім беру кеңістігінде жұмыс істеуге дайындау. Бірқатар педагогикалық жоғары оқу орындары мен біліктілікті арттыру институттарының осы бағыттағы жұмыстарына қарамастан, мәселе өте баяу шешілуде. Бұл ішінара биология мұғалімдерінің жаңа ақпараттық технологиялардың негізі болып табылатын электронды-коммуникациялық оқыту құралдарын жасау мен пайдалану саласындағы дайындығының жетіспеушілігімен де байланысты.

Бұл саладағы айтарлықтай өткір проблемалар мыналар: ашық ақпараттық қоғамды дамыту контексіндегі биологиялық білім беру мазмұны; білімді, дағдыларды компьютерлік бақылау; демонстрациялық педагогикалық қызметті құру және пайдалану әдіснамасы.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жаңа білім беру жүйесі дамып келеді. Бұл процесс оқыту теориясы мен оқу процесінің тәжірибесіндегі елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Ақпарат берудің дәстүрлі әдістері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мұғалім көптеген инновациялық технологияларға, идеяларға, мектептер мен салаларға назар аударуы керек.

Әртүрлі иллюстрациялар, мультимедиялық және интерактивті модельдерді қолдану оқу процесін жаңа деңгейге көтереді. Бұл тұста психологиялық факторды жоққа шығаруға болмайды: қазіргі баланың ескірген схемалар мен диаграммаларға қарағанда ақпаратты осы формада қабылдауы әлдеқайда қызықты. Сыныпта компьютерді қолданған кезде ақпарат статикалық емес, жарияланбаған кескіндерден гөрі динамикалық кескіндер мен масштабтауды білдіреді, бұл материалды жинау тиімділігін едәуір арттырады.

Қазіргі білім берудің дамуы өмірдің барлық саласында жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды талап етеді.

Қазіргі заманғы мектеп заманауи стандарттардан артта қалмауы керек, яғни қазіргі мұғалім өз жұмысында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануы керек, өйткені мектептің негізгі міндеті - сауатты, ойлы, өзін-өзі білетін ұрпақтың жаңа буынын тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта адамзат дамуының ерекше артықшылығы - ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың зияткерлік қабілеттерін арттыратын компьютерлік технологиялар мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы. Қоғамды ақпараттандыру Қазақстан дамуының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Егер біз еліміздегі үздіксіз білім беруді, орта мектепті, университеттерді және мамандарды қайта даярлау деңгейлерінде қарастыратын болсақ, онда барлық осы кезеңдерде ақпараттандырудың әсерін көруге болады. Оның мақсаты - мамандар даярлаудың ұтқырлығы мен сапасын дамыған елдер деңгейіне көтеру.

Пандемия жағдайында білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту тәжірибесі карантин кезінде ғана емес, ауа-райының қолайсыздығы жағдайында да қашықтықтан оқыту форматы оқу процесін тоқтатпай жүргізудің жақсы тәсілі екенін көрсетті. Мысалы, Астанада, Ақтөбеде өте төмен температура мен боран кезінде мектептер қашықтықтан форматқа көшті. Осылайша, қашықтықтан оқыту форматы бізде заңнамалық түрде бекітілді. Сондықтан белгілі жағдайларда қашықтықтан оқыту білім мекемелерінде посткарантиндік уақытта қолданылуы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту кезінде білім мекемелері әртүрлі білім платформалары мен құралдарын қолданды: Онлайн-сабақтарды жүргізуге арналған платформалар: Zoom meeting, My Conference, Skype, Ms Teams, Google Hangouts; кері байланыс жасау құралдары: Google Формалар, Kahoot, Quizizz, Triventy, Plickers, Padlet тақтасы, MindMeister – интеллектуалды карталар құрастыруға арналған бағдарлама. Оның көмегімен жобаның орындалу барысын көрнекі түрде көрсетуге болады. Содан кейін жасалған картаны кез-келген форматта экспорт жасауға болады.

Сонымен қатар оқытушылар онлайн сабақтарды жүргізуге арналған тақталарды пайдалану техникаларын меңгерді және сабақтарда пайдаланды: Miro, Idroo, Google JamBoard, Zoom whiteboard [5].

Қашықтықтан оқытуға көшу кейбір қиыншылықтары мен кемшіліктердің бар екендігін де көрсетті. Оқу процесінің барысында мұғалім, оқушы және ата-ананың бірлескен іс-әрекеті қажет болды. Бір жағынан техникалық мәселелер орын алып жатса, екінші жағынан психологиялық тұрғыдан да адамдарға белгілі бір қысым болды деуге болады.

Қашықтықтан оқыту тәжірибесінің нәтижелерін білу мақсатында өткен оқу жылының соңғы тоқсанында дәстүрлі форматта білім алуға көшкен мектеп оқушылары арасында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Біздің сауалнамамызды өткізудің мақсаты ата-аналардың қашықтықтан оқыту формасына қатысты пікірін зерттеу, қашықтықтан оқыту нысандарын пайдалану кезінде оң және теріс жақтарын анықтау болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін әр мұғалімнің пәнді оқыту әдістемесін жетілдіру процесінде қолдануға болады.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша барлық респонденттердің жартысынан көбі білім берудегі қашықтықтан оқыту жүйесі қажет деп санайды. Ата-аналардың жауаптарын талдай отырып, жалпы оқытудың жоғары тиімділігі, сонымен қатар қолданылатын әдістердің, әдістердің, түрлердің, бағыттардың және қашықтықтан оқыту модельдерінің тиімділігі туралы айтуға болады.

Сауалнама Шымкент қаласындағы Д.И.Менделеев атындағы №15 лицей мектебінде өткізілді. Респонденттер ретінде 8 сынып оқушылары таңдалды (10 ұл және 20 қыз). Оларға анонимді сауалнама берілді. Сауалнама нәтижелері 1-ші кестеде келтірілген.

Сонымен бірге қашықтықтан оқыту кезінде ескеру қажет бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, бұл әр оқушыға Қашықтықтан оқытуға жеке тәсілдің қажеттілігі. Себебі отбасылардың материалдық жағдайы, интернет-байланыстарының сапасы, балалар мен ата-аналардың компьютерді меңгеру деңгейі әртүрлі.

Карантин шараларының жеңілдетілуіне байланысты оқу орындары онлайн-форматтан толық оффлайн немесе аралас оқыту форматында оқу процесін жүргізуде. Қашықтықтан оқыту мәселелері елімізде заңдастырылды.

Кесте 1 - Оқушылармен жүргізілген сауалнама нәтижелері

	Сауалнаманың сұрақтары	Жауаптарды талдау
1	Оқу үшін қажет болған кезде Интернетке оңай қол жеткізе аламын ба?	А) келісемін - 15 Б) келіспеймін - 5 В) жауап беруге қиналамын -10
2	Мен сыныптастарыммен және оқытушыларыммен электронды түрде белсенді байланыс жасауға дайынмын ба?	А) келісемін-17 Б) келіспеймін - 0 В) жауап беруге қиналамын -13
3	Оқушы ретінде өз бетінше жұмыс істеу маған ұнайды?	А) келісемін-5 Б) келіспеймін -5 В) жауап беруге қиналамын -20
4	Мен интернет платформалары арқылы онлайн режимінде байланысқанда өзімді ыңғайлы сезінемін бе?	А) келісемін -8 Б) келіспеймін -5 В) жауап беруге қиналамын - 17
5	Үйде қандай технологияларға қолжетімділік бар?	А) менде қалыпты компьютерге немесе электрондық поштаға қолжетімділік жоқ - 2 Б) менде үнемі интернетке қолжетімді компьютер, өзімнің электронды поштам бар, кез-келген файлдарды жүктеп ала аламын – 3 В) менде интернетке қолжетімді компьютер және электронды поштам бар - 25
6	Оқуға келгенде ....?	А) мен жаңа технологияларды пайдалану қажеттілігінен жүйкем тозады, өзімді жайсыз сезінемін, себебі оларды қолдана алмаймын -5 Б) мен жаңа технологияларды пайдалану қажеттілігінен өзімді жайсыз сезінуім мүмкін, бірақ маған оқу ұнайды - 4 В) маған барлық кезде жаңаша оқу, жаңа технологияларды қолдану ұнайды - 21
7	Қашықтықтан оқыту кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз ?	А) интернеттің нашарлығы - 10 Б) проблема болған жоқ -5 В) басқа -15
8	Оқу кезінде ата-анаңыз сізге көмек көрсетті ме ?	А) иә - 12 Б) жоқ -8 В) кейде -10

Қазіргі кезде педагогтардың алдында тұрған мәселе аралас оқытудың тиімді әдістемелерін жасау болып табылады.

Аралас оқыту бұл АКТ және қазіргі заманғы оқу құралдары ұсынатын жаңа дидактикалық мүмкіндіктерге негізделген «күндізгі оқу жүйе» технологиялары мен электрондық оқыту технологияларын біріктіру тұжырымдамасына негізделген білім беру процесін ұйымдастыру технологиясы. Аралас оқыту модельдері (blended learning) бүгінге оқу процесіндегі маңызды мәселе болып табылады. Аралас оқыту жүйесі АҚШ пен Еуропада кеңінен таралған. Бұл интернет коммуникацияларының және халықтың компьютерлік сауаттылығы жоғары деңгейде болуына байланысты. Сонымен қатар болашақ студенттерді техникалық (компьютерлік) қамтамасыз ету маңызды рөл атқарды [6].

Аралас оқыту технологиясының модельдері суретте берілген - 1.Ротация моделі: бұл модельге бірнеше әдістер кіреді, станциялар ротациясы, зертханалар ротациясы, төңкерілген сынып; 2.Икемді модель; 3.А la Carte моделі; 4. Кеңейтілген виртуалды модель. Аралас оқытудың аса тиімді формасы болып табылатын станциялар ротациясы әдісін пайдаланудағы мұғалім мен білімалушының іс-әрекеті төмендегі 2-ші кестеде берілген [7].



Сурет. Аралас оқытудың модельдері

Кесте 2 - Станциялар ротациясы әдісімен сабақ жүргізу кезіндегі мұғалім мен білімалушының іс-әрекеті

Станция 1 Мұғаліммен жұмыс	Станция 2 Топтардағы жұмыс	Станция 3 Онлайн-жұмыс
Мұғалімнің басшылығымен шағын-сабақ (әр топ үшін дифференциалданған)	Проблеманы бірлесе шешу	Жеке тапсырма (мүмкіндігінше бойынша дифференциалданған)

Қорыта келгенде сауалнамалардың көмегімен мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының Қашықтықтан оқытуға көзқарасын зерттеу: сауалнама нәтижелерін талдау жалпы Қашықтықтан оқытудың айтарлықтай жоғары тиімділігін, сонымен қатар әр оқушыға Қашықтықтан оқытуда жеке көзқарас қажеттілігін ескере отырып, Қашықтықтан оқытудың қолданылатын әдістерінің, түрлерінің, бағыттары мен модельдерінің тиімділігін көрсетті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Селевко Г. К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. – М.: НИИ школьных технологий, 2005.
2. Андреев А.А. Компьютерные и телекоммуникационные технологии в сфере образования //Школьные технологии. – 2011, № 3.
3. Башмаков М.И., Поздняков С.Н., Резник Н.А. Процесс обучения в информационной среде //Школьные технологии. – 2012, № 6.
4. Цели образования в интересах устойчивого развития: задачи обучения.- Учебное пособие. 2016
5. 87 приемов и инструментов для учителей по работе онлайн. Фоксфорд. Учителю.- Онлайн-школа: Фоксфорд, 2020 г.
6. И.В.Кривопалова. Смешанное обучение как инновационный путь модернизации образовательной сферы //Вестник ТГУ, т. 18, вып. 1, 2013. 60-63
7. Григальчик Е.К. Урок химии в 8 классе на основе технологии смешанного обучения (модель «Ротация станций»). Технологиялық карта. 2021.

## ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЕКТПЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

ДАВЛЕТБАЕВА Камчат Нуруллаевна  
«Тұран-Астана» университеті  
Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

### Аңдатпа

Эмоционалды интеллектті зерттеудің өзектілігі, бір жағынан, осы психологиялық құбылыс тұжырымдамасының жеткіліксіз дамуымен және екінші жағынан, кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру, тұлғааралық қатынастарды сәтті құру, өзін-өзі тану және т.б. үшін оның маңыздылығы туралы көптеген эмпирикалық дәлелдердің болуымен анықталады.

Эмоционалды интеллект туралы ұғымдардың қалыптасу тарихына қысқаша көз жүгіртетін болсақ, оны шетелдік психологиядағы "эмоционалды интеллект" ұғымы туралы идеялардың дамуын қарастырудан бастағанымыз жөн.

Кілт сөздер: Эмоционалды интеллект, Дэниел Гоулман, Э. Торндайк, Дж. Гилфорд, Г. Айзенк, EQ, психология, тұлға

### Аннотация

Актуальность исследования эмоционального интеллекта определяется, с одной стороны, недостаточным развитием концепции данного психологического феномена, а с другой - наличием большого количества эмпирических данных о его значимости для эффективного осуществления профессиональной деятельности, успешного построения межличностных отношений, самореализации и др.

Если кратко взглянуть на историю формирования понятий об эмоциональном интеллекте, то лучше начать ее с рассмотрения развития представлений о понятии "эмоциональный интеллект" в зарубежной психологии.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, Дэниел Гоулман, Э. Торндайк, Дж. Гилфорд, Г. Айзенк, EQ, психология, личность

### Abstract

The relevance of the study of emotional intelligence is determined, on the one hand, by the insufficient development of the concept of this psychological phenomenon, and on the other hand, by the presence of a large amount of empirical data on its significance for the effective implementation of professional activities, successful building of interpersonal relationships, self-realization, etc.

If we briefly look at the history of the formation of concepts of emotional intelligence, it is better to start it by considering the development of ideas about the concept of "emotional intelligence" in foreign psychology.

Keywords: emotional intelligence, Daniel Goleman, E. Thorndike, J. Guilford, G. Eysenck, EQ, psychology, personality

Эмоционалды интеллект туралы ұғымдардың қалыптасу тарихына қысқаша көз жүгіртетін болсақ, оны шетелдік психологиядағы "эмоционалды интеллект" ұғымы туралы идеялардың дамуын қарастырудан бастағанымыз жөн.

Ежелгі грек және шығыс философтары, сондай-ақ әртүрлі діни ағымдардың өкілдері эмоциялардың таным процестеріне әсері туралы ойланып, адамның рухани өсуі үшін эмоцияларды бақылаудың маңыздылығын атап өткенін байқаймыз.

Эмоционалды интеллект (ЭИ) ғылыми түсінігінің тамыры Чарльз Дарвиннің 1872 жылғы "Адамдар мен жануарлардағы эмоцияны білдіру" еңбегінде пайда болады, онда ол күшті қозу кезінде "ақыл" мен "жүрек" бір-біріне өзара әсер ететінін айтады.

Сонымен "Эмоционалды интеллект" феноменін зерттеу іргелі ғылымның да, психологияның, педагогиканың және менеджменттің қолданбалы саласының да әртүрлі бағыттарындағы ғалымдардың назарын аударады.

Эмоционалды интеллект (Emotional Intelligence немесе Emotional Quotient) - бұл адамның өз қалауын және басқалардың эмоцияларын, ниеттерін, мотивациясын, тілектерін тану және оны басқару қабілеті. Дағды практикалық мәселелерді шешуге және өмірде және жұмыста қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі. Дамыған эмоционалды интеллектісі бар адамдар басқа адамдармен келіссөздер жүргізе алады, шешім қабылдай алады және жағымсыз жағдайларға дұрыс баға бере алады.

Эмоциялар арқылы біз оқиғаларды, сөздер мен жағдайларды сезіне аламыз. Егер оларды түсінбейтін болсақ, не болып жатқандығы бұрмаланады. Мысалы, жұмыста сізге ескерту жасалса, сіз дауласып, жанжалдаса бастайсыз.

Нәтижесінде бұл невроздарға, апатияға және басқа да күйзелістік жағдайларға әкеледі. Сонымен қатар, депрессия тез арыла қоймайды: зерттеушілердің пікіріне сәйкес адамдардың 15-39%-ында ол бір жылдан астам уақытқа созылады.

Дамыған эмоционалды интеллектісі бар адам іс-әрекеттерді немесе эмоцияларды емес, олардың себептерін сезіне алады. Бұл оған сынды дұрыс қабылдауға, басқа адамдарды түсінуге және оларға тиісті реакциямен жауап беруге көмектеседі.

Эмоционалды интеллект ұғымы 1995 жылы американдық жазушы, психолог, ғылыми журналист Дэниел Гоулманның аттас кітабы жариялағаннан кейін танымал болды.

Гоулманның зерттеуіне сәйкес, эмоционалды интеллекті дамыған адамдардың психикалық денсаулығы, жұмыс тиімділігі және көшбасшылық дағдылары жақсы болады. Бұл ретте көшбасшылық қабілеттердің 67%-ы эмоциялық интеллектке тиесілі. Бұл техникалық білімнен гөрі маңызды және IQ (айкью) екі есе. Ресми IQ тесті бүкіл әлемде қолданылады (орташа IQ: 100).

Кәсіби қызметтегі жаңа көріністі және жеке тұлғаның жетістігі мен дамуына әсерін зерттеу. Эмоционалды интеллект зерттеулерінің ерекше танымалдылығы Д. Гоулманның "Эмоционалды интеллект" кітабынан бастау алатынын жоғарыда атап өттік.

Бизнес пен саясатта табысқа жетудің кілті ретінде анықталған эмоционалды зияткерлікті өлшеуге арналған әдістер жасалды [1]. Д. Гоулман бизнес сияқты сала үшін эмоционалды процестерге назар аударудың қаншалықты маңызды екенін керемет көрсете білді [2].

Эмоциялар бизнеске ортағасырлық Еуропада үстемдік ете бастады, өйткені олар көңіл-күйдің әсерінен кез-келген мәмілені бұзуы мүмкін екендігіне көз жеткізілді. Қорлау, алдау, төбелесу қалыпты деп саналды. Уақыт өте келе эмоциялардың қажетсіз теріс әсерінсіз ұзақ мерзімді іскерлік қарым-қатынастар қажет болды.

Эмоцияларды жасыру, бизнесте құрғақ және қисынды болу қалыпты жағдайға айналды.

"Эмоционалды интеллект" ұғымының мәнін және оның құрылымын түсіну үшін біз "интеллект" сөзінің бастапқы мағынасын және оның әртүрлі белгіленуін талдаймыз.

"Интеллект" дегеніміз - ақпаратты өңдеуге байланысты танымдық сипаттама. Латын тілінен "intellectus" ақыл, пайым, парасат деп аударылады.

Энциклопедияда интеллект ойлау қабілеті, абстрактті танымға қабілет деп түсіндіріліп, салыстыру, абстракциялау, ұғымдарды қалыптастыру, пайымдау, қорытынды жасау сияқты функцияларды қамтиды.

Бұл ұғым өте "ежелгі" болғанына қарамастан (ежелгі философтар қарастырған), ол қазіргі кезде де өзекті болып қала береді. Бұл құбылысты талдау барысында, ғалымдар бірдей көзқарасқа келе алмай отыр, сондықтан анықтаманың күрделілігіне байланысты интеллекттің толық моделін құру қиын.

Ғалымдардың ғылыми ұстанымдарының ерекшеліктерінен "интеллект" ұғымы бірнешеде ондағанға дейін әртүрлі факторларды қамтиды. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде "жалпы интеллект", "арнайы интеллект", "әлеуметтік интеллект", "эмоционалды интеллект" сияқты ұғымдар қарастырылады.

Жалпы мағынада эмоционалды интеллект (ЭИ) өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және оларды басқару қабілеті ретінде анықталады [3].

ЭИ ұғымы Э. Торндайктың (1920), Дж. Гилфордтың (1967) және Г. Айзенктің (1995) әлеуметтік интеллект тұжырымдамасынан бастау алады. ЭИ дамуының басталуы Гарднердің бірнеше интеллект теориясымен де байланысты (1983).

Гарднер өзінің теориясында тұлғашылық және тұлғааралық интеллект ұғымдарын бөліседі.

Тұлға ішілік интеллектті ол "өзінің эмоционалды өміріне, өзінің аффекттері мен эмоцияларына қол жеткізуі: сезімдерді лезде ажырату, оларды атау, оларды символдық кодтарға аудару және оларды өз мінез-құлқын түсіну және басқару құралы ретінде пайдалану қабілеті" деп сипаттайды.

Қазіргі уақытта шетелдік зерттеушілер эмоционалды интеллектті (ЭИ) зерттеудің ең танымал үш тәсілін бөліп көрсетеді:

- ЭИ Майер мен Саловейдің қабілеттілік моделі ретінде (Mayer and Salovey, 1997; Brackett and Salovey, 2006);

- эмоционалды-әлеуметтік интеллект (ЭСИ) Р. Бар-Она (1997; Bar-on, 2006);

- ЭИ эмоционалды құзыреттілік моделі ретінде (Goleman 1998; 2001; Boyatzis, 2006).

Жоғарыда аталған үш тәсіл қазіргі уақытта ең үлкені болып табылады.

ЭИ дегі көптеген жеке зерттеулер мен бағыттар осы ағымдардың біріне негізделген. П. Саловей мен Дж. Майер концепциясы - эмоционалды интеллектті зерттеу тарихындағы алғашқы модель болып табылады.

"Эмоционалды интеллект" терминін алғаш енгізген де осы П. Саловей мен Дж. Майер болды. П. Саловей мен Дж. Майердің концепциясы бойынша эмоциялар адамның басқа адамдармен немесе заттармен байланысы туралы ақпаратты қамтиды, яғни адамға осы байланыстардың сипаты туралы "хабарлайды".

Эмоционалды интеллект эмоциялардағы ақпаратты өңдеу қабілеті ретінде: эмоциялардың мағынасын, олардың бір-бірімен байланысын анықтау, эмоционалды ақпаратты ойлау мен шешім қабылдау үшін негіз ретінде белгіленеді.

П. Саловей мен Дж. Мейер иерархияда орналасқан төрт құрамдас бөлікті анықтады, мұнда әрбір компонент адамның жеке эмоцияларына да, басқа адамдардың эмоцияларына да қатысты:

- эмоцияларды сәйкестендіру. Оған эмоцияларды қабылдау (яғни, эмоциялардың болу фактісін байқай білу қабілеті), оларды сәйкестендіру, адекватты білдіру, шынайы эмоцияларды ажырату және оларға еліктеу сияқты бірқатар өзара байланысты қабілеттер кіреді;

- ойлау мен іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды пайдалану. Маңызды оқиғаларға назар аудару үшін эмоцияларды пайдалану, проблемаларды шешуге ықпал ететін эмоцияларды ояту (мысалы, шығармашылық идеяларды қалыптастыру үшін жақсы көңіл-күйді пайдалану), көңіл-күйдің ауытқуын мәселенің әртүрлі көзқарастарын талдау құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін қамтиды;

- эмоцияларды түсіну. Эмоциялар кешендерін, эмоциялар арасындағы байланыстарды, бір эмоциядан екінші эмоцияға ауысуды, эмоциялар себептерін, эмоциялар туралы ауызша ақпаратты түсіну қабілеті;

- эмоцияларды басқару. Эмоцияларды бақылау, теріс эмоциялардың қарқындылығын төмендету, өз эмоцияларыңды, оның ішінде жағымсыз эмоцияларды түсіну, олармен байланысты жағымсыз эмоцияларды басып-жаншымай, эмоционалды жүктелген мәселелерді шешу қабілеті. Тұлғалық өсуге және тұлғааралық қатынастарды жақсартуға ықпал етеді [4].

Саловей мен Мейер моделінің құрамдас бөліктеріне ынта, табандылық және әлеуметтік дағдыларды қосқан, яғни модельге когнитивтік қабілеттер мен тұлғалық сипаттар біріктіріктірілген Д. Гоулманның эмоционалды интеллект үлгісін қарастырайық.

Р. Бар-Он өмірлік жағдаяттарды шешуге көмектесетін когнитивті, білім мен құзыреттіліктен басқа барлық қабілеттерді қамтитын эмоционалдық интеллект түсінігінің кең түсіндірмесін береді [5].

Эмоционалды интеллектті әлеуметтік бөлік ретінде қарастыра отырып, ол өзінің зерттеулері аясында алғаш рет "EQ" (эмоционалды интеллект коэффициенті) терминін енгізді. Р. Бар-Он бес ЭИ компоненттерімен анықталатын құзыреттіліктің бес саласын бөліп көрсетті; осы компоненттердің әрқайсысы бірнеше қосалқы компоненттерден тұрады:

1. Өзін-өзі тану: өз эмоцияларын түсіну, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, тәуелсіздік.

2. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары: эмпатия, тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік.

3. Бейімделуге қабілеттілік: проблемаларды шешу, шындықпен байланыс, икемділік.

4. Стрест жағдайларды басқару: стресске қарсы тұру, импульсивтілікті бақылау.

5. Басым көңіл-күй: бақыт, оптимизм.

Р. Бар-Он жоғарыда аталған субкомпоненттерге сәйкес келетін 15 шкаладан тұратын эмоционалды интеллектті өлшеуге арналған сауалнама жасады.

Ғылыми әдебиет көздерін талдау негізінде эмоционалды интеллект адамның эмоционалды жағдайдағы реакциясын түсіндіру және болжау үшін қажет және жеке тұлғаның эмоционалды сфрасын талдаудың тиімді құралы болып табылатын күрделі құбылыс ретінде анықталады.

Эмоционалды интеллекттің даму деңгейі және оның ерекшеліктері келесі факторларға байланысты: танымдық қабілеттер, эмоциялар туралы елес, эмоционалды сезіну ерекшеліктері.

Эмоцияларды түсіну эмоционалды интеллекттің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені эмоцияларды басқару және оның негізінде дұрыс реакция құру өзіңіздің және басқалардың эмоцияларын дұрыс түсінуіңізге байланысты.

"Тәжірибедегі эмоционалды интеллект" кітабының авторы Джастин Барисо дамыған EQ-нің 13 критерийін бөліп көрсетеді:



1. Өз сезімдеріңіз бен эмоцияларыңызды сезінесіз.
2. Сөйлесуден немесе әрекет етуден бұрын кідіріс жасайсыз.
3. Өз ойларыңызды және эмоцияларға реакцияны басқаруға тырысыңыз.
4. Сынды бір нәрсені жақсарту мүмкіндігі ретінде пайдаланасыз.
5. Құндылықтарыңыз бен принциптеріңізді ұстанасыз.
6. Тілектес болуды білесіз
7. Басқаларды мадақтайсыз және шабыттандырасыз.
8. Пайдалы кері байланыс бересіз.
9. Кешірім сұрайсыз және қателіктерді мойындайсыз.
10. Кешіресіз және ұмытасыз.
11. Өз міндеттемелеріңізді орындайсыз.
12. Басқаларға көмектесесіз.
13. Өзіңізді эмоционалды саботаждан қорғайсыз.

Оқушыларда осындай эмоциялы білімді белгілі бір дамытушы жағдайды ұйымдастыру арқылы қалыптастыруға болады. Солардың бірі психологиялық тренинг болып табылады. «Психологиялық тренинг» кең мағынада өзін-өзі тану және өзін-өзі басқару дағдыларын, тұлғааралық өзара әрекеттесу, коммуникативті ептіліктерді дамытуға бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және үйретуші әдістер жиынтығы [6].

Психологиялық тренинг мақсаты - жоғары сынып оқушыларының жеке басын дамытудың келесі міндеттерін шеше алады: мінез-құлықты өзгерту және түзету мақсатында өзіндік сананы дамыту; психологиялық мәселелерді анықтауға және оларды шешуге көмек көрсету; қарым-қатынас негіздерін зерттеу; өзінің және өзгенің эмоцияларын тану және ұғынуды үйрету; өзін-өзі, өз сезімдерін, күйін, ішкі дауысын басқаруды үйрету.

Психологиялық тренингтің негізгі механизмдері келесідей: сезіну, адалдық, кері байланыс, эмпатия, инсайт, коррективті эмоциялық тәжірибе, мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін игеру, байқау үрдісінде үйрену, альтруизм, өзгені және өзін қабылдау, мәселені түсіну. Бұл аталғандар тренингке қатысушыларға конструктивті тұлғалық өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары сынып оқушыларында эмоциялық интеллектіні дамыту динамикалық үрдіс болып табылады әрі ол рефлексивті бейнелеу негізінде адамды эмоциялық сезіну дұрыстығын қамтамасыз етуші құралдар жүйесін жүзеге асыруды көздейді. Егер тренер нұсқау беру кезінде аталған шарттарды сақтау қажеттілігін ескертсе және тренердің тренингке қатысушылармен қарым-қатынасы осы шарттар негізінде құрылса оқушылардың эмоциялық күйлерінен оң өзгерістер динамикасын байқауға болады.

Тренингте қойылған міндеттерді жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын принциптердің бірі - өз атынан пікір айту яғни «Мен-айтылым». Тренингке қатысушылардың басты назары өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау және рефлексия үрдістеріне аударылуы тиіс. Топтың өзге мүшесінің мінез-құлқын бағалау - өзінде туындаған сезімдер мен әсерленулерді айту арқылы жүзеге асырылуы қажет. Өз көзқарасын білдіру, сезімін ашық айту тренингте оқытып, үйретудің негізгі элементі болып табылады.

Тренингтік сабақтарда маңыздысы - психологиялық сигналдарды зерттеу, ұғыну және сезіну шарттарын жасау: вербалды сигналдар - айту мағынасы, айтылатын сөздерді іріктеу, сөйлеу дұрыстығы және оның бағытталу түрлері: паралингвистикалық - сөздерді айту және дыбыстау ерекшеліктері, дауыс, интонация, қарқыны, ырғақ, сөйлеу қаттылығы т.б.; вербалды емес - кеңістікті орналасу күйі, ым-ишаралар, көзбен байланысу, жанасу, иістер, сыртқы келбет т.б.

Тренингті жүргізу барысында уақыттың басым бөлігі қатысушылардың арнайы әзірленген жаттығулар мен техникаларды орындауына және алынған тәжірибені талдауға бөлінеді. Тренингте негізгі техникалар - пікірталас, рөлдік ойын, психогимнастикалық жаттығулар, ми штурмы, оқиғаларды талдау, видеосюжеттерді талдау, қатысушылар тәжірибесінен проблемалық жағдаяттарды модельдеу, «осында және қазір» принципі бойынша ағымдағы тәжірибені талдау болып табылады. Атқарылатын жұмыстар төрт бағытта құрылады: өзін-өзі түсінуді, өзін-өзі басқаруды, ықпал ету дағдылары мен эмпатияны дамыту.

«Өзін-өз түсіну» және «өзін-өзі басқару» бағыттары бойынша тренингке қатысушылар өз эмоциялары мен сезімдерін дұрыс түсінуді үйренеді, эмоцияларды басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін мінез-құлық мотивтерін ұғынады.

Жанашырлыққа қабілеттілік - арнайы жаттығулар көмегімен қалыптастырылады, қатысушыларда жаттығуларды орындау барысында өзінің және өзгелердің эмоцияларын, қажеттіліктері

мен мотивтерін байқау және түсіну қабілеттері дамиды. Ықпал ету дағдылары дәлелдеу және сендіру техникаларынан тұратын жаттығулармен дамиды [7].

Қорытындылай келгенде, эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық тренингке қатысу - оқушылардың тиімді, сапалы тұлғааралық қатынастарына, жанжалдасудың төмендеуіне, оқушылар арасында өзара түсіністіктің орнап, үйлесімді қарым-қатынастың орнауына айрықша ықпалын тигізеді.

Сондықтан, өмірде табыстарға қол жеткізуде эмоциялық интеллектінің маңызы зор, себебі ол адамға өзгермелі ортаға, қоғамға бейімделуге, адамдарды түсінуге, айналадағылармен тиімді өзара әрекеттесуге мол мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Д. Гоулман. - М.: Изд-во АСТ, 2009. - 480 с.
2. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Даниел Гоулман, Ричард Боячич, Энни Макки; Пер. сангл. - 5 изд. - М.: Альпина Паблишерз, 2011. - 301 с.
3. Берулава, М.Н. Нация в опасности / М.Н. Берулава // Педагогика. 2009. № 5. С. 3-6.
4. Андреева И.Н. Концептуальное поле понятия «эмоциональный интеллект» / И.Н. Андреева // Вопросы психологии. - 2009. - № 4. С. 131
5. Люсин Д.В. Новая методика измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭМИн / Д.В. Люсин // Психол. диагностика. - 2006. - № 4. - С. 3-22.
6. Карвасарский Б.Д. Психотерапевтическая энциклопедия. СПб.: Питер Ком, 1999. -752 с.
7. Молдахметова Г.М., Тойымбетова Д.С. Эмоциялық интеллект феномені және оның тұлға аралық өзара әрекеттесудегі маңызы // Қызықты психология №1-2015.
8. Симонова Л.Б. Развитие эмоционального интеллекта старшекласников в условиях профильного образования // Альманах современной науки и образования, №11 (66) 2012. С-168-170.

#### БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЕСМАХАНОВА Жаркынай Шарбадиновна, Г.Т. Жусипова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан

jarkyn.74@mail.ru

#### Аңдатпа

Қазіргі кезде білім сапасын арттыруда цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығы өте жоғары. Оны қолдану және одан нәтиже шығару әрбір мұғалімнің кәсіби білімі, білігі және дағдысына тікелей байланысты.

Мақала мазмұнының мақсаты: мұғалімдердің цифрлық білім беру технологияларын қолдану біліктілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеп, оның тиімділігін тексеру. «Цифрлық білім беру», «Цифрлық білім беру технологиялары», «Цифрлық сауаттылық», «Цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұны анықталды.

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

**Түйін сөздер:** цифрлық білім беру, цифрлық білім беру технологиялары, цифрлық сауаттылық, цифрлық құзыреттілік.

Соңғы онжылдықта біз дәстүрлі білім беруден цифрлық білім беруге көз ілестірмес жылдамдықпен көштік. Дамудың әртүрлі кезеңдерінде бұл ауысу білім беруді компьютерлендіру мен ақпараттандырудан цифрландыру жағдайында білім беруді трансформациялау уақытына да келді [1].

2017 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы экономикасының

дамуын жеделдету және цифрлық технологияларды қолдану нәтижесінде халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, сонымен қатар Қазақстан экономикасын келешектің цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ету жоспары білім беру салалары жалпы, орта, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру міндеттерді көздейді [2].

Қазіргі мектеп тәжірибесінде «оқыту мен білім беруді цифрландыру» жалпы ұғым деп аталатын үрдіске айналды. Оның мақсаты яғни, білім беру үрдісін цифрландыру - бұл бір жағынан білім беру үрдісінің элементтерін, ал екінші жағынан, цифрлық дидактикалық мүмкіндіктерді цифрлы түрде пайдалану үшін білім беру үрдісінде қолданылатын цифрлық технологиялар мен құралдарды қарсы түрлендіру, технологиялар және оларды педагогикалық мәселелерді шешуге толық бейімдеу. Оны оқу үрдісіне ендіру немесе цифрлық білім беру өнімдері: білім беру қажеттіліктері мен мақсаттарын, цифрлық ұрпақтың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қатынастарына қатысушылар мен осындай өнімдерді жасаушылар арасындағы өзара іс-қимыл негізінде дамыған цифрлық білім беру кешендері, желілік платформалар, компьютерлік бағдарламалар және т.б. студенттер мен оқытушылардың мүмкіндіктері, дидактикалық принциптері және кәсіптік білім беру мен оқытудың оқу процесінің ерекшеліктері болып тбылады.

Болашақ мұғалімдердің цифрлық құзіреттіліктерін қалыптастыруда төмендегідей ұғымдар қолданылады.

**Цифрлық технологиялар** - Қашықтықтан өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету және оларды басқару мақсатында әр түрлі объектілер туралы ақпарат жинауға және ұсынуға мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық, телекоммуникациялық, виртуалды, мультимедиялық технологиялар. Цифрлық қоғамды дамытудың оң сценарийінде дәл осындай технологиялар адамның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін физикалық, әкімшілік және әлеуметтік кедергілерді жоюды қамтамасыз етеді.

**Цифрлық білім беру технология** - құрылғыларды және бағдарламалық жасақтаманы оқуда немесе сабақ барысында және одан тыс жерлерде, ресми, бейресми және бейресми білім беруде қолдану тәсілдері: - жеке сандық құрылғыларды қолдану арқылы оқыту; - төңкерілген оқыту; геймификация.

**Цифрлық орта** - ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның болуын болжайтын және адамға өзін-өзі жүзеге асыруға, жеке және кәсіби дамуға, әртүрлі күнделікті және кәсіби міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологиялар мен ресурстар жиынтығын ұсынатын жағдайлар мен мүмкіндіктер жүйесі.

**Цифрлық сауаттылық** - бұл цифрлық технологиялар мен интернет-ресурстарды қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы. Цифрлық сауаттылық қазіргі заманғы адам үшін дәстүрлі сауаттылық сияқты маңызды - оқу мен жазу, математикалық дағдылар және әлеуметтік мінез-құлықты басқару.

**Цифрлық құзіреттілік** - бұл технологияны тиімді пайдалану дағдылары. Оларға ақпаратты іздеу, сандық құрылғыларды пайдалану, әлеуметтік желілердің функционалдық мүмкіндіктерін пайдалану

**Цифрлық білім беру үрдісі** - мұғалімнің мотивациялық, ұйымдастырушылық және басқарушылық рөлімен цифрлық технологияларды қолдану негізінде білімді, дағдыларды, біліктерді толық игеруге бағытталған студенттердің жеке және топтық оқу іс-әрекетінің арнайы ұйымдастырылған үрдісі.

**Электронды оқыту, e-Learning** - ақпараттық-білім беру ресурстарының берілуін және білім беру кеңістігіне қатысушылардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ресурстарын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, техникалық құралдарды, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық желілерді қолдана отырып оқыту. Электронды оқытуға: қашықтықтан технологиялар, веб-конференциялар, веб-семинарлар, интерактивті тапсырмалар, білім беру Интернет-қауымдастықтар, әлеуметтік желілер кіреді

Қазіргі білім алушылар ақпарат алу үшін кітапқа азырақ бұрылып, оны интернет желісінен алуға тырысады. Биология курсына жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану білім алушылардың ынтасының төмендігімен оқу деңгейін айтарлықтай көтереді. Бірақ қазіргі ақпараттық кеңістікте ақпараттың көлемі орасан зор, мазмұны шындыққа сәйкес келе бермейді.

Бүгінгі күні білім алушыларға биологияны оқытуда пән бойынша ғылыми ақпараттың тұлға жадында ұзақ жылдар бойы сақталатындай етіп, ал білім оған ауысатындай етіп беру, тек сабақта ғана емес, сонымен қатар әртүрлі стандартты емес жағдайларда қолданылатын күшті дағдылар.

Инновациялық тәжірибенің мақсаты: іс-әрекеттің жаңалығы арқылы білім алушылардың «биологияны оқыту» пәні бойынша оқыту сапасын арттыруға оңтайлы жағдай жасау, компьютермен

жұмыс істеуге қызығушылықты арттыру; педагогикалық тәжірибені одан әрі өз тәжірибесінде пайдалану және биология мұғалімдері арасында тарату үшін қалыптастыру [3].

Міндеттері: 1. Интерактивті әдістерді, формаларды, оқу құралдарын пайдалана отырып, жеке мұғалімдердің бар тәжірибесін зерделеу және талдау, биологияны оқытудағы интерактивті оқытудың артықшылықтарын анықтау.

2. Инновациялық интерактивті технологияларды теориялық тұрғыдан меңгеру

3. Білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өз бетінше жаңа білімді меңгеру мен әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау.

4. Білім алушылардың цифрлық құзіреттілігін, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуін қалыптастыру.

Оқытуда мультимедиялық технологияны қолданудың бір тиімді тұсы – іс-әрекеттің жаңашылдығына, цифрлық технологиялармен жұмыс істеуге деген қызығушылығына байланысты білім сапасын арттыру. Биология сабағында цифрлық технологияларды пайдалану оқушылардың белсенді және мазмұнды жұмысын ұйымдастырудың, сабақтарды көрнекі және қызықты етудің жаңа әдісі бола алады. Цифрлық технологияларды жүйені қолдану арқылы өтетін сабақтар мұғалімді алмастырмайды, керісінше, білім алушылармен қарым-қатынасты мазмұнды, дара және белсенді етеді.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мыналарға мүмкіндік береді:

- білім алушылардың жүйелі ойлауын қалыптастыра отырып, оқу процесін ұйымдастыруды түбегейлі өзгерту.

- оқу-тәрбие үрдісі барысында білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыру.

- оқу процесін дараландыру және принципті жаңа танымдық құралдарға бет бұру үшін цифрлық технологияларды пайдалану.

- микро- және макроәлемдегі құбылыстар мен процестерді, күрделі техникалық және биологиялық жүйелер ішінде, компьютерлік графика мен модельдеуді қолдану негізінде зерттеу.

- шын мәнінде өте жоғары немесе төмен жылдамдықта болатын әртүрлі биологиялық процестерді зерттеуге ыңғайлы масштабта көрсету.

Цифрлық технологиялар биологияны оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады: яғни, жаңа материалды түсіндіру (енгізу), білім, білік, дағдыны бекіту, қайталау, бақылау. Сонымен бірге ол білім алушылар үшін әртүрлі функцияларды орындайды: мұғалім, жұмыс құралы, оқу объектісі, бірлескен ұжым, бос уақыт (ойын) ортасы.

Барлық әдістер, әдістемелік тәсілдер сияқты оқыту құралдары да дидактикалық қызметтердің үштұғырлығын орындайды, олар негізінен кез келген пәнді оқытуда өзгеріссіз қалады және үштік функцияларды орындайды: оқыту, дамыту, пәндік іс-әрекет шеңберінде білім беру, пайдалануды ескереді.

**Оқыту қызметтері:**

- білім сапасын арттыру, бұрын алған білімдерін бекіту, білім сапасын бақылау жүйесін меңгеру;

- биология мұғалімінің пәндік іс-әрекетіндегі жаратылыстану әдістерін цифрлық технология көмегімен меңгеру;

- табиғи және виртуалды объектілермен жұмыс істеу кезінде практикалық дағдыларды қалыптастыру;

**Дамытушылық қызметтері:**

- танымдық процестердің бүкіл жүйесін дамыту ( *зейін, қабылдау, бейнелеу, елестету, ойлау, есте сақтау, сөйлеу* );

- цифрлық технология қолдану арқылы ойлаудың аналитикалық және синтетикалық әдістерін дамыту;

- цифрлық орта - негізінде шығармашылық қабілеттерді дамыту;

**Тәрбиелік қызметтері:**

- жаратылыстану-ғылыми дүниетаным мен ойлаудың жаратылыстану-ғылыми стилін, өз іс-әрекетін алгоритмдеу қабілетін қалыптастыру;

- оқудың әлеуметтік құнды мотивтерін ( *оқуға деген қызығушылықты* ) қалыптастыру;

- мінез-құлықтың әлеуметтік жағымды элементтерін қалыптастыру;

- жеке тұлғаның ерік-жігері мен адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу [4].

Білім беру үдерісінде электронды мультимедиялық білім беру бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерімен және педагогикалық инновациялармен үйлестіре отырып жүйелі түрде пайдалану шартымен, әртүрлі деңгейдегі дайындықтағы білім алушылардың оқыту тиімділігі айтарлықтай артады. Сонымен

қатар бірнеше технологиялардың бір мезгілде әсер етуінен білім беру нәтижесінің сапалы нығаюы байқалады.

Цифрлық технологияны қолдану сабақты тартымды және шын мәнінде заманауи етуге, оқытуды дараландыруға, объективті және дер кезінде бақылауға және қорытындылауға мүмкіндік береді. Дамытушылық әсері бағдарламаның құрастырылуына, оның білім алушыларға қолжетімділігіне, оның даму деңгейі мен қызығушылығына сәйкестігіне байланысты. Цифрлық технологиялар білім алушылардың алдына визуализация (медиация) және жас ерекшелігіне қарай белсенділікке негізделген танымдық және шығармашылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ақпараттық цифрлық технологияларды пайдалану білім алушыларды оқыту мен дамытудың сапалы жаңа мазмұнына сәйкес келетін білімді берудің жаңа тәсілі деп санауға болады. Бұл әдіс білім алушыларға қызығушылықпен оқуға, ақпарат көздерін табуға мүмкіндік береді, жаңа білім алудағы дербестік пен жауапкершілікке тәрбиелейді, интеллектуалдық іс-әрекет пәнін дамытады.

Цифрлық технологиялар білім беру ресурстарының жинақталған саны, білім алушылар үшін сауатты құрастырылған тапсырмалар, белсенділіктің өзгеруі және сабақ жылдам қарқынмен өтеді, білім алушылар білім алушылар шаршамайды және сабақтан жағымды эмоциялар ала алады.

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қатаев Н.С., Еркінқызы А. Оқыту процесін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (67) 2021 <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz>
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. – Астана, 2017.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2014. – Б. 7-10.
4. Игенбаева Р.Т., Асанова Ж.С. Цифрлы технологиялар – креативтілікті дамытудың кепілі // Вестник академии педагогических наук Казахстана, 2019. – №4. – С. 16.

#### МЕКТЕПТІҢ БІЛІМІН СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ

**ЕШЕНОВА Бахтыгуль Маулитбековна**

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ШҚО, Семей, Қазақстан

bakhtygul1986@mail.ru

#### Аннотация

Мақалада қазіргі замандағы басты мәселе – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарламалардың отандық стандартқа, оқулықтарға сәйкестігі қарастырылған.

Президентің Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында: «Білім беру саласы жастарға білім ғана емес, әлеуметтік бейімделуге де көмек беруі керек. Сондықтан мектеп оқушыларының сауаттылығын арттыру ісі бойынша бесжылдық ұлттық жоба жасауды Үкіметке тапсырамын» делінген. Осыған байланысты 2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы Ұлттық іс-қимыл жоспары құрылған.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA –

2009, PISA – 2012 халықаралық зерттеуіне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

PISA жобасы Экономикалық Үлгілік және Даму Ұйымы (ЭБДҰ) мүше елдерінің бірлескен күш-қатымымен 1997 жылы 15 жасар оқушылардың білімі мен машықтарын халықаралық деңгейде бағалау үшін әзірленген болатын. Осы бағалауға негізінен жұмыс берушілер бастамашы болды. PISA бағдарламасы міндетті білім алуды аяқтаудың алдында тұрған оқушылардың қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін қажетті белгілі бір білім мен машықтар жиынтығын қаншалықты жақсы меңгергенін бағалауды көздейді. Басқаша айтқанда, оқушылардың ересек өмірге араласуға дайындық дәрежесі бағаланады.

Басқа бағалау жүйелерінен өзгеше (мысалы, TIMSS – Математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу), PISA жүйесіндегі бағалау нысаны оқушылардың пәндер бойынша білімді (яғни, оқу бағдарламасын) меңгеру деңгейі мен сапасы емес, олардың үш өзекті саладағы: кітап оқу сауаттылығы, математика, жаратылыстану ғылымдарындағы құзырлығының қалыптасу дәрежесі болып табылады. «Сауаттылық» термині бағалауға жататын білімнің, дағдылар мен машықтардың ауқымын бейнелеу үшін таңдалды. Бұл орайда, PISA бағдарламасының қалыптасу барысында оқушылардың мектеп бағдарламасының шеңберінен шығатын құзырлығын бағалау барған сайын көбірек маңызға ие болады деп топшыланады. Бағдарлама 2000 жылдан бастап үш жылда бір рет өткізіледі: 2000/2003/2006/2009/2012/2015. Әдетте үш жылдық циклдардың әрқайсысы жоғарыда аталған салалардың біріне шоғырланады. PISA-2009 бағдарламасы кітап оқудағы сауаттылықты бағалауға шоғырланды.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті 15 жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады.

PISA-2009 бағдарламасына қатысқан 65 елдің жалпы рейтингінде Қазақстан 59-шы орынға ие болды. Осы бағалауға қатысатын басқа ТМД елдері былайша жайғасты: Қырғызстан – 65, Әзірбайжан – 64, Ресей - 44. Осы нәтижелердің барлығы ЭБДҰ бойынша орташа статистикалық бағадан төмен. Қазақстан PISA-2012 халықаралық емтиханның қорытындысы бойынша 65 елдің ішінде қазақстандық қатысушылар математикадан 49-шы орын алды. 52 орын – жаратылыстану дисциплинасынан, 63 орын оқу сауаттылығының көрсеткіші болды. 2015 жылы PISA халықаралық зерттеуінде 200-дей мектептен және 18 колледжден 6 мыңдай оқушылар қатысқалы отыр, ал 2012 жылы бұл зерттеуге 5800 оқушы қатысқан болатын.

#### **PISA халықаралық зерттеуіндегі математикалық білім мазмұны**

- Сан
- Кеңістік және пішін
- Өзгерістер мен байланыстар
- Белгісіздік және ақпарат

#### **PISA-дағы тапсырмалар бойынша төрт мазмұнды облысының пайыздық үлесі**

Сандар	31%
Кеңістікжәнепішін	25%
Өзгерістер мен байланыстар	25%
Белгісіздікжәнеақпарат	19%

**ЕСЕП  
пойыз бөлігі**

Беріктің кішкентай қарындасы Айгүл өзінің ағаш пойызымен ойнағанды ұнатады. Берік оған төменде көрсетілгендей иілген бөліктерден жол жасауға көмектесті.

**Сұрақтың мақсаты:** Шеңберді аяқтауды қажет ететін берілген бөліктердің санын есептеу


**Математикалық мазмұны:** Кеңістік және пішін

**Үрдіс:** Қолдану

Шеңбер жол жасау үшін Берік пен Айгүлге жоғарыда көрсетілгендей неше иілген бөлік қажет?

**Жауап:** (12)

Тест тапсырмалары халықаралық және отандық стандарттың талаптарына сай оқу бағадарламасының міндетті және базалық мазмұнын қамтиды, оқушылардың біліктерін және алған білімдерін өмірде қолдана алуы тексеріледі.



<p><b>Арифметика</b> Натурал, бүтін, рационал және нақты сандар Бөліктер Бөлінгіштік, ЕҮОБ, ЕКОЕ Процент Пропорция</p>	<p><b>Алгебра</b> Теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері Мәтіндік есептерді шешу Қатар және прогрессия Квадрат түбірлер Функциялар және олардың қасиеттері</p>
<b>МАТЕМАТИКАЛЫҚ БЛОК</b>	
<p><b>Геометрия и және оның өлшемдері</b> Планиметрия Үшбұрыштар Төртбұрыштар Шеңбер және дөңгелек Стереометрия Векторлар</p>	<p><b>Мәтіндер талдауы және ықтималдық</b> Ықтималдықтың статистикалық және геометриялық анықтамалары Статистикалық мәліметтерді топтау және талдау</p>

**Тест келесідей білік-дағдыларын тексереді:**

- ✓ Өртүрлі ақпаратты салыстыру, интерпретациялау және жіктеу
- ✓ Ақпараттың жеткіліктілігін және логикасын орнату
- ✓ Бастысын бөліп алу
- ✓ Тапсырмаларды анықтау және талдау
- ✓ Шешу әдісін және саясатын таңдау
- ✓ Ұғымдардың бір-бірімен байланыстыру және қатыстыру
- ✓ Модельдерді, суреттерді, графикаларды, диаграммаларды қолдану
- ✓ Символдар, белгілер және терминдерді интерпретациялау

**Есеп**

**Бағыты:** Арифметика


**Тақырыбы:** Сызықты диаграмма

**Тест бағыты:** Көрнекі түрде ұсынылған берілгендерді оқу және түсіну, мысалы, гравикалыр, кестелер, сызықтық графиктер, т.б.

**Тест тапсырмасы**

Мемлекетте 3 мұнай компаниясы мұнай өндіреді. Төменде әрбір компания өндірген мұнайдың проценттік қатынасы көрсетілген. «Каз Нефть» компаниясының өндірген мұнайдың жалпы табысын тап, егер «Каз Мұнай Газ» 125000 тонна өндіретін болса.

- (A) 25 000 тонна
- (B) 50 000 тонна
- (C) 75 000 тонна
- (D) 100 000 тонна
- (E) 125 000 тонна




### Дұрыс жауабы: В

«КазМунай Газ» компаниясы жалпы табыстың 50% өндіреді. Есептің шарты бойынша 125 000 тонна – бұл 50%, онда 10% - бұл 25 000 тонна. Демек, «Каз Нефть» компаниясы 50 000 тонна мұнай өндіреді, яғни жалпы көрсеткіштің 20% -і

2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасында мақсат индикаторы ретінде халықаралық салыстыру зерттеулеріндегі қазақстандық жалпы білім беруші мектептердің оқушыларының нәтижелері: оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарлама (PISA) - 40-45 орын, 4 және 8 сыныптар оқушыларының математикалық және табиғи ғылыми сауаттылығын бағалау (TIMSS) - 10-12 орын, «Оқу және мәтінді түсіну сапасын зерттеу» халықаралық зерттеуі (PIRLS) - 10-15 орын деп көрсетілген. Осы бағдарламаның бағдарлы мақсатының бірі - жалпы білім беру мектептерінде зияткерлік, дене және рухани жағынан дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, жылдам өзгеретін әлемде жетістікке жетуді қамтамасыз ететін, білім алуға деген оның сұраныстарын қанағаттандыру, мемлекеттің экономикалық саулығы үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын дамыту. PISA халықаралық зерттеуі халықаралық және отандық стандарт негізінде жасалынса, ал қазіргі мектеп оқулықтары осы талаптарға сай келе ме? Оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдануға бағытталған есептер кездесе ме?

Т.А.Алдамұратова, Б.С.Байшоланов. 5-сынып Математика оқулығында келесідей есеп «Натурал санның бөлгіші, еселігі» тақырыбында кездеседі. Есеп. Бас бармақ пен ортаңғы саусақтың (1-сурет) ара қашықтығына сәйкес кесіндінің ұзындығын тап. Сонда сен өз «қарыс» ұзындығыңды табасың. «Қарыс» ұзындығына өзің отырған парта бегінің ұзындығы еселік бола ма? Тексеріп көр.



Осы оқулықта 1500 есеп болса, оның 10-15 есебі (1%-і) ғана PISA зерттеуінің талаптарына сәйкес келеді. Ал 7-11 сыныптың оқулықтарында мүлде кездеспейді де. Ол есептерді көрмеген оқушыдан нені талап етеміз? Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың білім көрсеткіші де төмен болатындығы осыдан. Сондықтан ең алдымен отандық оқулықтардың ішінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатындай тапсырмаларды енгізу керек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. <http://goo.kz/content/view/44/4416>
2. <http://strategy2050.kz/news/4185>
3. [http://www.soros.kz/press\\_center/experts/kazakhstan\\_poluchil\\_mezhdunarodnu](http://www.soros.kz/press_center/experts/kazakhstan_poluchil_mezhdunarodnu)
4. <http://www.bilimstat.edu.kz/kz/100-laby-dlya-kaz/171-khaly-araly-zertteuler-zertkhanasy>
5. Т.А.Алдамұратова, Б.С.Байшоланов. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2010. – 400 бет.

### ТҰРАҚТЫ ТОК КҮШЕЙТКІШТЕРІ ӘБЖАППАР Ақмарал Халжанқызы, РАМАЗАН А.

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі  
Шымкент, Қазақстан  
abzhapparovaakmaral@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалада тұрақты ток күшейткіштері қарастырыла отырып, мұндай күшейткіштердегі сигналдың ауытқу себебі түсіндіріледі және тұрақты ток күшейткіштерінің сигналды түрлендірудегі жұмыс қағидасы сипатталады. Сондай-ақ, мақалада біріктірілген тұрақты ток күшейткішінің сызбасы талданып, осындай күшейткішті қолданудың оң жақтары анықталады.

Тұрақты ток күшейткіштері (ТТК) – бұл төмен жиілікті сигналдарды немесе тұрақты ток сигналдарын күшейту үшін қолданылатын құрылғылар. Тұрақты ток күшейткіші байланыс тізбектеріндегі индукциялық шығындарды жою үшін де қолданылады.




Тұрақты ток күшейткіштері компьютерлерде, өндірістік процестерді басқаруға арналған өнеркәсіптік аппаратурада және өлшеу мен тестілеу жабдықтарында – электрондық вольтметрлерде, сезімталдығы жоғары гальванометрлерде, осциллографтарда, әртүрлі тұрақтандырғыштар сызбаларында қолданылады.

ТТК әзірлеу кезінде шешілуі тиіс маңызды мәселелердің бірі – кернеудің немесе токтың шығыс деңгейінің дрейфін (тұрақсыздығын) азайту мәселесі.

Нөлдік дрейф (нөлдік деңгей) – күшейткіштің шығысындағы кернеудің немесе токтың бастапқы мәннен өздігінен ауытқуы. Бұл әсер кірісте сигнал болмаған кезде де байқалады. Нөлдік дрейф ТТК кіріс сигналынан туындаған секілді көрінетіндіктен, оны нақты сигналдан ажырату мүмкін емес [1].

Көптеген тұрақты күшейткіштерде дрейфтің болмауына қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан кішігірім тұрақты ток сигналдарын күшейту үшін тұрақты кіріс сигналы оған пропорционалды айнымалыға айналатын тұрақты ток күшейткіштері қолданылады да, ол айнымалы ток күшейткішімен күшейтіліп, содан кейін қайтадан тұрақты ток сигналына айналады. Бұл жағдайда дрейф тікелей байланысы бар күшейткіштерге қарағанда аз болады, өйткені бұл жағдайда дрейф каскадтан каскадқа берілмейді. Түрлендіруі бар құрылымдық сызба суретте көрсетілген.



Сурет – Тұрақты ток күшейткішінің құрылымдық тізбегі

Тұрақты сигналды айнымалыға түрлендіру  $M$  модуляторының көмегімен жүзеге асырылады. Қарапайым модулятор – бұл кіріс орамасының ұштары  $K_1$  және  $K_2$  негізгі элементтерін қолдана отырып кіріс сигналының көзіне кезек-кезек қосылатын трансформатор.

Кілттер модельдік кернеу генераторынан (МКГ)  $U_{\text{мод}}$  сигналымен басқарылып, механикалық, транзисторлық және диодтық түрде болуы мүмкін. Модельдеу көзінің тербеліс жиілігі түрлендірілетін сигнал спектрінің жоғарғы жиілігіне қарағанда 10-20 есе көп болуы керек, олай болмаған жағдайда күшейткіштің шығысында сигнал формасы бұрмаланады. Нәтижесінде, трансформатордың шығыс орамасында кіріс кернеуінің өзгеру эаңына сәйкес мезгіл-мезгіл өзгеретін полярлығы мен конверті бар ауыспалы сигнал болады.  $U_{\text{кір}}$  кіріс кернеуінің белгісі өзгерген кезде  $U_{\text{м}}$  модуляторының шығысындағы айнымалы кернеу фазасы керісінше өзгереді. Трансформаторлық байланыстың болуына байланысты модулятордың шығыс кернеуінің тұрақты компоненті болмайды.

Микроэлектроника дамуымен бірге кристалда жасалған МДМ интегралды күшейткіштері кеңінен таралды. Мұндай күшейткіштердің жалпы кемшілігі – тар өткізу қабілеті, өйткені  $U_{\text{мод}}$  модуляциялық жиілігі күшейтілген кіріс сигналының ең жоғары жиілігінен он есе жоғары болуы керек.

Ең аз дрейф деңгейі және кең өткізу жолағы бар ТТК жобалау кезінде кең өткізу жолағы бар дифференциалды күшейткіштен (ДК) және МДМ типті күшейткіштен тұратын құрамдастырылған сызбалар пайдаланылады [2].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Титце У., Шенк К. Полупроводниковая схемотехника. М., Мир, 1983. 828 с.
2. Гальперин М.В. Практическая схемотехника в промышленной автоматике. М.: Энергоатомиздат, 1987. 320 с.

## ХИМИЯДАН АҒЫЛШЫН ТІЛІМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ САБАҚ ЖАТКАНБАЕВ Ергазы Тлеубаевич, ЖОРАБЕКОВ Р.Н.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан  
ergazy-1980@mail.ru

### Аңдатпа

Бүгінгі күні білім беру үдерісі құрылымындағы, мазмұны мен оны ұйымдастырудағы өзгерістер білім беруді жетілдірудің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Химиялық білім беру жалпы білім беру жүйесіндегі маңызды звено болып табылатындықтан, химияның талассыз практикалық маңыздылығымен, осы ғылым ұсынатын мүмкіндіктермен, табиғатты зерттеу әдістерін танумен, сонымен қатар іргелі ғылыми теориялар және заңдылықтармен анықталады.

Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін, соның ішінде химияны оқыту білім алушылар ағылшын тілі бойынша белгілі-бір базалық білім мен машық деңгейіне (тілдік мәдениетке) ие болып, арнайы техникалық терминологияға еркін төселген кезде тиімді болады. Ағылшын тілі бойынша бағдарлама шеңберінде білім алушылардың арнайы химиялық терминологияны меңгеруі және химиялық элементтер мен қосылыстардың құрылысына, құрамы мен қасиеттеріне қатысты терең химиялық ақпаратты өз жұмыстарында пайдалану дағдысы мүлдем қарастырылмаған.

Жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқу әдістемесі білімінің түрлі салаларында ағылшын тілінде курстарды жасақтаудың кейбір тәжірибесі бар [1]. Мұндай курстардың негізгі мақсаты кәсіби әрекетке, соның ішінде шетелге болашақ мамандар дайындау.

Мысал ретінде мектептің ағылшын тілі мұғалімімен бірігіп, «Ағылшын тіліндегі химия» біріккен курсы бағдарламасын жасауға болады. «Ағылшын тіліндегі химия» бағдарламасы аптасына 2 сағаттан жалпы 68 сағатқа есептеліп, білім алушылардың өзіндік дамуының дербес траекториясын ұйымдастыру мақсатында іске асырылады. Курстың жетекші мақсаты: химиялық терминология тірек ретінде білім алушылардың тілдік мәдениетін жетілдіру, олардың химияның негізгі бөлімдері бойынша білімін, машық-дағдыларын дамыту. Мазмұны бойынша «Ағылшын тіліндегі химия» курсы тірі және өлі табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін қажетті негізгі химиялық ұғымдарды (элемент, атом, молекула, жай және күрделі заттар), заңдарды, теорияларды, фактілерді, химия ғылымының таным әдістерін қамтып, адамның кәсіби қызығушылығына тәуелсіз әрбір білімді адамның мәдени қорына енуі тиіс. Курсты жүзеге асыру барысында «химиялық» мазмұн ағылшын тілі секілді пәннің оқу ақпаратымен қабысуы тиіс. Мұнда білім алушылардың лингвокоммуникациялық құзіреттіліктеріне үлкен зейін қойылады. Сөйлеу әрекетінің басым бағыты болып оқу табылып, ауызша сөйлеу, аудиторияда сөйлеу, жазбаша мазмұндау секілді тілдік әрекет түрлерінің дамуы параллельді түрде жүреді [2].

«Химиялық элементтердің периодтық кестесі» бөлімінен біріккен курс бойынша сабақ нұсқаларының бірін ұсынамыз.

Тақырыбы: Периодтық жүйедегі орны бойынша элемент сипаттамасы.

The characteristic of Element connected to Periodic Table.

Білім алушылар:

- ХЭПЖ құрылымын;

- Атом құрылысы ерекшелігіндегі периодтық заңды;

- Период пен топ бойынша элементтер қасиеттерінің өзгеру периодтылығын – ағылшын тіліндегі лексикалық материалды білуі тиіс.

Білім алушылар жасай алуы тиіс:

- атом құрылысы тұрғысынан химиялық элементтер сипаттамасын ағылшын тілінде беру;

- атомдардың құрылыс ерекшеліктері бойынша элементтерді салыстыру және атомдардың құрылысы мен қасиеттерінің өзара байланысы туралы қорытынды жасау;

- ағылшын тіліндегі есептерге арналған тірек сызбаларды қолдану;

- дербес және ұжымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау;

- топта «жайлы» өзараәрекеттесу ережесін орындау.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру сәті (organization moment)

- Stand up!

- Good morning!

- I am glad to see you!
- Who is on duty today?
- Who is absent?
- Let's start our lesson with a funny song.

II. Ауызша жаттығу

1. Please, listen to a song and try to understand the theme of our lesson
2. Please, give you associations with the theme (тақтада «PTCE» сөзі жазылған, білім алушылар осы сөзді талдап, өз біріктірмелерін жазады).

III. «Элемент атомының құрылысы» тақырыбын қайталау

1. You have written the word “element” from your association.
2. So it is necessary to understand the connection between main characteristics of Periodic Table and structure of atom for description of any chemical element.

3. Concentrate your attention and answer the question:

What is the compliance between main characteristics? (Atomic number, number of period, number of group and atomic structure). Think of 2 minutes. Who is ready?

Болжамдық жауап: (1)atomic number compliances to atomic chard , number of protons and general number of electrons

- 1) Реттік нөмірі – ядро зарядына, протондар мен электрондардың жалпы санына сай келеді;
- (2) Number of period compliances number electronic shell or energetic level
- 2) Периодтық нөмірі – электрондық қабаттар немесе энергетикалық деңгейлер санына сай келеді;
- (3) Number of group compliances number electronic on electronic shell and high valets in oxugen
- 3) Топ нөмірі оксидтердегі жоғары валенттіліктер мен сыртқы электрондық қабаттағы электрондар санына сай келеді.

- You are right! (Дұрыс!)

- You are wrong! (Бұрыс!)

4. Сабақты қорытындылау.

- Who can summarize this material and give us the conclusion?

- Who want's to be the first?

Conclusion: Atom is the smallest unit but it has compound structure and submits to micro world lows.

IV. Білім алушылардың өзіндік топтық жұмысы

- a) Үй тапсырмасын тексеру – presentation “Characteristics element and atom”
- б) Now lets work in groups. You will do a creative task. Each task is a part of general characteristics of element of Periodic Table (микротоптардағы білім алушылардың жұмысы). The 13<sup>th</sup> element – (aluminum).  
- Тапсырмалар мен кеспе қағаздарды тарату 1, 2, 3, 4, 5. (Жүппен)

Task 1

Characterize the position of element and define the structure peculiarities of atoms element, using the structure of PTCE.

Task 2

Make up short-story about the atomic structure of element №..., using the structure of PTCE.

Task 3

Use the table “Filling energy atomic level” (Rule filling of electrons in energy shells:  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^6$ ) for presentation of the structure peculiarities of atoms element №...

Task 4

Show the atomic structure of element №..., using miniature.

Task 5

Predict the properties of compounds including element №... of PTCE. Make a conclusion about relations of elements connected to its properties and their compounds upon the structural peculiarities.

№ 1 тапсырма

ХЭПЖ құрылымын пайдалана отырып, элемент орнын сипаттау және элемент атомының құрылыс ерекшеліктерін анықтау.

№ 2 тапсырма

ХЭПЖ құрылымын пайдалана отырып, «№? элементінің атом құрылысы» мини-әңгімесін құру.

№ 3 тапсырма

№? элементін суреттеп, оның құрылыс ерекшеліктерін түсіндіру үшін «Атомдардың энергетикалық деңгейлерінің толығы» кестесін қолданыңдар.

№ 4 тапсырма

Қандай-да бір мимниатюрамен №? элементінің құрылысын суреттеңдер.

№ 5 тапсырма

Құрамына ХЭПЖ-нің №13, 29 элементі кіретін қосылыс қасиеттерін болжаңдар. Элементтер мен олардың қосылыстары қасиеттерінің атом құрылыс ерекшеліктеріне тәуелділігі туралы қорытынды жасаңдар.

в) Білім алушылардың орындалған тапсырмаларды афишалауы:

- Who is ready?

- Who can summarize this material and give us the conclusion?

Conclusion: Atomic properties of chemical elements are periodic dependence on atomic charge of nuclear. Periodic dependence define the revision of properties in define number of chemical elements. Periodic Table is a chart of periodical low.

Қорытынды:

Химиялық элемент атомдарының қасиеттері атомның ядро зарядына периодтық тәуелділікте болады. Периодтық тәуелділік химиялық элементтердің белгілі-бір саны арқылы қасиеттер қайталануын анықтайды. Периодтық жүйе периодтық заңның графикалық өрнегі болып табылады.

V. Сабақты қортындылау

- Summarize our work at the lesson.

- Nice of you. Thank you!

- The marks for the lesson...

VI. Рефлексия

- Мен сабақ барысында ... білдім.

- Мен өз білімім мен дағдымды қалай қолдана аламын ...

Біріккен курс шеңберіндегі әрбір сабақ тек білім алушылар үшін ғана емес, сонымен қатар педагог үшін де даму мен өздік даму векторы қызметін атқаруы мүмкін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Власов Е.П., Лапшина Е.Г., Фролькис Е.Г. Английский для ученых. М, 1998, - 264 с.
2. Комарова Л.И. Обучение личностно-ориентированному общению на основе текста в старших классах средней школы. Журнал «Иностранные языки в школе», № 2, 1992.

### ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚТЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ЗАКИРОВ Шоқан Сейдуллаұлы С.Ш. ТІЛЕУБАЙ.**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университеті

Қызылорда, Қазақстан

shokanz@bk.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада виртуалды шындықтың не екендігі, оның пайда болу және даму тарихы жайлы жазылған. Виртуалды шындықтың білім беру жүйесінде қолданылу себептері мен оның білім беру жүйесінің тиімділігін арттырудағы маңыздылығы айқындалған. Сонымен қатар, виртуалды шындықты білім беру процесінде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

Виртуалды шындық (ағылш. VR, virtual reality – жасанды шындық) дегеніміз – техникалық құрылғылар көмегімен жасалған виртуалды әлем. Бұл виртуалды әлем адамға бейне және дыбыс арқылы беріледі. Виртуалды шындық адамның қимылын, іс-әрекетін виртуалды әлемде қайталап, нақты уақыт режимінде имитациялайды. [1]

Виртуалды әлемге ену арнайы техникалық құралдар арқылы жүзеге асады. Бұл техникалық құралдарға виртуалды шындық бас киімі, көзілдірік және виртуалды шындық қолғаптары секілді

құрылғылар жатады. Сонымен қатар, виртуалды шындыққа ену үшін компьютерге арнайы бағдарламалық жабдықтама орнатылуы қажет.

Белгілі бір мағынада виртуалды шындықты көркем бейнелеу құралдарының жалғасы ретінде қарастыруға болады. Алайда, қазіргі таңда виртуалды шындық бұдан әлдеқайда асып түсіп, нақты дүниені модельдеу және зерттеу құралына, ал кей жағдайда нақты дүниені жасанды дүниемен алмастыру құралына айналып отыр. Заманауи компьютерлік технологиялар виртуалды әлемде шексіз саяхат жасауға мүмкіндік беретін виртуалды шындық жүйелерінің мүмкіндіктерін арттырады. [2]

Виртуалды шындық ұғымын ғылымға 1960-жылдардың соңында АҚШ компьютер маманы Майрон Крюгер енгізген болатын. Бұл жылдары ғалымдар, “виртуалды шындық деген не, ол қандай мақсатпен және қайда қолданылуы керек?” – деген сұрақтарға жауап беруге тырысты. Тәжірибеде виртуалды шындық алғаш рет 1977 жылы Массачуссетс Технологиялық Институтында «Аспен кинокартасы» атты бағдарламасында жүзеге асырылды. Бұл бағдарламада пайдаланушы Колорадо штатындағы Аспен қаласының виртуалды көшірмесінде серуендеуге мүмкіндік алды. [3]

Виртуалды шындық өзінің пайда болысымен ең көп қолданыс тапқан бағыт – әрине, компьютерлік ойындар саласы. Алайда, соңғы жылдары виртуалды шындық тек ойын индустриясымен шектелмей, қоғам өмірінің басқа салаларында да қолданыс табуда. Көптеген сарапшылар виртуалды және толықтырылған шындық құралдары Big Data, бұлттық технологиялар, жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялармен бірге қоғамда төртінші өнеркәсіптік революциясының орнауын қамтамасыз етеді деп есептейді. Болашақта виртуалды және толықтырылған шындық құралдары жаңа есептеу платформасының негізі бола алады.

Қазіргі таңда виртуалды шындық дамуының басты бағыттарының бірі – білім беру саласы болып табылады.

Виртуалды шындықтың білім беру жүйесіне таралу себептері:

– Виртуалды шындықтың қолжетімді болуы. Соңғы жылдары виртуалды шындық құрылғылары көбейіп, олардың ірі кәсіпорындардан жеке тұтынушыларға дейін қолжетімділігі артып келеді;

– Виртуалды шындықпен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалар санының артуы. Қазіргі кезде виртуалды шындықты пайдалануға арналған мыңдаған арнайы компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшалар жасалған және олардың саны жылдан жылға артуда;

– Көптеген салаларда виртуалды шындықтың енгізілуі. Телекоммуникацияда, машина жасау, энергетика, металлургия және көптеген басқа салаларда виртуалды шындық кең қолданыс тапты;

– Виртуалды шындықты пайдалануға көшкен компаниялар санының көбеюі. Бүгінгі күні Еуропа нарығында әр түрлі салада жұмыс жасайтын 300-ге жуық компания виртуалды шындықты қолданады, ал әлемнің Microsoft, HTS, Samsung, Sony секілді алдыңғы қатарлы корпорацияларында жаңа өнімдерді виртуалды шындық саласында жасау қолға алынды.

Виртуалды шындық білім беру саласын тиімді етуге көптеген мүмкіндіктер ашады. Виртуалды шындықты пайдалану оқыту мен тәрбиелеуде тым күрделі болып табылатын, көп уақытты қажет ететін және дәстүрлі оқытумен салыстырғанда қымбат тұратын оқыту әдістерін қолжетімді етеді. Виртуалды шындықты білім беруде пайдаланудың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

– Білім алушылардың оқуға қызығушылығының артуы. Виртуалды шындық білім беру сценарийлерін өзгертуге, тәжірибе барысына әсер етуге және де, мысалға, математикалық есепті ойын формасында өткізіп, түсінікті түрде шешуге мүмкіндік береді;

– Білім алушылардың назарын сабақ тақырыбына аудару мүмкіндігі. 360 градусқа баурап алатын виртуалды шындық білім алушының назарын басқа нәрселерге аудармай, сабақ барысына терең енуге мүмкіндік береді;

– Білім алушылардың тақырыпты жақсы түсінуі. Мысалы, 3D графикасын пайдалана отырып, химиялық процестерді атомдық деңгейге дейін егжей-тегжейлі анықтауға болады. Физика саласында ядролық жарылысты зерттеуде, оған дейін орын алатын ядроның бөлінуі атомның өзінде қалай жүретінін көрсетуге болады. Виртуалды шындық құбылыстың өзі туралы ғана ақпарат беріп қоймай, оны кез келген егжей-тегжейлі дәрежеде көрсетуге қабілетті;

– Қауіпсіздік. Жоғары оқу орындары мен колледждерде мамандарды даярлауда самолет, пойыз немесе кеме жүргізу сияқты қауіпті болатын оқыту әдістерін виртуалды шындықты пайдалану арқылы қауіпсіз жүргізуге мүмкін болады.

Виртуалды технологиялар эмпирикалық материалды оқытудың қызықты мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл жағдайда классикалық оқыту форматы өзгертілмей, әр сабақ 5-7 минуттық виртуалды шындыққа енумен толықтырылады.

Виртуалды шындық арқылы сабақты бірнеше виртуалды көріністерге бөлу сценарийін қолдануға болады. Дәріс бұрынғыдай сабақтың құрылымдық элементі болып қала береді. Бұл формат сабақ барысын түрлендіруге, білім алушыларды оқыту процесіне тартуға, материалды көрнекі түрде ұсынуға және бекітуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, виртуалды шындықты білім беру жүйесінде қолданудың бірқатар кемшіліктері де бар. Бірінші кезекте, виртуалды шындық сияқты жаңа ақпараттық технологиялар білім алушы мен мұғалім арасындағы тікелей диалогты едәуір азайтатыны зерттеушілердің алаңдаушылығын туғызады. Білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу басты мақсатқа айналмауы қажет. [4] Бұл технологиялар, олардың білім беру үдерісі тиімділігін арттыратыны дәлелденген жағдайда ғана қолданылуы қажет.

Мысалы, қазіргі кезде көршілес Ресей Федерациясының жоғары оқу орныдарында виртуалды шындықпен жұмыс жасауға арналған vAcademia атты платформасы қолданылуда. Томск Мемлекеттік Университетінде жүргізілген тәжірибелер виртуалды шындықты білім беру процесінде пайдаланудың тиімділігінің аздығын көрсетті. Студенттердің тек 20%-ы ғана өткен сабақ материалын жеткілікті дәрежеде түсінгені анықталды. Тәжірибе нәтижелері виртуалды шындық құрылғыларын білім беру процесінде тек тренажер және симулятор ретінде пайдаланудың тиімділігін айқындады. [5]

Виртуалды шындықтың ірі компаниялардан жеке қолданушыларға дейінгі қолжетімділігі жылдан жылға артуда. Отандық білім беру жүйесінің дамуы үшін виртуалды шындықты білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктері жан-жақты зерттеліп, білім алушылар мен оқытушылар арасында көптеген сараптамалар жүргізілуі қажет. Егер виртуалды шындықты қолдану білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратыны дәлелденген болса, еліміздің білім беру мекемелері виртуалды шындық құрылғыларымен жабдықталуы қажет. Бұл, нәтижесінде, отандық білім беру жүйесінің дамып, алдыңғы қатарлы болуын қамтамасыз етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грицанов А.А. Виртуальная реальность // Постмодернизм [Энциклопедия] [Электрондык ресурс]. – URL адресі: <https://fil.wikireading.ru/40863>
2. Каганов Ю.Т, Виртуальная реальность // Глобалистика. Энциклопедия / Гл. ред. И.И. Мазур, А.Н. Чумаков; Центр научных и прикладных программ «ДИАЛОГ». - М.: ОАО Издательство «Радуга», 2003. - С. 113-114.
3. Википедия - проект свободной многоязычной энциклопедии [Электрондык ресурс]. – URL адресі: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. Яковлева К. «Лучше всего спросить студентов, что нужно им» [Электрондык ресурс] // Всё об образовании в России и за рубежом, высшее и среднее образование в Москве. [Б. м.], 2015. – URL адресі: <http://www.ucheba.ru/article/910>
5. Фещенко А.В., Бахарева В.А., Захарова У.С., Сербин В.А. Технологии виртуальной и дополненной реальности в образовательной среде вуза // Открытое и дистанционное образование. 2015. № 4(60). С. 12-20.

#### ХИМИЯНЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ИБАДУЛЛА Жадыра Ниатиллақызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан  
jad\_95\_95@mail.ru

#### Аңдатпа

Мақалада жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы туралы жалпы ұғымдар, құзыреттіліктің түрлері және олардың химияны оқыту үдерісіндегі орны қарастырылған, химияның жекелеген тақырыптарын өту кезінде оқушыларда қалыптастырылуы тиіс негізгі құзыреттер түріндегі шығармашылық ойлауды дамыту жолдарын ашатын қағидаттар келтірілген.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын меңгеру дегеніміз – оның әрбір кезеңінде тұлғаның маңызды функциялары: құндылықтарды таңдау, өз қызметінің мағынасын рефлекстеу, өз қабілеттері мен

міндеттерін жүзеге асыру үшін оқу процесін осылай құруды үйрену. Тұлға өмірдің сәйкес жағдайларында сұранысқа ие болған кезде ғана дамиды.

Мектептің негізгі және өте жауапты міндеті – бала дербестігін ашу, оның өзін көрсетуіне, дамуына, орнығуына, таңдамалылыққа және әлеуметтік әсерлерге төзімділікке қол жеткізуіне көмектесу. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты – бірыңғай сынып ұжымында «орташаланған» оқушыға бағдарланған емес, әрбір оқушының жеке танымдық мүмкіндіктерін, сұраныстары мен мүдделерін ескере отырып жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру болып табылады [1].

Бүгінгі таңда білім оның алынған мөлшерімен емес, толық меңгеріліп, нені қайда қолдана білудің машық-дағдысымен құнды. Өкінішке орай, қазіргі кезде көптеген адамдар үшін химия – соншалықты маңызды пән емес. Оқу процесін қызықты, шығармашылық, әрі есте қалатындай етіп етуге көмектесетін жағдайларды қалай тауып, таңдауға болады? Бұған тек жарқын сезімдер мен жағымды эмоциялар туғыза отырып ғана, сабақта жайлы климат құру барысында қол жеткізуге болады.

Барлығы сабақтан басталады. Оның барлық оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыру үшін оны қалай құруға болады? Педагог өз пәнін ғана емес, сондай-ақ пәндік салаларда да бағдарлануы тиіс, сонда ол ұсақ фактілер, бөлшектер ағымында жоғалтпайтын әмбебап білім бере алады. Оқушыны жеке мәселелердегі жалпы жағдайды көруге, пайымдап, тұжырымдар мен қорытынды жасауға үйрету өте маңызды.

Оқытудың тұлғалық-бағдарлы тәсілі келесі аспектілер арқылы көрініс береді:

- үлкен модульдер мен блоктарда материал мазмұнын қалыптастыру, бұл оқушылардың өзіндік жұмысқа деген уақыттарын ұлғайтуға мүмкіндік береді;
- жұмыста өзара және өзіндік бақылауды пайдалану;
- өз бетінше жұмыс істейтін сынып немесе топ аясында жеке оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру;
- үй тапсырмасын даралау;
- сабақта да, үйде де топтардағы оқушылар жұмысын ұйымдастыру;
- зерттеу экспериментін ұйымдастыру;
- жобалық технологияларды пайдалану;
- мәселені қою және оны шешу;
- репродуктивтіліктен шығармашылыққа қарай тапсырмаларды біртіндеп қиындату арқылы оқушылардың өзіндік іздену қызметін ұйымдастыру.

Қазіргі кезеңде құзыреттілік негізде білім беруді жаңарту міндеті тұр. Тұлғалық-бағдарлы оқыту мен әрекет өзара тығыз байланысты. Құзыреттіліктер әрекет процесінде болашақ кәсіби қызмет үшін қалыптасады [2].

Осыдан, оқу-тәрбие процесіне деген нақты әрекеттік-құзыреттілік бетбұрыстың химиялық білім берудің тиімді әдіснамасына айналатындығы шығады. Химияны оқытудың әрекеттік-құзыреттілік тәсілі өзгермелі өмірлік жағдайларда бейімделуге қабілетті, жаратылыстану-ғылыми мазмұндағы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау бойынша дербес қызметке дайын өзіндік ойлайтын тұлғаны дайындауға ықпал етеді.

Оқушылардың оқу іс-әрекетінің негізгі нәтижесі негізгі құзыреттіліктер жиынтығы болуы тиіс. Оқу-тәрбие процесі барысында негізгі, жалпы пәндік және пәндік құзыреттіліктер қалыптасады.

Негізгі құзыреттіліктер оқушылардың әлеуметтік тәжірибе алуына ықпал етеді; жалпы пәндік құзыреттіліктер – кез-келген оқу пәнін, соның ішінде химияны оқу процесінде, ал пәндік құзыреттіліктер белгілі-бір пән шеңберінде қалыптасады. Химияны оқыту барысында келесі құзыреттіліктер қалыптасады:

- химия туралы түсінік, әлемнің жаратылыстық-ғылыми көрінісінің ажырамас бөлігі ретінде;
- қоршаған әлем белгілі-бір құрылыммен сипатталатын және өзара айналуға қабілетті заттардан тұрады деген түсінік;
- химиялық ойлау, химиялық терминдерде қоршаған орта құбылыстарын талдай білу, химия тілінде сөйлеу және ойлау қабілеті;
- күнделікті өмірде химияның рөлін және қоғам өміріндегі қолданбалы мәнін түсіну, сондай-ақ адамзаттың жаһандық: азық-түлік, энергетикалық және экологиялық мәселелерін шешу;
- тұрмыстағы заттарға деген химиялық тұрғыдан саналы да, сыни көзқарас; химиялық процестерді басқара білу.

Химияны оқытудың әрекеттік-құзыреттілік тәсілін дамытушы, жеке іс-әрекет және жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады.

Сабақты дамыту құралы ету үшін:

- сабақтың репродукциялық сұрақ-жауап жүйесін және тапсырмалардың типтерін неғұрлым күрделі жағдайға ауыстыру, оларды орындау түрлі психикалық қасиеттерді (есте сақтау, назар салу, ойлау, сөйлеу және т.б.) іске асырады. Бұған мәселелік сұрақтар, ізденістік тапсырмалар, бақылау тапсырмалары мен практикалық тапсырмаларды шешу, зерттеу тапсырмаларын орындау және т.б. ықпал етеді.;

- жаңа материалды баяндау сипатын өзгерту және оны мәселелік, эвристикалық және оқушыларды ізденіске ынталандырушы ету;

- оқушыларды өзін-өзі басқаруға және сабақта танымдық процестерді өзіндік реттеуге қатыстыру, оларды сабақ міндеттерін қоюға, оны өткізу жоспарын әзірлеуге, бақылау мен өзін-өзі бақылауға, қызмет нәтижелерін өзіндік және өзара бағалауға қатыстыру. Оқушылар сабақтарға лаборант, ассистент, мұғалімнің көмекшілері және кеңесшілер ретінде қатысады.

Химия – ең күрделі жалпы білім беретін пәндердің бірі. Егер оқушының ойлау процесі жеткілікті дамымаса, онда тіпті негізгі мектеп химия курсын табысты меңгеру мүмкін емес. Балаларды оқу материалын талдауға, салыстыру мен қорытуға, себеп-салдарлық байланыстарды табуға үйрету қажет [3]. Осыған байланысты, дамыта оқыту технологияларында қалыптасатын негізгі зияткерлік құзыреттіліктер назар аударуды, есте сақтауды, қиялдауды, ойлау мен сөйлеуді дамытады.

Бұл процестердегі маңызды мәселе – практикалық қызығушылық танытатын материалды іріктеу химияны оқытудың барлық кезеңдерінде жүргізілуі тиіс.

Өмірмен тұрақты жұмыс істейтін негізгі байланыстар оқушылар күнделікті айналысатын оқулықтар арқылы жүзеге асырылады.

Алайда, оқулықтарда заттардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қолдану салалары жеткілікті ашылмаған. Сондықтан бұл сұрақтарды оқушылардың шағын хабарламаларында, олардың рефераттарында қосымша ашуға тура келеді.

Мәселен, «Табиғаттағы темір. Темірді қолдану» тақырыбын өту кезінде оқушылар «Табиғаттағы темір», «Ғарыштағы темір», «Жер қыртысындағы темір», «Темірдің болашағы» және т.б. хабарламаларды дайындайды. Фосфорды өту кезінде адам өміріндегі оның маңызы қарастырылады. Оқушылар қышқылдық ортада кальций фосфатының ерігіш тұзға айналатынын түсіріп, оқушыларға тамақ дайындау кезінде жануарлар мен балық сүйектерінің кальций фосфаты ішінара еритін жағдайға ауысатыны және оны адам ағзасының сіңіретіндігі айтылады.

Осы тақырыпты оқу барысында оқушылар «Фосфордың ашылу тарихы», «Сіріңкені қалай ойлап тапты» және т.б. баяндамаларды немесе рефераттарды дайындап, «Химия және өмір» журналының, «Бейорганикалық және органикалық химиядан оқуға арналған кітаптардан» материалдарды, сондай-ақ басқа да құралдарды пайдаланады. Практикалық сипаттағы сұрақтар органикалық химияны зерттеуде кеңінен жарияланады. Әр тақырып өмірмен байланысты. Осы сабақтар тек оқушылардың хабарламаларымен шектелмейді. Мұндағы формалар әртүрлі. Бұл мәселелер есептеу немесе эксперименттік есептер және т.б. түрде болуы мүмкін. Мәселен, «Көмірсулар» тақырыбын өту кезінде оқушылар алдына келесі сұрақтар қойылады: Егер нан көп шайнаса, ол тәтті болып сезіледі? Картопты қуыру, нан немесе кондитерлік өнімдерді пісіру кезінде қабықшаның пайда болуы немен түсіндіріледі? Неліктен тосап қанттан тәттірек?

Карбон қышқылдарын зерттей отырып, тамақ қышқылдарымен танысамыз. Бензолды (оның практикалық маңызын) өту кезінде азотты заттардың, дәрілердің кейбір формулалары беріледі.

Химияны оқыту негізі химиялық эксперимент болып табылып, ол таным құралы ретінде оқушылардың білімі мен практикалық іскерлігін жетілдіруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оқыту процесінде оларды дамыту құралы болып табылады [4]. Практикалық дағдыларды қалыптастыру, әсіресе оларды дамыту үшін уақыт қажет. Практикалық іскерлікті кезең-кезеңмен қалыптасу мақсатында осы жұмысты оқу жылдарына бөлу арқылы жүзеге асыруға болады. Бір жыл ішінде оқушылардың белгілі-бір түрдегі химиялық экспериментті орындауға қажетті іскерлігін дамыту, әрі жетілдіру қажет.

Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін:

- оқу жорамалдарын ұсыну және дәл тұжырымдау;

- белгілі фактілер мен құбылыстарды түсіндіру үшін химиялық теориялар мен заңдарды қолдану;

- химиялық түсініктер анықтамаларын дұрыс тұжырымдау;



- фактілер негізінде дұрыс қорытындылар жасай отырып, жалпылама тұжырымдарға апаратын ой-пікірлер тізбегін құратын өзіндік ойларды қисынды түрде дәйекті де, жинақы баяндау;  
- талдау, синтез, салыстыру, абстракциялау, нақтылау, жинақтау, жүйелеу және интеграциялау операцияларын жүргізу қажет.

Оқушылардың практикалық ойлауын дамытуды химиялық эксперименттеу, химиялық нысандарды үлгілеу процесінде жүзеге асыруға болады.

Шығармашылық ойлауды дамыту – оқушыларды жаңа, өзіндік оқу жорамалдарын ұсыну, түрлі оқу мәселелерін тривиалды емес шешу, практикалық мәселелердің дәстүрлі емес шешімдерін табу процесіне қамту арқылы жүзеге асыру. Көрнекі-әрекеттік ойлауды дамытуды оқушылардың нақты химиялық объектілермен тікелей өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асыру қажет [5].

Білім беру процесінде жобалық оқытуды пайдалана отырып, оқушылар түрлі көздерден жетіспейтін білімді өз бегінше мұқият игеріп, танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімді пайдалануды үйренеді; топта жұмыс істей отырып, коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыратын, зерттеу іскерліктері (бақылау, ақпарат жинау, эксперимент жүргізу, талдау) мен жүйелік ойлау құзыреттілігін дамытатын жағдайлар жасалады.

Химиялық білімді іс-жүзінде қолдануға байланысты жобалар оқушылардың қызығушылығын тудырады.

Химияны оқытудың әрекеттік-құзыреттілік тәсілі оқушылардың пәнге деген ынтасы мен жалпы нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, оқу-тәрбие процесінде қолданатын жоғарыда аталған барлық білім беру технологиялары оқушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға және олардың табысты әлеуметтенуіне толықтай ықпал етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Guide. Химия. Лицейлерге арналған әдістемелік гид. Авторлары: Е. Михайлов, Н. Велишко, М. Кирдивара және т.б. 2010.
2. National curriculum. Химия. 10-12 сыныптар. 2010.
3. Мектеп химиясының заманауи дидактикасы. №7 дәріс. Химияны оқытудың жеке тұлғаға бағытталған технологиялары. Химия. Бірінші қыркүйек, № 23, 2007.
4. Дендебер С.В., Ключникова О.В. Химияны оқыту барысындағы заманауи технологиялар. М., 2007.
5. Ксензова Г.Ю., Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары. М.: Ресей педагогикалық қоғамы, 2005.

### ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ДЕТСКОГО САДА И СЕМЬИ В ПРОЦЕССЕ ВОСПИТАНИЯ СОЦИАЛЬНО ПРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

КАЗМИРЧУК Наталья Александровна, ЯНКОВА Анастасия Андреевна  
ТОО «Детский сад «АЛАКАЙ»  
Петропавловск, Казахстан  
m.alakay@mail.ru

#### Аңдатпа

Әлеуметтік тәрбиенің маңызы, әсіресе қазіргі кезеңде, өте маңызды. Балалардың әлеуметтік – адамгершілік тәрбиесі мәселелерінде балабақшаның отбасымен өзара әрекеттесуі өте маңызды, өйткені баланың жеке басын қалыптастыру ең алдымен оның отбасына байланысты. Модельдің негізгі қағидатарының бірі-жеке тұлғаға бағытталған тәсіл, бұл баланың оқу процесі объектісінің позициясынан оның субъектісіне өтуі үшін ең қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар мектепке түсу кезінде әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуге көмектеседі.

#### Аннотация

Значение социального воспитания, особенно на современном этапе, имеет огромную важность. Взаимодействие детского сада с семьей в вопросах социального – нравственного воспитания детей очень важно, потому что формирование личности ребенка прежде всего зависит от его семьи. Одним из

главных принципов модели является лично-ориентированный подход, который позволяет создавать наиболее благоприятные условия для перехода ребенка из позиции объекта воспитательного процесса в его субъект, а также способствует решению проблем социальной адаптации при поступлении в школу.

Значение социального воспитания, особенно на современном этапе, имеет огромную важность. Развитие общественной жизни повысило и интерес к проблеме социального воспитания подрастающего поколения и в организациях образования.

Любое общество, на каждом этапе его развития сталкивается с социальными проблемами. Изменения, происходящие в современном Казахстане, затронули все сферы жизнедеятельности, в том числе и образовательное пространство. Это обуславливается, прежде всего, тем, что в стране происходят радикальные идеологические и экономические реформы, имеющие значительные социальные последствия, вызвавшие колоссальные издержки в развитии социума и личностного становления человека. Изменения в политике государства приводят к изменению отношений в обществе. Изменились и взаимоотношения отцов и детей, так как семья изменяется вместе с развитием общества, она болеет теми же болезнями и достигает тех же успехов, что и общество.

Объективность такова, что каждый ребенок, за исключением специальных случаев, до достижения им биопсихосоциальной зрелости находится в сфере влияния семьи и организации образования.

Проявление содействия педагогической деятельности всех социальных институтов: организаций образования, семьи, трудовых коллективов, микросоциума, средств массовой информации обеспечивает целенаправленное педагогическое влияние на поведение и деятельность детей и взрослых.

Идея целенаправленного создания социально-педагогического опыта обогащается за счет взаимодействия педагогических коллективов с микросоциумом семьи. Многие организации образования смогли добиться нравственного, культурного, педагогического оздоровления социальной среды, что благотворно сказывалось на детях и их семьях. Однако объективно при этом на них перекладываются многие семейные функции и задачи, что ведет к усилению социально-педагогического иждивенчества семьи, ее отстраненности от работы по социализации детей, их встраивание в общество как полноправных и полноценных его граждан.

Ориентация только на педагогов, способных полноценно учить и интенсивно работать во внеурочное время – неперспективна. Все: учитель, воспитатель, педагог-психолог, педагог-организатор, социальный педагог, педагог дополнительного образования могут и должны работать в тесном контакте, взаимодействуя во благо ребенка со всеми заинтересованными учреждениями и организациями, а также с семьей.

Решение задачи развития социально-педагогической работы с детьми нужно начинать уже с детского сада. Так как известно, что формирование личности и социализация ребенка начинается в дошкольном возрасте. Дошкольный возраст – яркая, неповторимая страница в жизни каждого человека. Ребёнок, с помощью процесса и результата усвоения, активного познания и воспроизводства посредством общения и деятельности, постепенно входит в мир социума. Д. Б. Эльконин отмечал, что в «субкультуре детей существует потенциал предчувствия, предвосхищения траектории развития».

Социальное развитие характеризуется уровнем усвоения детьми различных норм и правил поведения, существующие в человеческой культуре, принятые в нашем обществе. По мере усвоения этих норм и правил дети постепенно учатся регулировать свое поведение и действовать в соответствии с ними. При этом важно учитывать региональный компонент как средство формирования основ патриотизма, гражданственности, социально значимых ценностей у дошкольников.

Взаимодействие детского сада с семьей в вопросах социального – нравственного воспитания детей очень важно, потому что формирование личности ребенка прежде всего зависит от его семьи. Так как главными воспитателями своих детей являются родители. Молодым родителям трудно разобраться во всем, что происходит в обществе, сохранить духовность, выбрать ориентиры для воспитания детей, научить их любить свою Родину. Родители, не владея в достаточной мере знанием возрастных и индивидуальных особенностей развития ребёнка, порой осуществляют воспитание вслепую, интуитивно. Всё это, как правило, не приносит положительных результатов. Наша задача вооружить родителей основами педагогических знаний.

Вовлечение родителей в процесс социального воспитания детей происходит через разнообразные формы взаимодействия. Внедрение в воспитательно-образовательный процесс активных форм работы с

семьями воспитанников, позволяют установить эффективное и целенаправленное взаимодействие детского сада и родителей в рамках социального партнерства.

Модель взаимодействия детского сада и семьи в процессе социального воспитания дошкольников: Дети – Родители – Педагоги. Цель: способствовать социально-нравственному воспитанию детей через развитие первоначальных социальных навыков.

Формы взаимодействия детского сада и семьи в процессе социального воспитания дошкольников многообразны, но лучше всего использование активных форм работы. Приведем примеры тех форм работы, которые используют педагоги нашего детского сада.

Дети: ОУД, беседы, викторины, экскурсии в школу, музей, встречи с интересными людьми, совместные праздники, творческие конкурсы, выставки

Родители: дни открытых дверей, флешмоб, челлендж, практикум, трудовой десант, мастер-класс, родительские собрания, консультации, круглый стол, анкетирование, интервьюирование, фотовыставки

Педагоги: семинар, конференция, педсовет, совместные праздники, открытые мероприятия, методические объединения

В работе мы стараемся придерживаться следующих принципов взаимодействия с родителями: обратная связь, динамичность, открытость, преемственность согласованных действий, гуманный подход, индивидуальный подход, доброжелательный стиль, сотрудничество.

В ходе взаимодействия с родителями мы имеем следующие результаты.

Родители: осознают потребность во взаимодействии с педагогами и активно взаимодействуют с педагогами в вопросах социально–нравственного воспитания детей, удовлетворены работой педагогов научились проявлять уважение к своим родителям, членам семьи. У них развито чувство гордости за свою семью, народ, Родину приобрели знания о семейных и народных традициях, праздниках; Укрепили межсемейные и внутрисемейные связи научились хранить и чтить свои семейные традиции.

Педагоги: осознают необходимость в изменении характера взаимодействия с семьей, учитывают социальный запрос родителей, расширили знания о народных праздниках, их происхождении. Научились подбирать необходимую информацию, традиционные и нетрадиционные формы организации общения и методы активизации родителей лучше узнали семьи своих воспитанников, их уклад жизни, традиции, что будет способствовать тесному сотрудничеству

Дети: знают имена дедушек, бабушек; профессии бабушек и дедушек, своих родителей познакомились с прошлым своей семьи; происхождением своей фамилии выучили народные игры, танцы, песни, залички, колыбельные могут составить рассказ о членах своей семьи, пополняют словарный запас.

Одним из главных принципов модели является лично-ориентированный подход, который позволяет создавать наиболее благоприятные условия для перехода ребенка из позиции объекта воспитательного процесса в его субъект, а также способствует решению проблем социальной адаптации при поступлении в школу.

В заключении хочется отметить, что социальное воспитание, как проблема, может решаться лишь при условии мобилизации обществом максимальных личностных ресурсов для воспитательной деятельности. Нужно стремиться к качественно новому уровню развития социально-воспитательной работы: от отдельных очагов передового педагогического опыта – к выходу на государственный уровень решения проблемы, к созданию системы социально-педагогических служб, центров помощи детям и родителям.

Что возьмут наши дети в будущее? Зависит от нас.

#### Список литературы:

1. Загик Л.В., Куликова Т.А., Маркова Т.А. Воспитателю о работе с семьей Пособие для воспитателя - М.:Просвещение, 1989.- 192 с.
2. Власова А.В., Павлова Л.И., Круглова О.В. Развитие личности ребенка- Волгоград: Учитель. 2012.-199с.
- 3.Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды.-М:Педагогика, 1989, с. 560.
4. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. Учебник для вузов – СПб: Питер, 2000.
- 5.Ильенков Э.В. Учись мыслить смолоду. М.: Просвещение, 1977.
6. Подласый И.П. Педагогика:100вопросов - 100 ответов: учебное пособие для вузов. М.: ВЛАДОС - пресс, 2004.
7. Прохоров А.М. Советский энциклопедический словарь. М.: Просвещение, 1989.

8. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика: Курс лекций: Учеб. Пособие для студ.
9. Социальная педагогика: Курс лекций / Под общей ред. М.А.Галагузовой. –М 2000.
10. Дорохина Н.А. Социальное партнерство дошкольного учреждения и родителей.//Ребенок в детском саду. 2003. №6. С.27.

## **РОДОПЛЕМЕННАЯ СТРУКТУРА КАЗАХОВ** **КЕУТАЕВА Улжалгас Халтореевна, АНУАРБЕКОВ А.**

Туркестанский индустриально-строительный колледж  
Шымкент, Казахстан  
ulzhalgas.keutaeva@mail.ru

### **Аңдатпа**

В статье отражена история древнего жузо-родового формирования казахского народа и территориальное расположение этих жузов. Здесь четко обозначены родовые родственные отношения между племенными жузами.

Традиции деления на роды и племена сохранялись во все времена. У таких этносов, как казахи, даже поле того, как они сформировались в народ, проявлялись все виды этнического сознания. Особенно в начале формирования казахов как народа, по сравнению с народным этническим сознанием, родоплеменное сознание было подавляющим. Например, на вопрос старших, «Из какого ты рода?» отвечающий должен сначала сказать о своем роде, затем о племени, потом о жузе. Обычно казахи называли тогда, когда выезжали за пределы страны, так считалось, что название своего рода и племени уже само по себе означало определение народа.

Традиционное казахское общество состоит из трех жузов: Старший жуз, Средний жуз, Младший жуз. О времени возникновения жузов, причинах их появления, о внутренней структуре общего мнения у ученых нет. У казахских жузов имелись следующие особенности:

- а) внутреннее региональное единство;
- б) этническое единство;
- в) культурно-хозяйственная общность;
- г) общность политического руководства.

Раскроем шире эти особенности. У каждого казахского жуза имелось свое исторически сложившееся пространство, территория. Так, у старшего жуза – это Семиречье и Южный Казахстан, у Среднего жуза – Центральный, Восточный и Северный Казахстан, у Младшего жуза – Западный Казахстан. Племена казахов, входивших в один жуз, родственны между собой и даже считались потомками одного предка. Поскольку население жуза проживало в определенной географической зоне, племена, входившие в один жуз, были связаны между собой более крепкими хозяйственно-экономическими связями, чем с другими жузами. В связи с этим складывалась особая внутриэтническая общность со своими традициями, привычками, обычаями.

Жузы отличались внутренней сплоченностью и в руководстве властью. Каждый жуз имел своего бия. Известно, что и во времена Казахского ханства каждый жуз имел своего хана.

Казахские жузы были хозяйственно-культурными и политическими частями казахского народа. В мирное время большинство внутренних проблем, отношений решались внутри самих жузов. Однако это не означает, что между казахскими жузами не было политических, хозяйственно-культурных, этнических связей. Между родами и племенами, занимавшимися кочевым скотоводством, устанавливались тесные хозяйственные взаимоотношения, завязывались торговые связи, заключались браки. Общая этнокультур, языковые, бытовое и хозяйственное единство играли прочную связывающую роль. Если над общей родиной сгущались тучи, вставал вопрос о ее защите, то все казахские жузы объединялись в одну мощную силу. Не возникало никаких разногласий по поводу того, к какому жузу относится та или иная территория: под угрозой была казахская земля. Внутренняя близость, патриотизм проявлялись во время джунгарских набегов на казахскую землю. Все главные вопросы внутренней и внешней политики решались на общеказахских съездах-курултаях [1].

Конкретные документы о казахских жузах встречаются в литературе первой половины XVIII в. Прибывший в Младший жуз в 1731 г. по вопросу о подданстве России. А. Тевкелев сообщает: «Киргиз-кайсацкая орда состоит из трех частей, а точнее: из Великого жуза, Среднего жуза и Малого жуза».

Разделение на три части – традиция, идущая от древних племен. Так, саки делились на тиграхаудов, хаомаваргов и парадарайя. И у уйсуней, и у древних тюрко-монгольских кочевников была такая традиция.

Деление на большие союзы на бескрайних просторах казахской земли являлось жизненной необходимостью и было связано со спецификой кочевой жизни и сложностями управления государством. Подробное разделение происходило, возможно, еще во времена кыпчакской конфедерации. А окончание процесса деления на жузы совпадает с периодом становления казахской государственности.

Племена Старшего жуза. По летописи казахов племени Старшего жуза состоят из жалайыров, дулатов, канлы, ошакты, сары-уйсинов, шапырашты, шанышкылы, сиргели, ысты, албанов, суанов. Основные регионы, в которых распространялись эти племена, – Семиречье, район рек Чу, Талас, Каратау, среднее течение Сырдарьи. В конце XIX в. общее число казахов Старшего жуза составляло около 700 тыс.

Дулаты – самая многочисленная группа в составе Старшего жуза. Дулаты жили вдоль берегов Или, вплоть до Чу и Таласа и среднего течения Сырдарьи. Они делились на четыре крупных рода: ботпай, шымыр, сикым, жаныс. Их лозунгом был клич «Бактияр».

Жалайыры проживали в предгорьях Джунгарского Алатау, гор Алтынэмеля, Аркарлы, Малайсары, на берегах рек Каратал, Или, на юго-восточном побережье Балхаша.

Канлы занимали территорию, которая простиралась от предгорий Заилийского Алатау до левого берега Или. Часть их селилась в Семиречье, Южно-Казахстанской области. Их клич – «Айырылмас».

Албаны проживали в Семиречье на юго-восточной стороне хребта Алтынэмеля на севере Заилийского Алатау, в верхнем течении Или, на берегах горных рек Текес, Чарын. Их клич – «Райымбек».

Суаны жили в предгорьях Алтынэмеля, в Семиречье, на юго-восточной стороне Джунгарского Алатау, на берегу реки Коктелек у местечка Коргаска. Их лозунг-клич – «Райымбек, Байсуан».

Сары-уйсины в основном кочевали по левой стороне Или, в предгорьях Заилийского Алатау, на правом берегу Таласа, берегах реки Каргаты до слияния ее с Чу.

Шапырашты жили на берегах Или, в основном на правом берегу, на правом берегу Чу, в предгорьях Заилийского Алатау. Их клич – «Карасай».

Сиргели жили в среднем течении Чу, нижнем течении Таласа, в предгорьях Алатау. Их клич – «Тоганас».

Ошакты кочевали в нижнем течении Таласа, юго-восточных отрогах Каратау. В конце XIX в. их число достигало 20 тыс. человек.

Ысты жили в северной части озера Балхаш и территории Жамбылской области. Их клич – «Жауатар».

Шанышкылы жили в Южно-Казахстанской области, граничащей с Узбекистаном. Их клич – «Айырылмас».

Племена Среднего жуза. В Средний жуз входило шесть племен (их называли еще «алты арыс»). Это аргыны, найманы, кыпчаки, коньраты, керей, уаки. В конце XIX – начале XX в. число казахов Среднего жуза составляло примерно 1 млн. 350 тыс. человек. Если к этому числу добавить кереев, уйсуней и найманов, проживавших в Китае и Монголии, то их число превысит 1 млн. 500 тыс. человек.

Племена Среднего жуза располагались на территории Центрального, Северного и Восточного Казахстана, в верхнем и среднем течении Сырдарьи в Южном Казахстане. Аргыны и найманы кочевали на северо-востоке Семиречья, вдоль берегов Чу и Сырдарьи, в их междуречье.

Аргыны проживали на территории Тургайского плоскогорья до Чингизских гор на востоке и на северо-западном побережье Балхаша. Они располагались на территории Павлодарской, Акмолинской, Каркаралинской, Семипалатинской, Кокчетавской, Тургайской, Атбасарской и Кустанайской областей. Их лозунг-клич – «Акжол».

Найманы обосновались в основном в восточном и юго-восточном регионах Казахстана, на плоскогорьях Алтайских гор и до Джунгарского Алатау. Часть найманов кочевала по берегам Сырдарьи до Октябрьского, Семипалатинского, Перовского уездов. Их лозунг и клич – «Каптагай».

Кыпчаки жили в основном в Центральном Казахстане, на южных берегах Сырдарьи в ее среднем течении. Они проживали в Чимкентском и Перовском уездах, в Ташкентском уезде, в других регионах Средней Азии.

Кереи жили в Северном и Восточном Казахстане, на берегах Иртыша и Ишима, в западных отрогах Алтайских гор, в Перовском, Омском, Каркаралинском, Кустанайском, Семипалатинском, Зайсанском уездах. Их лозунг и клич – «Жаубасар, Мукмул».

В Среднем жузе кроме упомянутых племен жили торе, толенгуты, кыргызы, шалаказахи.

Племена Младшего жуза. К казахам Младшего жуза относятся три крупных племен: байулы, алимулы и жетиру. Земли казахов Младшего жуза охватывали весь Западный Казахстан.

На востоке их земли простирались по берегам Тобола, Тургая и Иргиза и предгорьям Мугалжарских гор. На западе они достигали Каспийского моря, среднего и нижнего течения Волги на юге – среднего и нижнего течения Сырдарьи и Мангистауского полуострова, севера Устюрта, берегов Тобола и Урала. Число казахов Младшего жуза в XIX - XX вв. достигало 1 млн. 200 – 300 тыс. человек.

Байулы насчитывали 12 родов. Это шеркеш, есентемир, таз, ысык, адай, бериш, байбакты, кызылкурт, тана, маскар, алаша, алтын, жаппас. В некоторых летописях алтын и жаппас объединяются и называются алтын-жаппас, считаясь одним родом.

Племена байулы кочевали в степях между Жайыком и Жемом по Устюрту, полуострову Мангистау, по северо-восточному побережью Каспийского моря.

Алимулы называют «шесть предков Алима», это шекты, торткара, кете, каракесек, карасакал, шомекей, роды алимулы в зимнее время жили между рекой Эмба и Каспием, на северо-западе Арала, доходя до песков Борсуки и Каракумов, Куандарьи и Жанадарьи. Летом они кочевали от озера Аксакал на север к берегам Торгая, Тобыла, Иргиза, Ора, Илека, Кобды, Жема, Оила и к предгорьям Мугалжарских гор.

Жетиру состояли из семи родов. Это табын, тама, кердери, кереит, телеу, рамадан, жагалбайлы. Зимой они проживали в среднем течении Сырдарьи и на соседних землях, а летом кочевали на север до подножия Уральских гор.

В 1801 г. царское правительство переселило 5 тыс. казахских семей в междуречье Жайыка и Волги. Здесь была создана Бокеевская Орда, которая в 1812 г. стала называться Бокеевским ханством, а в 1845 г. – Внутренней Ордой. Во Внутренней Орде в середине XIX в. жили представители родов адай, алаша, байбакты, бериш, жаппас, есентемир, ысык, кызылкурт, кете, маскар, ногай, жетиру, таз, тана, толенгит, шеркеш.

Таким образом, в конце XIX в. казахский народ проживал на нынешней территории Казахстана, частично занимая соседние территории. Так, некоторые группы Среднего жуза жили в Джунгарии, Монголии, Западной Сибири, странах Средней Азии. Казахи Младшего жуза жили в странах Юго-Восточной Европы, у Уральских гор, в Средней Азии. Некоторая часть казахов Старшего жуза проживала в Джунгарии, Восточном Туркестане и Средней Азии [2].

#### Список использованных литератур

1. Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР с древнейших времен до 1870 г., ОГИЗ 1941, т.1. - С. 78-80, 97-100.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах, Алматы, 1985 г.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАР ТҮРҒЫСЫНАН ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ДАМУЫ

**КИПШАКБАЕВ Канат Зейнуллаевич, Д.Ж. СЕРКЕБАЕВ, В.А. ЖУБАНИЯЗОВА**

«Болашақ» университетінің жоғары колледжі

Қызылорда, Қазақстан

k\_zeinulla@mail.ru

#### Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси дамуы, оның құқықтық перспективалары туралы жазылған сонымен қатар сыртқы саясатының басым бағыттары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Елбасы, Қазақстан Республикасы, мемлекет, халық, ұлт, тәуелсіздік.

**«1991 жылғы 16 желтоқсанда біз, Қазақстан халқы, егемендікті, бостандықты, әлемге ашықтықты таңдадық. Бүгінгі таңда бұл құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру».**

***Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев***

Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қазақ халқының басын бір тудың астына біріктіріп, тәуелсіздік туын көкке желбіреткен күннің 30 жылдық мерейтойын атап өтудеміз.

Жасампаз отыз жылда бір ғасырға татитын ұланғайыр жолды басып, биік белестерді бағындырдық десек, артық айтқандық болмас.

Қазақ мемлекеттілігін құруға сан ұрпақтың сан ғасырлық ғұмыры мен күш-жігері кеткені айдан анық. Дегенмен, тәуелсіздікті жариялау, оны құру, ал тәуелсіздікті сақтап, оны нығайтудың орны бөлек. Сондықтан, ата-бабамыздың арманы болған тәуелсіздікті ойдағыдай орнатып, елдің басын қосып, бүгінгідей керегесі кең, әлем елдерімен терезесі тең мемлекет құрудағы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қосқан үлесі тарихта алтын әріппен жазуға лайықты екені даусыз.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болып жарияланды, ол өз тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттілігін нығайту шараларын жүзеге асыруда. Республиканың ажырамас құқығын құрайтын мәселелерді шешуге кез келген араласу оның мемлекеттік тәуелсіздігіне қол сұғу болып саналады.

1992 жылы Қазақстан әлемдік аренаға шықты. Мемлекетіміз ЕҚЫҰ, ИЫҰ, НАТО Ынтымақтастық Кеңесі, Дүниежүзілік банк, ХВҚ, Еуропалық қайта құру және даму банкі, ЭЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Орталық Азияның барлық мемлекеттерінің инвестициялық қорын барынша тартуға қол жеткізілді. Демократиялық әріптестік туралы Хартияға жетекші капиталистік ел АҚШ-та қол қойылды, бұл Орталық Азияда да прецедент орнатты және салыстырмалы түрде жас мемлекеттің сөзсіз жетістігі болып табылады. Қазақстан бірінші болып тағы бір қадам жасап, 1991 жылы 30 тамызда Семей ядролық полигонын жауып тастады. Республика тағы да өркениетті әлемнің назарын аударды [1; 100 б].

Мемлекетіміздің елдің сыртқы саяси ведомствосын қайта құру, оның бағыт-бағдарын жасау Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылды. Осы шаралардың атқарылуы барысында «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы», «Халықаралық құқық», Қазақстан Республикасының заңдары т.б. ресми құжаттар зерттеліп, сараланды. КСРО-ның ыдырауы салдарынан барлық экономикалық байланыстарымыз үзіліп, нарықтың қыспағына тірелген кезде, ауыр экономикалық дағдарысқа тап болдық, жас мемлекетізге шетел инвестициясын тарту үшін, ең алдымен, екі жақты дипломатиялық қатынас орнатудың қажеттілік шарттары туындады. Қазақстанмен ықпалдастыққа ынталы мемлекеттермен қарым-қатынастың кешенді құқықтық негізін жасау қажет болды. Алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін, сыртқы саясатымызды айқындау үшін, шет елдерде мекемелердің жоқтығын ескере отырып, әлемдік аренада тәуелсіз Қазақстанның толық ауқымдағы таныстырылу рәсімі Елбасымыздың және үкімет делегацияларының шет елдерге ресми сапарларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің тек алғашқы екі жылында ғана Қазақстан Президенті әлемнің 19 еліне ресми сапар жасады. Осы қатарда әлемнің жетекші елдеріне – Австрияға, Ұлыбританияға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Жапонияға, сондай-ақ Үндістанға, Пәкістанға, Қытайға және басқа елдерге сапармен бару стратегиялық әріптестікті орнату тұрғысынан неғұрлым маңызды оқиғалар болды [2; 132 б б].

Осы бағытпен жұмыс жасай отырып, қиын-қыстау кезеңде, қаншама қиыншылықтарды бастан өткере отырып, 1991-1992 жылдары Қазақстан дипломатиясы өзінің қалыптасуының алғашқы кезеңінен өтті. Елбасының тікелей араласуымен және қадағалауымен Сыртқы істер министрлігін қалыптастырудың құқықтық, әлеуметтік-саяси және ұйымдастыру, дипломат мамандармен қамтамасыз ету мәселелері оң шешімін таба бастады. Мемлекеттік егемендікті қол жеткізуі Қазақстан Республикасының алдына, өзінің сыртқы саясатының жалпы принциптерін қалыптастыруға байланысты

міндеттер қойды. Бұл елімізге халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді және Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сай келді. Бұның іргетасы – әлемдік саясаттың, геосаясаттың және геостратегияның, XX ғасырдың аяғына қарай қалыптасқан және мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы принциптері болды. Қазіргі таңда Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде өзіндік орны мен ролі бар беделді мемлекет және сенімді сыртқы саяси серіктес ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау және халықаралық лаңкестікпен күреске қосқан үлесін жоғары бағалайды. Халықаралық аренада Қазақстан көпұлтты және поликонфессионалды қоғамның озық үлгісі ретінде танылды.

Мемлекетіміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сыртқы саясатының және ішкі саясатындағы күрмеуі қиын күрделі мәселелермен бетпе бет келді. Осы мәселелерді тәжірибелі шешу ғана мемлекет болашағының бұлыңғыр болмауының кепілі бола алды. Солардың ішінен ерекше тоқталатынымыз, ол сол уақыттағы Қазақстанның Ресей Федерациясымен өзара ықпалдастығының құлдырауы басты себептердің бірі болды. 1990-1994 жылдар аралығында Ресейдегі саяси элитаның бұрынғы кеңестік мемлекетермен қарым-қатынастарды өздеріне тиімсіздігі жөнінде саяси пікірлер мен көзқарастар пайда болды. Бұл негізінен сол кезеңдегі РФ сыртқы саясатында жылдам түрде Еуропа елдері қатарына кіру бағыты басшылыққа алынғандығына байланысты болды. Осы уақытта Ресейдің Орталық Азиядағы істерден оқшауланып, Батыспен өзара қарым-қатынастарға баса назар аударуымен сипатталады. Ресейдің сыртқы саяси стратегиясында өзін Еуропамен, бүкіл Батыспен теңестіруге ұмтылыс жасағаны анық байқалды. Осыған байланысты Орталық Азиядағы мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан да Ресейдің батыс еуропалық өркениетке жылдамырақ енуін тежейтін кедергілер ретінде қарастырылды.

1992 жылы 1 сәуірде РФ Жоғарғы Кеңесі территориялық бүтіндікті және егемендікті сақтау әр мемлекеттің өз міндеті екендігін жариялағаны барлық одақтас болған мемлекеттерге қиындық туғызды. Бұның нәтижесі Ресей парламентінің бұл қадамы бұрынғы КСРО-ның ортақ қарулы күштерінің тарауына және барлық посткеңестік республикаларда, оның ішінде Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерінде де ұлттық армияның құрылуына әкеп тіреді. 1993 жылы Ресейдің бастамасымен Қазақстан рубль аймағынан шығарылып, өзінің ұлттық валютасы - теңгені енгізді. Бұл Мәскеудің өзінің жақын көршілерімен қарым-қатынастарға деген қызығушылығының төмен деңгейін көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан сыртқы саясатын қалыптастыру кезеңінде ең қиын мәселе болғаны – Кеңес Одағынан қалған ядролық қару арсеналы еді. Сол кезеңде Қазақстанды ядролық державаға айналдыруы мүмкін стратегиялық арсеналды қалай пайдалану жөнінде әртүрлі пікірлер мен сын ескертпелер айтылды. Бір тараптан, осы ядролық қаруды сыртқы басқыншылықтан қорғанудың кепілі ретінде қарастырылса, екінші жағынан оны пайдалана отырып, азиялық субконтинентте көшбасшы болудың құралы айналдырғысы келгендер де табылды. Қазақстан сыртқы саясатындағы ең өзекті мәселелердің бірі – Шығыстағы алып көршісі Қытай Халық Республикасымен тең дәрежеде қарым-қатынастар қалыптастыру басты мақсаттарының бірі болды. Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастар көптеген жылдар бойы шиеленісті жағдайда болғандығы белгілі. Қазақстан Бейжіңмен қарым-қатынастарды жаңадан қалыптастыруға мәжбүр болды. Осы шешуші кезеңде Кеңес Одағынан қалып қойған шекаралық мәселелерді ескерсек, әлі мемлекеттілігі қалыптасып үлгермеген Қазақстан үшін жаңылыс қадам басу халқы миллиардтан асып жығылатын экономикалық әлеуетті көршісімен келіспеушілікке алып келуі әбден мүмкін болатын [3; 313 б].

Ал енді саяси бағыттарға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басым бағыттары мыналар болып табылады:

#### ***Посткеңестік республикалармен интеграция.***

Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған кезеңнен бастап мемлекет алдында дербес мемлекеттің мақсат міндеттеріне сәйкес ел мүддесін алдыға қойған қоғамдық ғылым даму қажет болды. Осы арнада да, заң ғылымы алға жылжуды бетке алған болатын. Ел тәуелсіздігін жариялағанға дейін мемлекет және құқық теориясы таптық сарында өрбіп келген болса, жалпы өркениеттің жетістігіне сүйенген жаңа бағыттың негізінде даму өмір қажеттілігі екендігін уақыт көрсетті.

Қазақстандық дипломатия «посткеңестік кеңістіктегі» мемлекеттермен ынтымақтастықты дамыту бағытын жалғастыруы керек. Біріншіден, екіжақты негізде байланыстарды дамыту қажет. Екіншіден, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы белсенділікті төмендетпеу. Шекара саясатының негізгі міндеттері: тұрақтылықты, қауіпсіздікті және шекаралардың мызғымастығын қамтамасыз ету; Достастық елдерінің біртұтас экономикалық және кедендік кеңістігін қалыптастыру үшін қажетті



жағдайлар жасау; халықаралық және ішкі есірткі айналымына қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету; бейбітшілікті қамтамасыз ету; шекарадағы оқиғаларды және шекарадағы аумақтық дауларды шешу.

#### ***Ресеймен қарым-қатынас.***

Басымдықтар туралы айтқанда, Ресей Федерациясымен қарым-қатынасты атап өту керек. Ресеймен әріптестікке, тату көршілікке, ынтымақтастыққа балама жоқ. Ресейдің демократиялық дамуы Қазақстанның тұрақты және қауіпсіз дамуының алғышарты болып табылады.

#### ***АҚШ-пен ынтымақтастық.***

Қазіргі әлемдегі ең ірі держава – Америка Құрама Штаттарымен жан-жақты қарым-қатынастарды дамыту басты рөл атқарады. Қазақстан бұл қатынастарды халықаралық аренада өзінің ұлттық мүдделерін ілгерілетумен байланысты ұзақ мерзімді серіктестік ретінде қарастырады. Бұл көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде ең маңыздылары АҚШ-тың халықаралық аренадағы саяси салмағы, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу, қазақстандық экономикаға америкалық капиталды тарту.

#### ***Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасы.***

Азия континентінде ҚХР-мен қарым-қатынастар маңызды болып қала береді. Бұл ел, сарапшылардың пікірінше, осы ғасырдағы әлемнің экономикалық және саяси даму бағытын айқындайды. Қытайдың Ляньюньган портын пайдалану туралы келісім бізге Тынық мұхитына, ең перспективалы әлемдік нарықтар қалыптасып жатқан аймаққа жол ашады.

#### ***Еуропамен ынтымақтастық.***

Работа над учебными проектами осуществлялась в течение 3 четверти в старших классах. У учащихся старших классов развитие познавательных процессов достигает наиболее высокого уровня, что позволяет им быть практически готовыми к выполнению всех видов умственной деятельности. Отличительной особенностью старшего школьного возраста является рост сознания и самосознания, у старшеклассников развивается самоконтроль деятельности и углубляются знания об окружающем мире [3].

Разделы и цели обучения, по которым были подготовлены проекты, представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Разделы и цели обучения, отобранные для реализации учебных проектов в 11 классах



Subject	Units	Learning objectives:
Chemistry	11.3A - Alkenes	- know some common uses of (poly)alkenes and understand the need for recycling
	11.3B - Alcohols	- understand environmental issue, including those with bioethanol fuels and understand the concept of carbon neutrality - be able to discuss biofuels in this context
	11.3C - Halogenoalkanes	- understand environmental concerns about halogenoalkanes and understand the mechanism of ozone depletion - know less environmentally damaging substitutes for haloalkanes
Physics	11.3B Molecular Physics	- understand and apply the first law of thermodynamics; - recall and understand the terms of mean-square velocity, saturated and unsaturated steams, surface tension, capillary phenomena

Комплектация проектных групп осуществлялась по желанию учащихся. Согласно результатам анкетирования, проведенного на подготовительном этапе (28 респондентов), 42,9% учащихся предпочли проектную работу в парах, 28,6% - индивидуальную работу; 21,4% - работу в группах и для 7,1% обучающихся выбор не имел особого значения.

Организация учебно-исследовательской деятельности учащихся включала в себя разработку индивидуальных образовательных маршрутов учащихся с определением сроков по указанному виду деятельности, в котором отводится время на консультационные часы с преподавателем по данному проекту (таблица 2).

Таблица 2 - Маршрутный лист участника проекта

№	Содержание деятельности	Рекомендации и вопросы	Дата консультаций с преподавателем	Срок сдачи на проверку
1.	Определение темы исследования	Для определения темы ответьте на вопросы: Что мне интересно? Чем я хочу заниматься?	1 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	1 неделя Суббота, 20.00 Microsoft Teams команда Projects
2.	Формулирование целей и задач проекта. Определение структуры работы и название разделов (глав).	Образец формирования целей и задач проекта находится в папке Microsoft Teams команда Projects Для формулирования задач можно использовать глаголы: - изучить; - проанализировать; - сравнить; - составить; - выявить закономерность; - создать; - предложить и т.д. Название разделов производится с учетом задач проекта	2 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	2 неделя Суббота, 20.00 Microsoft Teams команда Projects
3.	Поиск литературных источников. Создание электронной папки с материалами	Список литературы должен включать не менее 20 источников (статьи, доклады, авторефераты диссертаций, патенты и т.д.) Образец оформления литературы находится в папке Microsoft Teams команда Projects.	3 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	3 неделя Суббота, 20.00 Microsoft Teams команда Projects
4.	Анализ материалов и составление «черновика» проекта	Основная часть (10-12 страниц) должна включать в себя	4 неделя Среда, 16.00	4 неделя Суббота, 20.00

		сравнительные таблицы, графики и их анализ	Microsoft Teams команда Projects	Microsoft Teams команда Projects
5.	Доработка материалов проекта и оформление окончательного варианта проекта	Образец оформления основной части проекта находится в папке Microsoft Teams команда Projects.	5 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	5 неделя Суббота, 20.00 Microsoft Teams команда Projects
6.	Создание презентации для защиты проекта и обсуждение с преподавателем	Презентация должна содержать 12-15 слайдов, фон презентации светлый. На защиту выносятся ключевые позиции	6 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	6 неделя Суббота, 20.00 Microsoft Teams команда Projects
7.	Защита проекта. Рефлексия	Доклад 7-10 минут. Ответы на вопросы. Рефлексия – Microsoft Forms	7 неделя Среда, 16.00 Microsoft Teams команда Projects	Защита 7 неделя, Пятница 14.00 Microsoft Teams команда Projects

Консультационная работа осуществлялась в Microsoft Teams в команде Projects, в которой размещались дополнительные материалы. В качестве рефлексии учащиеся оценили собственный уровень сформированности исследовательских умений (рисунок 1).

Анализ диаграммы показывает, что наибольшее затруднение у учащихся вызвало фиксирование и представление информации в виде схем, таблиц, диаграмм и работа над подготовкой доклада.




Рисунок 1 - Оценка уровня сформированности исследовательских умений учащихся (1 – низкий уровень сформированности; 5- высокий)

В ходе рефлексивной оценки учащиеся отметили, что подготовка учебных проектов способствовала углублению знаний по данным целям обучения, а также методологии исследования и развитию исследовательских умений и навыков работы в команде.

#### Список литературы:

1. Леонтович А. В. Об основных понятиях концепции развития исследовательской и проектной деятельности учащихся. Электронный ресурс. Режим доступа: [[http://infrescenter.ucoz.ru/Shk\\_Bibliotek/proekt\\_deyat/2013/leontovich.pdf](http://infrescenter.ucoz.ru/Shk_Bibliotek/proekt_deyat/2013/leontovich.pdf)]
2. Пахомова Н. Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении: Пособие для учителей и студентов пед. вузов. М.: Аркти, 2003.- 112 с.
3. Зритнева Е.И., Кравцова Е.Ю. Особенности учебно-исследовательской деятельности учащихся старших классов при изучении дисциплин естественнонаучного цикла( на примере химии и биологии). Электронный ресурс. Режим доступа: [<https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-uchebno-issledovatel'skoy-deyatelnosti-uchaschihsya-starshih-klassov-pri-izuchenii-distiplin-estestvennonauchnogo/viewer>]

**ҚАБЫРҒАҒА АРНАЛҒАН ТРАФАРЕТ**  
**РАХИМ Әсел Нұрланқызы, КАСИМОВА М.**  
Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі  
Шымкент, Қазақстан  
aselarhm@gmail.com

**Аңдатпа**

Мақалада үй интерьері үшін қабырғаларды трафаретпен безендіру технологиясының ерекшелігі қысқаша мазмұндалған. Мұнда сондай-ақ, сәйкес трафаретті таңдау, оны қабырғаға бекіту және бейнені салу, бояуды жағу бірізділігі толықтай қарастырылған.

Қабырғаларды трафаретпен безендіру технологиясы ежелгі мысырлықтарға да белгілі болды. Содан бері көп нәрсе өзгергенімен, бірақ трафареттер әлі де өзекті болып қала береді. Соңғы уақытта декор элементтері ретінде трафареттер өте сәнді болып саналады [1]. Қабырғаларды безендірудің бұл әдісі несімен ұнайды? Әрине, оның қарапайымдылығы. Қабырғаларда нағыз өнер туындысын жасау үшін жақсы суретші болу қажет емес (1 сурет).



1 сурет – Жылқы бейнесі кескінделген трафареттік қалып

Анықтама бойынша трафарет дегеніміз не? Бұл қайталанатын өрнегі бар ою-өрнек. Көбінесе бөлменің бұрыннан бар дизайнын жаңарту кезінде қабырғаларға трафареттер қолданылады. Дайын трафареттер болғанымен, сіз өзіңізге ұнайтын суретті алып, одан трафарет жасай аласыз. Ең бастысы – түстер мен пішіндерден алшақтап кетпеу – мұндағы жаңа сызбалар дизайн мен түстердің қалған бөліктерімен біріктірілуі керек.

1. Сонымен, бастау үшін трафаретті өзіңіз жасаңыз. Таңдалған үлгіні алып, оны қалың картонға көшіріңіз. Егер ол пластик болса, тіпті жақсы, өйткені трафарет тез жарамсыз болып қалуы мүмкін. Мұның бәрі сіз оны бояумен қанша рет жүретініңізге байланысты.

2. Трафарет үлгісін қайшымен немесе өткір пышақпен кесіңіз. Суреттің кішкене бөліктері кесуден алшақтап кетпеуі үшін бекітілуі керек. Мұны жапсырмамен жасауға болады.

3. Трафаретті қабырғаға орнатпас бұрын, сіздің суретіңіз (көлденең немесе тігінен) қалай орналасса да, оған бормен түзу сызықтар салыңыз. Трафаретті жапсырмамен сызыққа бекітіп, бояуды бастаңыз. Кішкентай бөлшектер үшін жеке трафарет дайындаған дұрыс.

4. Ою-өрнектің ірі бөліктерін дөңгелетпемен бояп, ал біршама ұсақтарын қылқаламмен шеңберлеу қажет. Қолданар алдында қылқалам мен дөңгелетпені сығып алу керек – бұл бояу тегіс жағылып, ағып кетпеуі үшін жасалады. Егер, түстің қанық және жарқын болуын қажет етсеңіз, бояудың екінші және одан кейінгі қабаттарын бірінен соң бірін жағыңыз.

5. Суреттің бір бөлігі дайын ба? Онда трафаретті сызық бойымен жылжытыңыз. Үлгінің үлкен бөліктері дайын болғаннан кейін кішкене үлгісі бар трафареттерді жабыстырыңыз. Суретті майламау үшін оны құрғатып алыңыз. Содан кейін ғана қабырғаны ары қарай безендіруді жалғастырыңыз.

Трафареттерді қабырғаға қолданудың күрделілігіне қарамастан, бұл пәтердің интерьерін жаңартудың тамаша тәсілі болып табылады [2]. Түпнұсқа өрнектер даралық пен стиль береді. Сонымен қатар, егер сіз оны алып тастап, өзіңіздің мұнда ұзақ уақыт болмайтындығыңызды білсеңіз, онда бұл сіздің қалауыңыз бойынша пәтерде жөндеу жұмыстарын жүргізудің тамаша тәсілі. Дегенмен, үйге сәнді көрініс пен жайлылық қажет болғандықтан, трафареттер интерьерді жаңартуға көмектеседі (2 сурет).



2 сурет – Қабырға трафареті арқылы әрлендірілген бөлме интерьері

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Л.Н. Мороз. «Маляр» Москва, 2010. - 285 с.
2. Л.Ф. Фролова. «Технология малярных работ: рабочая тетрадь», Академия, 2008. - 144 с.

### ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**РАХИМЖАНОВА Салтанат Кинаятқызы, НӘБИ Л.**

Көкшетау, Қазақстан  
tanatlas68@mail.ru

#### Аңдатпа

Мақалада қазақ халқының көрнекті қайраткері М.Жұмабаев шығармаларындағы педагогикалық идеялардың маңыздылығы мен оларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану ерекшеліктері туралы баяндалады. Қазіргі таңда мектептердегі тәрбие жүйесінің құрылымы құндылыққа негізделген білім беруге бағытталып отырғаны түсіндіріледі. М.Жұмабаевтың тәрбиелік мәні зор педагогикалық еңбектері мен поэтикалық шығармаларын құндылықтарға негізделген білім беруде пайдалану мүмкіндіктері көрсетіліп, ақынның педагогикалық мұрасының мазмұндық, тәлім-тәрбиелік идеялары кесте ретінде ұсынылады.

Көз ілестірмей өзгеріп жатқан жаһандану заманында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде рухани құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Осыдан бір ғасыр бұрын қазақ педагогикасының негізін қалаушы, ақын, педагог Мағжан Жұмабаев: «Біз дәл қазір ұлттық мектептің берік негізін қалауымыз керек. Соңғы кездері біз соқыр еліктеу ауруына шалдыққанымызды ескеруіміз керек. Бұл дерт жаңа мектептің негіздерін құруда ғана емес, шаруашылық және саяси өмірдегі қайта құруда да байқалады. Біз қазақтың жанына жаңа бейне беруіміз керек. Қазақтың жанын басқа үлгіге қарай ауыстыру қорқыныш тудырады. Жаңа мектептің негізін қалай отырып, осы соқыр еліктеу жолына тағы да түсіп кетпегеніміз дұрыс болар еді», - деп, қазақ жастарының бойындағы қабілеттерін ел игілігі үшін қолдана білуін, танымдық жаңашылдыққа бет бұруын арман еткені сөзсіз [1]. Байқап қарасақ, ұлт жанашыры Мағжан арман еткен жаңашылдық пен ұлттық тәрбие мәселелері қазіргі технология қарыштап дамып, батыс мәдениетіне еліктегіш жастарымызды ғаламтор желісі тәрбиелеп жатқан заманда да өзектілігі артпаса, еш кеміген емес. Нақ осы сын сағатта еліміздің болашағына ұлттық және адами құндылықтарды меңгерген, сонымен қатар халық педагогикасынан сусындаған азаматтар қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда жан-жақты қабылдауы ашық, белсенді жастарымызға дұрыс бағыт беру үшін оқу мен тәрбиені құндылықтарға негіздеу мақсаты өзекті мәселеге айналууда. Халықаралық зерттеулер де құндылықтар негізінде білім беруді барлық мүдделі тараптардың: отбасы, мектеп және қоғамның қатысуымен жан-жақты кешенді түрде жүзеге асырылуы қажеттігін алға тартады [2]. Сондықтан қатардағы тәрбиеленушіні нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Ал құндылық дегеніміздің өзі – білім мен тәрбие барысында адамгершілікке бағытталған идеялар. Оларға ынтымақтастық, ұлтжандылық, адамдық, мейірімділік, адалдық, сыйластық, салауаттылық, қайырымдылық, сыпайылық, мәдениеттілік, еңбекқорлық, сүйіспеншілік

сынды қасиеттер жатады. Құндылықтар сана-сезім арқылы қабылданып, соның нәтижесінде тұлға адами қасиеттерді бойына сіңіреді, соған сай әрекет жасайды.

Олай болса, «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасының басты мақсаты - жаңа заманның талабына сай тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, болашақ мамандығын саналы түрде таңдай білу және салауатты өмір салтын меңгеруге бағыттау [2]. Ұсынылған жоба ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуіріндегі №145 бұйрығы бойынша қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім беру ұйымдарындағы тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздеріне толық сәйкес келеді [3]. Жоба авторлары тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріндегі 8 міндетті бағытты 18 құндылыққа топтайды. (№1-кесте)

**Кесте №1. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы**

№	Құндылық тақырыбы	Даналық ой	Күтілетін нәтиже
1	Ынтымақтастық	Татулықты тербетер тал бесіктен	✓ Ынтымақтастық ұғымын сипаттайтын қасиеттерді түсінеді; ✓ Бауырмалдық, достық қарым-қатынасты меңгереді.
2	Құрмет	Қызығы бұл дүниенің сыйластықта	✓ Құрмет туралы түсінік қалыптастырады; ✓ Құрметтеудің қажеттілігін түсінеді
3	Жауапкершілік	Жауапкершілік – жетістіктер бастауы	✓ Кез келген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады; ✓ Өзіне және ортасына сенімді тұлға болуға ұмтылады.
4	Адалдық	Азамат жолы – ар жолы	✓ Адал болудың өзіне, қоғамға, Отанына тигізер пайдасын ұғынады.
5	Еңбекқорлық	«Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын»	✓ Адал еңбектенудің қажеттілігін түсінеді; ✓ Пайдалы еңбектенуге дағдыланады.
6	Кемелдену	Кемелден де, болашаққа жол аш	✓ Жүйелі, жоспарлы жұмыс жасаудың маңыздылығын түсінеді; ✓ Өзін-өзі жетілдірудің жолын үйренеді,
7	Этика-әдеп	Әдептен озбайық	✓ Әдеп сақтауды, этикалық қарым-қатынастарды күнделікті өмірде қолданады,
8	Табандылық	Талаптанбай ашылмас ердің бағы	✓ Табандылық, төзімділік ұғымдарын түсінеді; ✓ Табандылықтың жетістікке жетелейтін фактор екенін ұғынады.
9	Отансүйгіштік	Отан – өз бесігін, өз үйің	✓ Отансүйгіш, ел құндылықтарын ардақтайтын тұлға қалыптасады.
10	Кішіпейілділік	Ізгілік қалсын әр ізде	✓ Кішіпейілділіктің мағынасы терең түсінеді ✓ Айналасына кешіріммен қарауға дағдыланады
11	Сүйіспеншілік	«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»	✓ Қоршаған ортаға қамқорлық танытады; ✓ Бар тіршілік иелеріне мейіріммен қарайды.
12	Жомарттық	Жомарттық жоқ атаққа жол ашады	✓ Жомарттық ұғымын бойына сіңіреді; ✓ Қайырымдылық жасауға ұмтылады.
13	Әділдік	Әділдік жолын өзің аш	✓ Шындықты жалғаннан ажырата білуге, әділ шешім қабылдауға дағдыланады; ✓ Әділетсіздіктерге қарсы тұрады,
14	Эмпатия	Өзгенің жан-дүниесін түсіну де - өнер	✓ Басқа адамдардың эмоцияларын және сезімдерін жақсы түсіне алады; ✓ Адамдарды бөліп-жарып қарамайды,
15	Қанағат	Байлық - мұрат емес, жоктық - ұят емес	✓ Қанағат, үнемділік мағыналарын түсінеді; ✓ Ысырапшылыққа жол бермейді,
16	Тазалық	Тазалықтан тән де, жан да жасарады	✓ Тән тазалығы мен жан тазалығының маңыздылығын түсінеді,
17	Денсаулық	Денсаулық – зор байлық	✓ Салауатты өмір салтын ұстанады; ✓ Дұрыс тамақтанудың маңыздылығын түсінеді.
18	Батылдық	Батылдық бар әр істің бастауында	✓ Кез келген сәтте батылдық танытуды үйренеді; ✓ Өз қорқыныштарын жеңуге тырысады.

Ұсынылған жобаны жаңартылған білім беру парадигмасы тұрғысынан қарастырсақ, жас ұрпаққа құндылықтар негізінде тәрбие беруде қазақ халқының көрнекті қайраткері Мағжан Жұмабаевтың

шығармаларында қозғалған педагогикалық идеялардың маңызы зор. Ақын еңбектеріне арқау болған рухани құндылықтарды тәжірибеге енгізу үшін төмендегі міндеттерді шешуге назар аудару қажет:

- М.Жұмабаев еңбектеріндегі педагогикалық идеялардың жаңартылған білім беру жүйесі мақсаттарымен сәйкестігін анықтау;
- оқу-тәрбие жұмыстарында ақын шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану;
- құндылық тақырыптарына сай тәрбиеленушінің жас ерекшелігін ескере отырып, ақын шығармаларын сұрыптап қолдану.

Нәтижесінде, ұсынылған міндеттерді жүзеге асыра отырып, ақынның педагогикалық идеяларына сәйкес заман талап еткен жас ұрпақты тәрбиелеуге қол жеткізуге болады.

Қазақтың әдебиет көкжиегінде поэзияның асқар шыңына көтерілген Мағжан Жұмабаевтың ұстаздық қыры да ерекше. Ол 1922-1926 жылдары ақындықтан ағартушылық жолға бет бұрып, «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты оқулықтарын жазып, алғаш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра отырып, бала тәрбиелеудің, олармен қарым-қатынас жасаудың ғылыми негізін қалады. Мағжан Жұмабаев ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - дегеніндей, тәрбие ұғымын өзекті мәселе етіп қарастырды. Адам баласын шыр етіп дүниеге келген сәтінен тәрбиелеп, заманына сай білім беру керектігін алға тартты және қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып дамыта оқытуды, бала қиялын қозғап, өзіндік ойлау қабілетін ғылымның соңғы жаңалықтарымен байланыстыра отырып тәрбиелеу керектігін ұсынды. Осы ойлардың қазіргі жаңартылған білім беру ережелерімен сәйкестігін анық байқауға болады. Ұлы педагог тәрбиенің төрт түрлі: дене, ақыл, сұлулық және құлық тәрбиесі болатынын айта келе, адам баласын тәрбиелеу барысында осы аталған төрт бағытты сауатты, толық берсе, оның тәрбиесінде кемшілік болмайтынын атап көрсеткен [4]. Сонымен қоса, ойларын көркем сөз арқылы жеткізген. Мағжанның жалынды жырларына ұлттық рух пен болмыс, ұлтжандылық сезім, тарих, ана тілі арқау болды. Ол – ұлттық мүддені жеке басының мәселесінен жоғары қойды. «Не көрсем де алаш үшін көргенім, Маған атак ұлтым үшін өлгенім!» - деп ұлтына деген шексіз махаббатын жалындаған жырларына арқау етті. Мағжан Жұмабаев өлеңдері өте терең ойлы, олардың тақырыптары да алуан түрлі. Олай болса, Мағжан шығармалары - қазіргі оқушыларды құндылықтарға негіздеп тәрбиелеуде таптырмас құрал. Оның поэзиясындағы қозғалған мәселелер бүгінгі заман талабына сай білім беру жүйесінің жаңа қарқынымен, «Тәрбие тұжырымдамасы» мақсат-бағыттарымен ұштасып жатыр. (№2-кесте)

Атап айтсақ:

- білім, ғылым, мәдениетке шақыру;
- туған жерге деген сүйіспеншілік;
- рухани мұра және тарих, ана тіліне құрмет;
- батырлық пен батылдық, Отанды қорғау;
- адамгершіліктің жоғары деңгейі - адамзаттық идея;
- әдемілікке деген сүйіспеншілік;
- ұлттық дүниетаным, этникалық білім беру;
- еңбекке, табиғатты қорғауға шақыру;
- жастарға деген сенім, азаматтық ұстанымдар қалыптастыру.

**Кесте №2. Мағжан Жұмабаев шығармаларының тәрбиелік құндылығы**

Шығармалар атауы	Тәрбие бағыты	Құндылық маңызы
«Өнер-білім қайтсе табылар», «Жазғы тан», «Қазағым»	зияткерлік тәрбие	табандылық
«Түркістан», «Күншығыс», «Пайғамбар» , «От», «Толқын»	Қазақстандық патриотизм	Отансүйгіштік
«Бостандық», «Есімде...Тек таң атсын», «Қазақ тілі»	Қазақстандық патриотизм	кұрмет, батылдық
«Ана», «Бесік жыры», «Немере мен әжесі», «Ата, Бата», «Сүйемін»	Отбасы тәрбиесі	сүйіспеншілік
«Еңбек – өлім жан қанатын қиятын»	еңбек – экономикалық тәрбие	еңбекқорлық
«Бөбектің тілегі», «Асық иіру», «Сылдырмақ»	ұлттық тәрбие	сүйіспеншілік
«Мен кім?», «Мен жастарға сенемін»	азаматтық тәрбие	кемелдену, адалдық

«Шолпы», «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін»	көркем-эстетикалық тәрбие	сүйіспеншілік
«Орал таулары», «Өткен күн»	азаматтық тәрбие	ынтымақтастық
«Батыр Баян», «Көкшетау», «Абылай хан»	Қазақстандық патриотизм	батылдық
“Айда атыңды, Сәрсембай”, “Шойын жол»	экологиялық тәрбие	жауапкершілік

Қорытындылай келе, ақын-ұстаз Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы педагогикалық ойлардың маңыздылығы - жаңа ұрпақты жалпы адамзаттық құндылықтарға, мәңгілік адами қасиеттерге тәрбиелеуге бағытталғандығында. Ақын еңбектерін сараптай келе, оның өткен ғасырдың басында педагогикалық – психологиялық айтқан ойлары бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда әсіресе ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруде таптырмас мұра болып отыр. Егеменді еліміздің ертеңі – жастарымызды ұлтымыздың ұлылары қалдырған еңбектеріндегі асыл сөздер арқылы тәрбиелеуге қол жеткізсек, келешегіміздің мықты, бағыты айқын болары анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек», - деп атап көрсетті [5]. Олай болса, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық еңбектері арқылы адамгершілік идеялармен қаруланған, «арыстандай айбатты, жолбарыстар қайратты» рухтағы, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеудің маңызы зор. «Мен жастарға сенемін...»

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. 3-том.- Алматы: Жазушы, 2003.
2. Ибрагимов М., Сағындықұлы Е., Смаков С. Құндылықтарға негізделген мектеп.- Алматы, 2019.
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім беру ұйымдарындағы тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері. – ҚР Білім және ғылым министрінің № 145 шығыс хаты, 15.04.2019.
4. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Нұр-Сұлтан, 01.09.2021.

### ҚАЗАҚ ТІЛДІ ТҰРҒЫНДАР БАСЫМ ТҰРАТЫН ҚЫЗЫЛОРДА, ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫҢ СИПАТЫ САДВКАСОВА Алия Узақовна

*Ғылыми жетекші: ф.ғ. докторы, профессор: Нурдаулетова Б.И*

Ш.Есенов атындағы «Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг» университеті

Ақтау, Қазақстан

Aliya\_s84@mail.ru

#### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілінің мерейі мен мәртебесі, қалыптасу барысы, қазақтың ұлы тұлғаларының «қазақ тілі» туралы жазған пікірлері саралана келе, қазіргі таңдағы тілдік жағдайдың сипаты сөз етіледі. Қазақ тілді тұрғындар көп қоныстанған Қызылорда және Шымкент қаласының аумағындағы тілдік өзгерістер жөнінде мәліметтер келтіріледі.

*Түйін сөздер: тілдік жағдаят, қазақ тілі, диалект сөздер*

*Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.*

*Мағжан Жұмабаев*

Қазақ халқының қалыптасу барысында, дамуының даңғыл жолында көптеген қиыншылықтарға кезікті. Қазақтың нар тұлғалары, батырлары қазақ елінің жері мен елі үшін қасық қаны қалғанша күресіп

дәл бүгінгі Тәуелсіз мемлекетте өмір сүруімізге өздерінің ерен еңбектерін сіңірді. Тәуелсіздік – біздің ең бағалы, ең құнды, тәңірдің бізге берген үлкен сыйы, мәңгілік құндылық. Бір шаңырақ астында мекен етіп жатқан әрбір жан үшін – бостандықтың негізі.

Елбасы қысқа мерзімде КСРО ыдырағаннан кейінгі түрлі олқылықтармен күресіп, экономикасы дамыған, әлеуметтік кепілдіктері мен қоғамдағы тұрақтылығы бар қуатты, күшті, тәуелсіз мемлекет құра алды.

1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы қабылданды. Елбасы ана тіліміздің дамуына ерекше көңіл бөліп келеді. Елбасының қазақ тілін өте жоғары бағалайтындығы, құрметтейтіні үнемі байқалатын. Себебі қаншама жыл Кеңес Одағының құрамында болған қазақтың тілі бұрмаланып кеткен еді. 1998 жылдың 20 қаңтарында елімізде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, өркениет пен интернеттің тіліне айналды. Дамыды, бұдан әрмен де дами түспек.

Қазақстан – көпұлтты Тәуелсіз мемлекет. Тілдің жағдайдың өзгеріске ұшырауына, дыбыстарының орын алмасуы, сөздердің қолдану реттілігінің бұзылуы, өзге тілден енген кірме сөздердің пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Тілдік жағдай - әлеуметтік лингвистиканың негізгі категорияларының бірі. Ол кез келген мемлекеттің тілдік саясатын дамытуда шешуші рөл атқарады.

Егемен Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-саясаты әр түрлі ұлт өкілдерін, демографиялық ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Елбасы «Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз» деп қазақ тілін ұлтаралық қолданысын арттыра түсуді, ешқандай бұрмаланушылыққа ұшырамай өз болмысын сақтауы қажеттігі жөнінде айтады.

Қазіргі таңдағы қазақ тілі мәселесін екі жағдайда алып қарауға болады, біріншіден, көпфункционалылығын, себебі аумағы 2 млн 724,9 мың. км<sup>2</sup> құрап, 126 ұлт өкілдері қолданады. Екіншіден, бұл полисубъективті, өйткені оның қалыптасу кезеңінде әр түрлі субъектілер қатысады.

Қазақ тілінің жергілікті тілге тән ерекшелігі - ежелден тіл мамандары назарын аударған құбылыстардың бірі. Қазақ тілі ұқсас және қазақ халқы тұратын барлық аймақтарда әрқайсысының өзіне тән қазақ тілдік ерекшеліктері бар екені анық.

Оңтүстік өңірдегі қазақтарының тілдік жағдайындағы лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерге тоқтала өтсем:

Профессор Сәрсен Аманжолов қазақ тілінің оңтүстік диалектісін көне үйсін, қаңлы, дулат және жалайыр тайпаларының тілі деп атайды. Бұл тайпалар ұзақ уақыт бойы Жетісу, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында өмір сүрді.

Бұл диалектке өзбек тілінің әсері XVIII-XIX ғасырлардағы Ұлы жүздің Қоқан мен Хивин хандықтарына ықпалын арттырды.

Олардың алғашқы тайпалық тілдердің негізінде қалыптасуына және әр түрлі тілдердің ықпалында болуына байланысты, оңтүстік диалектінің сипаты біркелкі емес. Кейбіреулер жиі кездеседі. Енді олардың кейбіреулері кішкене ғана аумаққа жайылған. Үздіктердің арасында оңтүстік диалектісін басқа диалектілерден ерекшелейтін негізгісі бар. Оңтүстік диалектісінің негізгі фонетикалық ерекшеліктері:

- Сөздердегі с әріпі мен ш әріпінің орын ауысуы. Мысалы: мысық – мышық, есек – ешек
- Д әріпі мен л әріпінің ауысуы. Мысалы: Теңдік – теңлік

Қызылорда және Шымкент өңіріндегі диалект сөздерге назар аударалық:

1-кесте.

Диалект сөздер	Әдеби сөздер
Ауқат	Тамақ, ас
Шәйнек	Аққұман
беймарал	алаңсыз
әулі	аула
дарбаза	қақпа
әсел	бал
бесақа	айыр
өңшең	ылғи
бәдірең	қияр
Әкәндоз	қалақ



Қазіргі тілдік жағдайға «тамақ» сөзінің орнына Түркістан облысының көптеген ауылдарында «ауқат» сөзі қолданылады. Бұл «ауқат» сөзін, біздің зерттеуіміз бойынша, 50 жастан асқан тұрғындардың қолдану жиілігі жоғары екендігін байқадық. Сонымен қатар, «дарбаза» сөзін көбінесе Түркістан облысы, Жетісай ауданының тұрғындарының қолданатынын анықтадық. Ал, «әкендоз» сөзін көбінесе Қызылорда мен Шымкент қаласындағы ауылдардың тұрғындары тілге тиек етеді. «Бәдірең», «Беймарал», «Бесақа» сөздерін де Жетісай ауданының көпшілігі қолданатыны белгілі болды. «Әулі», «Мышық», «Ешек», «Пақта» деген сөздерді Қазығұрт пен Сарыағаш аудандарының көп қолданады екен. Ал, Шымкент қаласы «шәйнек», «өңшең», «әсел» сөздерін көп қолданады. Көбінесе бұл сөздерді қолданатын 40 жастан жоғары тұрғындар.

Атпан, түйеман, қайыспынан, арбамынан – Шымкент және Шу өңірлері, күніге - күніне, жылыға – жылына – Жетісу алқабы мен Шымкент қаласында осы сөздер айтылады. Сонымен қатар, уақытында – уақытылы деген өзгеріске ұшырай Шымкент және Қызылорда өлкелерінде сөздік қорларында кездеседі.

Сүдігер, атыз, жүйек, көмбеқонак, сота, қоза, жекелеу, оман арық, қауыншек, дембілше, пада, падашы, есек, кодақ, т.б. Оңтүстік өңірдің мал және егін шаруашылығымен айналысатын өңірлері қолданады. мысал: ақыр — малға шөп салатын орын, асар — көмек, жәрдем, әпкіш — иін ағаш, дәйілше — 2-3 бұттық қап, жадағай — астарсыз жеңіл шапан, жуалдыз - тебен ине, келімдәрі - қызылбұрыш, кірлен - шылапшын, сым — шалбар, көрпелдес — кенже туған қозы, қошна — көрші, тана — бір жасқа дейінгі бұзау, зуала — қамыр нанның үзіндісі, ақта — піштірілген мал т.б.

Тіліміздегі сөздерді қабылдау мен қолдану және оларды емле ережелерімізге сәйкес жазу мәселесі бір ғасыр бойы күн тәртібінде болды. Оңтүстік өңірдегі тұрғындардың көпшілігі Қазақстанның басқа аймақтарына түсініксіз болатын сөздерді көптеп қолданады. Бұл жағдай тек Оңтүстік, Қызылорда немесе Шымкент қаласының тұрғындарына ғана қатысты деп айтуға болмайды. Дәл осы типті сөздер Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан аймақтарында да қолданыста. Әр өңір бір-бірінің сөздік қорларына енген диалект немесе кірме сөздері арқылы бір-бірін түсінбей жататыны тағы бар. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша бұл сөздер қазақтың көркем әдеби сөздеріне зиянын тигізбейді деген пікірде. Дегенмен, диалект сөздерді, кірме сөздерді көп қолдану, ауызекі тілде қазақтың әдеби сөздерін емес әр түрлі кірме немесе диалект сөздер қазақ тілінің тілдік, сөздік құрамының бұзылуына алып келеді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру саласындағы тілдің жағдайына әсер ететін ауқымды мәселелер бар. Ол – аралас мектеп, орыс мектебі. Шымкент қаласы мен Қызылорда қаласында да орыс мектептері жетерлік. Онсыз да қазақ тілінің қолданысы төмендеп бара жатқан мемлекет үшін одан әрі жоюылуына себеп болуы мүмкін фактор.

Тәуелсіз мемлекет болғанымызға ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, біз Көкшетаудағы аралас мектеп туралы оқығанда таң қалдық. Себебі Көкшетауда жаңа қазақ мектебі салынбаған сияқты. Балаларына қазақ тілін үйреткісі келетін ата -аналар аралас білім беру мектебіне риза. Былтыр ғана жаңа қазақ мектебі салынып, мемлекеттік тілде оқытатын мектептер саны төртке жетті. Мұнда 4105 бала тәрбиеленуде. Қалада 20 728 оқушы оқитын аралас мектептер саны - 21. Сонда толық қазақша сөйлейтін балалар бес есе аз болады.

Ал енді қазақ тілінің қолданысы жоғары Қызылорда өлкесіне тоқталар болсақ «Корейлер мен немістері де қазақша сайрайтын Қызылордаға аралас тілді мектептің қажеті қанша?» деп ойлаймыз. Облыстағы 293 мектептің 262 -сі қазақ тілінде білім береді. 4 орыс және 27 аралас мектеп бар. Қалаларда сұраныс қана бар десек қателесеміз. Біз Шиелі ауданындағы аралас білім беретін мектептегі 77 сыныптың 12 -сі орыс тілінде сөйлейді.

Қазіргі таңда білім беру саласында қазақ тілді оқулықтар, білікті мамандар жетерлік. Сол себепті орыс сыныптарына балаларын беретін ата-аналарға тоқтау қою керек тәрізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таң-даулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз», – деді. Демек, нағыз білім орыс мектебінде деп қателесуден аулақ болғанымыз жөн.

Тіл - әлеуметтік құбылыс, себебі оны қоғамдық қатынастардан тыс меңгеру мүмкін емес. Адам туылған сәттен бастап тіл қалыптасады. Өйткені, кішкентай бала айналасындағылар шығаратын фонетикалық дыбыстарды қайталауға үйреніп үлгергенде ғана сөйлей бастайды және ойлау қабілетінің

арқасында оларға дұрыс мағына береді. Сондықтан мемлекеттік тілдің таза, әдеби болуына, үнемі қолданыста болуына жағдай жасалынуы тиіс деген ойдамын.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл. ISBN 9965-409-88-9
2. Қалиев.Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, «Сөздік-Словарь» , 2005, 439б
3. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1968. – 238 б. 65. Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – М.:Наука 1977.-205с. 66.
4. Макаев Э.М. К вопросу об изоморфизме //Вопросы языкознания.-1961.-№5. 67. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, -М-Л., 1951. –С.451.
5. Мельников Г.П. Детерминанта – ведущая грамматическая тенденция языка. – В кн. Фонетика, Фонология. Грам

### ИЗМЕРЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ РЕГИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ САИДХОДЖАЕВА Дилафрузхон Муталибовна

Политехнический институт Технического Университета Таджикистана имени М.С.Осими  
Согдийская область, Худжанд, Таджикистан  
snafisakhon@mail.ru

#### Аннотация

В работе представляется анализ существующих методик оценки устойчивости развития региона. Переход к практической реализации концепций устойчивого развития требует новых подходов к формированию интегрального показателя устойчивости, для расчета которого нужна обоснованная система показателей устойчивости. Автором предлагается получение интегрального показателя на основе базисных и цепных коэффициентов. Предложенную методику измерения состояния устойчивости можно использовать для реализации задач и целей программы по обеспечению устойчивости на региональном и государственном уровнях.

#### Annotation

The paper presents an analysis of existing methods for assessing the sustainability of the development of a region. The transition to the practical implementation of the concepts of sustainable development requires new approaches to the formation of an integrated sustainability indicator, for the calculation of which a reasonable system of sustainability indicators is needed. The author proposes to obtain an integral indicator based on basic and chain coefficients. The article presents a system of indicators of the stability of the system, the formation of an integral indicator, and subsequently determines the threshold values for achieving stability. The proposed methodology for measuring the state of sustainability can be used to implement the goals and objectives of the program to ensure sustainability at the regional and state levels.

Переход от теоретических предпосылок по проблематике устойчивого развития региона, озвученных на международных конференциях, государственных программах и проектах, общественных организаций, к ее практической реализации на региональном уровне вызвал серьезные затруднения. Одной из таких проблем является отсутствие или недостаточная разработанность системы метрик для количественной характеристики состояния различных социально-экономических процессов регионального уровня и единой адаптивной методологии оценивания, составляющих устойчивое развитие региона, в связи с чем, актуальной стала разработка методики оценки устойчивого развития региона. Разработка методического обеспечения анализа и оценки развития региона является немаловажной научной задачей, которая должна охватить влияние всех факторов устойчивого развития региона, решением, которых занимаются как зарубежные, так и отечественные исследователи. В свою очередь, инструменты, элементы механизмов, механизмы управления устойчивым развитием региона определяются и выбираются на основе конкретной методики оценки состояния региона, и кроме того, она служит базой для решения задач, связанных с планированием, прогнозированием и реализацией стратегии региона. Помимо этого, отсутствие единой, утвержденной системы показателей, отражающей

наличие или отсутствие устойчивости, а также присутствие угроз в ее отношении, все больше обостряет ситуацию. В свою очередь, поиск действительно важных показателей обеспечивает своевременное предупреждение и реагирование на отклонения в системе и позволяет принять необходимые управленческие меры. Оценка уровня устойчивого развития региона осуществляется на основе системы показателей устойчивого развития, которая строится исходя из характеристик и особенностей региона. Далее разрабатывается интегральный показатель оценки устойчивого развития региона. Наряду с этим, и за рубежом, и в нашей стране отсутствует общенаучный, признанный подход к формированию интегрального индекса, характеризующий регион как устойчивую или неустойчивую систему. Очевидно, что в мировом сообществе, еще не разработана “идеальная” методика оценки устойчивого развития региона, отвечающая всем принципам, критериям такого многомасштабного понятия.

В настоящее время, индикаторы все больше приобретают особую значимость, так как они являются элементом процесса управления и предназначены для использования при принятии решений [Горшкова Ю.О., 2006]. Следовательно, можно отметить, что разработка целевых бюджетных программ и принятие решения о приоритетных направлениях деятельности в регионе тоже исходит от анализа индикаторов устойчивого развития. Для прослеживания результатов по обеспечению устойчивого развития, перечень его индикаторов и их пороговые значения должны быть утверждены и одобрены хотя бы на региональном уровне, соблюдение, которых остается за социальными и экономическими программами регионального развития. По мнению автора, для доступности и информатизации общественности о темпах движения к устойчивому развитию необходимо публиковать значения индикаторов и динамику показателей устойчивого развития в статистических ежегодниках региона.

Индикаторы – это инструменты для измерения, которые позволяют провести количественную и качественную оценку ситуации, определить направленность ее изменения и интерпретировать ход решения важных проблем развития. Следует подчеркнуть, что ситуации и проблемы являются неоднородными и не одинаковыми и внутренние факторы тоже меняются в условиях изменяющегося окружения, следовательно, индикаторы не являются неизменными, раз и навсегда установленными. В связи с этим, показатели должны быть гибкими и должна быть возможность их замены на адекватные индикаторы, соответственно современным требованиям. Любой индикатор, рассмотренный в изолированном виде (в отдельности) не несет ответственности по поводу устойчивости или неустойчивости развития, лишь комплексное изучение и рассмотрение индикаторов во временном сопоставлении дает возможность интерпретировать состояние развития региона.

Индикаторы являются удобными инструментами для отражения взаимосвязи между различными элементами системы и предоставляют информацию в понятной для пользователя форме. На основе совокупности показателей строится система, в которую будут отобраны наиболее значимые показатели, характеризующие состояние региона в динамике. Система показателей позволяет проводить внутреннюю и внешнюю диагностику состояния региона, определить потенциал региона, оценить эффективность управления для достижения устойчивого развития и в тоже время, является одним из основных элементов механизма управления устойчивым развитием региона. Под системой индикаторов устойчивого развития региона понимается комплекс показателей, характеризующий происходящие процессы и отражающий их динамику в социо-эколого-экономической системе. Поэтому, при построении системы показателей особый подход требуют те процессы и проблемы, которые сдерживают обеспечение устойчивого развития региона. Система индикаторов устойчивого развития занимает особое место в решении следующих задач:

- определение стратегических и тактических целей развития;
- оперативное управление развитием региона;
- оценка состояния региона на мезо- и мега- уровнях;
- обеспечения участия общества в управлении устойчивого развития региона [Бобылев, С.Н., 2007].

Анализируя литературы по этой проблематике можно выделить несколько подходов по разработке показателей устойчивого развития:

- 1) Модель “Нагрузка – состояние – ответная реакция” объединяет показатели человеческой деятельности и загрязненности окружающего мира (природы), т. е. включает в себя взаимосвязь и индикаторы трех составляющих устойчивого развития. (1994г.)
- 2) Модель “Импульсы деятельности – состояние – ответная реакция” включает индикаторы по четырем компонентам устойчивого развития: социальные, экономические, экологические, институциональные. (1996г.)

3) Модель “Импульсы деятельности – нагрузка– состояние –удар – ответная реакция” рассматривает анализ влияния совокупности всевозможных взаимосвязанных факторов на природную среду. (1999г.)

4) Модель “Импульсы деятельности – нагрузка– состояние –выдержка– эффекты – ответная реакция”. В данной модели анализируются вопросы влияния деятельности человека на природную среду и наоборот, как изменения, происходящие в эко сфере влияют на здоровье человека. (1999г.) [Шедько, Ю.Н., 2013].

При разработке методики оценки устойчивого развития встречаются различные трудности, такие как: связанные с определением действительно научно обоснованных индикаторов, отражающих состояние региона; объединение показателей различных процессов социально-экономической системы воедино; гармоничное совмещение трех факторов устойчивого развития региона. При выборе и построении индикаторов устойчивого развития необходимо соблюдать следующие правила: индикаторы должны быть направлены на достижение целей развития региона и показатели должны охватить как можно больше процессов развития региона. Показатели должны быть доступны для расчета и выражены в абсолютных, относительных и удельных величинах, также необходимо определить пороговые значения для интерпретации интегральной оценки устойчивого развития региона. Основываясь на вышеизложенном можно констатировать тот факт, что на уровне каждого региона разрабатываются и утверждаются набор целей, которые имеют наибольшие приоритеты достижения, отражающие проблемы социально-экономического развития. К первостепенным достигаемым целям на региональном уровне чаще всего относят- увеличение количества рабочих мест, повышение экономической активности бизнес структур, проведение диверсификации экономики, укрепление социального партнерства, повышение способности региона адаптироваться к внешним и внутренним изменениям, повышение благосостояния населения, поддержание и сохранение экосистемы, повышение инвестиционной привлекательности региона.

На примере изученных источников, при конструировании системы показателей устойчивого развития региона, наблюдается избыток показателей в одних аспектах, а их недостаток в других важных аспектах устойчивого развития региона. Такие примеры не являются системными и не полностью отражают процесс функционирования и развития региона. В целом, все отбираемые показатели должны гарантировать полную и надежную информацию об изучаемом объекте. Автор И.А.Морозов рассматривает при построении системы показателей устойчивого развития региона индикаторы по следующим направлениям: финансы; валовой региональный продукт; транспорт; жилищно-коммунальное хозяйство; исследования и разработки; обеспеченность природными ресурсами [Морозов, И.А., 2014]. В предложенной учеными Кольского научного центра РАН в системе показателей устойчивого развития приводятся индикаторы с пороговыми значениями, но в данной системе не участвуют показатели экологической составляющей [Лузин, Г.П., 1999]. Как отмечает, автор Терешина М.В. индикаторы устойчивого развития региона выбираются исходя из приоритетности и специфики самого региона, также исследователь при проведении оценки устойчивого развития региона ранжирует все показатели устойчивого развития региона по трем основным группам: ключевые, дополнительные, специфические индикаторы. Ключевые индикаторы выбираются на основе значимости параметров регионального развития; дополнительные индикаторы позволяют оценить экономико-политическое развитие региона, а специфические подчеркивают региональную специфику [Терешина М.В., 2005]. Следующий автор предлагает такую методику отбора основных показателей устойчивого развития региона путем адаптации регрессионного анализа. Адаптированный регрессионный анализ на основе множественного коэффициента корреляции позволяет отобрать предикторы факторов устойчивого развития региона [Сорокина, Н.С., 2011]. Система индикаторов устойчивости развития, предложенная Комиссией ООН по устойчивому развитию, является комплексной, рассматривающая индикаторы по следующим направлениям – социальные, экономические, экологические и институциональные аспекты устойчивого развития [Федоров А.Г., 2000].

Обзор литературы позволил выявить некоторые требования к построению системы показателей устойчивого развития региона:

- 1) Количество показателей должно быть одновременно достаточными, и с другой стороны минимальными;
- 2) Все показатели должны быть доступными, понятными и прозрачными;
- 3) Показатели должны друг друга дополнять, быть взаимосвязанными и взаимоисключаемыми;

4) Сбор данных должен быть простым, легко поддающемуся анализу и не дорогостоящей процедурой;

5) Показатели должны отражать все аспекты устойчивого развития региона.

Кроме вышеназванных требований, на мировой практике по разработке системы показателей оценки устойчивого развития можно увидеть ряд других критериев – индикаторы должны иметь количественную форму и быть применяемыми на региональном и государственном уровнях; должны соответствовать правилам принятия решения и быть понятными для лиц, принимающих решения; должны отвечать мировым стандартам. Построение системы показателей оценки уровня устойчивости регионального развития, прежде всего, должно основываться на системе показателей устойчивости более высокого уровня – страны. Бесспорно, что достижение устойчивого развития страны возможно лишь при условии устойчивости ее составляющих – регионов, отдельных субъектов, муниципалитетов. Но, при этом, определение показателей оценки устойчивости каждого региона проводится на основе внутренних особенностей, интересов и факторов развития самого региона, отражающих экономическое, экологическое и социальное развитие. Для оценки устойчивого развития региона целесообразно конструировать систему показателей с точки зрения сбалансированности социума, природы и экономики по следующим блокам:

-блок экономических показателей- включает показатели производства, потребления, уровень экономического развития, уровень инновационности производства, уровень инвестиционной активности в регионе и т.д.;

-блок социальных показателей - включает показатели, характеризующие уровень жизни населения, степень благополучия, уровень денежных доходов людей, показателей социально-демографических процессов в регионе;

-блок экологических показателей- включает показатели, свидетельствующие о состоянии природной среды, качестве ресурсов, антропогенного воздействия на окружающую среду.

Исследователи количественной методики оценки устойчивого развития при анализе используют различные подходы, отличающиеся друг от друга набором показателей и их группировкой, что говорит о многокритериальности и многомасштабности данной трактовки. Как отмечает, П.Ю. Ерофеев, измерение степени устойчивости развития государства, отдельных регионов и территорий должен осуществляться на основе обоснованных количественных критериев, которые к данному моменту в научном мире отсутствуют [Ерофеев П.Ю., 2007]. Одни ученые считают, критерием устойчивости развития региона способность системы достигать цели развития, другие в качестве критериев рассматривают сбалансированность и адаптивность системы, третьи находят систему в зоне устойчивости. На наш взгляд, критериями устойчивого развития региона выступают: безопасное и одновременно высокое качество жизни населения; стабильное развитие в социальной сфере; экономика, функционирующая эффективно и имеющая рациональную структуру; доступность социальных благ для всех слоев населения; прочное экологическое равновесие; перспективные жизненные условия для будущих поколений.

Для этой группы учащихся я решила создать плейлист, который поможет достичь цели, предоставив им несколько вариантов, чтобы двигаться в своем собственном темпе, когда они осваивают концепт «изменений в нашей жизни». Я выбрала 3-х учеников из своей группы 10го класса, нашла дополнительные достоверные источники по данной теме и попросила их подготовить для своих одноклассников презентацию любого типа, которую они хотят в качестве домашнего задания. Это было сделано до того, как я должна была начать презентацию нового концепта «Изменения». На следующий день мои учащиеся представили свое понимание темы в написанных ими стихах и песнях. Их презентация была великолепной, а остальные студенты были в восторге и задавали вопросы, получая на них развернутые ответы. На этом этапе роль учителя менялась на роль консультанта и даже советника или друга. Учащиеся учатся учиться самостоятельно, и моя работа во время их проекта протекает иначе. Этот вид деятельности направлен на развитие не когнитивных навыков и развитие необходимого мышления у учащихся. Я уверена, что это повлияло на студентов, поскольку у них был выбор типа выражения информации и времени для самостоятельного изучения. Они также были в доверительных отношениях со мной, поскольку могли связываться со мной и задавать свои вопросы в любое время, когда им было нужно.

После этого объяснения я могла дать практическую работу для всего класса, и мне не нужно было использовать дифференцированные задания, поскольку все мои ученики достигли одинакового уровня понимания. Более того, я не тратила время урока на дополнительные объяснения.

Я решила продолжить этот тип смешанного обучения в своем классе, поскольку хочу обучать своих учеников не только языку, но и таким вещам, как сила воли, настойчивость, правильно расставленные приоритеты, желание учиться.

Я не собираюсь останавливаться на этом этапе реализации смешанного обучения. Более того, мы с коллегой решили работать вместе и попробовать разные типы смешанного обучения, чтобы достичь наилучших результатов и выбрать лучшее для наших студентов.

## **Практическая часть 2**

### ***Модель ротации станций смешанного обучения***

Сегодня существует большая потребность в изменении отношения к образованию в широком смысле и, конечно, превращении этого процесса в более индивидуальный вид мотивации студентов к учебе. С одной стороны, традиционное обучение на протяжении многих лет показало свою эффективность, но с другой стороны, с внедрением современных технологий и изменением сознания учащихся оно постепенно теряет свои позиции. Все больше и больше учебных заведений пытаются заменить его современными моделями, такими как смешанное обучение, индивидуально или лично

ориентированными, проектными работами, где учащиеся могут искать дидактические материалы из различных ресурсов, будь то школьная библиотека, интернет-сайты и другие. Традиционное образование предполагает передачу знаний, навыков и умений от старшего поколения (от нас - учителей) к новому через объяснения, иллюстрации и другие традиционные методы.

Раньше ученики ходили в школу, получали объяснения, возвращались домой и делали домашнее задание для будущих достижений, опять же в классе (в основном, ради оценок). Но пандемия ухудшила ситуацию. Преподавая в онлайн режиме через платформу «Teams» и увидел, как мы отчаянно теряем качество образования, потому что наши ученики с учителями просто не готовы к урокам, проводимым исключительно онлайн. Самые большие проблемы - это: нехватка времени (так как у нас всего 45 минут с перерывом в 5 минут между 20 + 20-минутными занятиями) и личный контроль успеваемости учеников. Кроме того, сильно пострадали исследовательские способности студентов из-за того, что ученики не были способны искать учебный материал.

Выйдя в режим оффлайн обучения, я попробовал четкую организацию урока как часть всей концепции усвоения материала. Я разделил класс на три группы, переориентируя работу учащихся на реализацию своих исследовательских навыков в выполнении проектов в рамках учебной программы, а также на выполнение отдельных учебных задач, объединенных с теми же целями обучения.

Систематическое обучение, при котором изучение материала является линейным и последовательным, и без изучения предыдущего материала, сложно понять следующий. Поэтому учащиеся заинтересованы в использовании всех своих электронных устройств и интернет-сайтов в выполнении необходимых заданий. Как только учащиеся увидели, что качество их обучения зависит от их личного участия, они смогли развить индивидуальные исследовательские навыки, и, поскольку они должны тратить большую часть времени на индивидуальную работу, их истинная мотивация к обучению возросла. Выполнение учебных заданий выросло, несмотря на то, что возникали некоторые трудности. Но после знакомства с новым способом достижения целей обучения, когда учащиеся берут на себя ответственность за свое личное образование и приспосабливаются к концепции непрерывного образования, результаты качества их образования стали выше. В модели ротации станций, где одна «онлайн-станция» - это группа, в которой учителя играют роль модераторов, контролируя процесс обучения, координируя учеников с возможными интернет-ресурсами, такими как Padlet и Kahoot, поддерживая их исследовательские навыки. Онлайн-станция используется не только для персонализированного обучения с помощью онлайн-программ. Просьба поработать за компьютером или планшетом в одиночку может ограничивать и демотивировать учащихся. Это средство для технологической интеграции и сосредоточения на таких действиях, как проектирование, создание и публикация результатов их групповой работы либо своих собственных. Другие группы работают над теми задачами, которые необходимы им для полного освоения темы, будь то грамматические упражнения, работа с текстами или написание письменной работы по теме.

Внедрение модели ротации станций позволяет решить такие важные проблемы, как: нехватка независимости. В традиционной модели обучения практически нет места самостоятельности, собственному мнению и решениям. Здесь каждый ребенок выполняет свою задачу по-своему. В результате ребенок учится самостоятельно оценивать свои способности, выбирать индивидуальный способ решения и даже может учиться на личных ошибках.

Уменьшается возможность быть не опрошенным на уроке, когда каждый ребенок надеется, что «сегодня учитель спросит не его / ее, а кого-то другого», поэтому они основательно готовятся к ответу, из-за требования концепции «освоение задач».

Учащиеся практически имеют возможность общаться друг с другом, что означает, что они смогут обмениваться своими мнениями, слышать другие точки зрения, выражать свои собственные и обсуждать информацию, полученную в процессе обучения. Это положительно влияет на мировоззрение и коммуникативные навыки, а также развивает их командное и групповое взаимодействие. Вот почему нам необходимо организовать их взаимодействие внутри группы и объединить их с одной целью обучения, которую необходимо достичь, например, выполнение совместной проектной работы, основанной на реализации и развитии их исследовательских навыков. Использование технологий для поддержки обучения на основе проектов, например, гарантирует, что учащиеся взаимодействуют друг с другом, а не только с экранами. Кроме того, что касается финансовых затрат с учетом требований сегодняшнего дня, особенно в условиях пандемии, это не требует больших затрат, поскольку все школы имеют подключение к Интернету, ноутбуки для учащихся и так же учащиеся имеют свои личные устройства для дистанционного обучения.

## Закключение



Смешанное обучение - это метод обучения. Как известно, в Институте Кристенсена, смешанное обучение - это образовательная программа, в рамках которой студент учится: - отчасти онлайн-обучению с некоторым элементом контроля учащихся во времени, месте, пути и / или темпе; - частично в школе, вдали от дома.

Способы обучения каждого студента в рамках курса или предмета связаны с обеспечением интегрированного обучения. Другими словами, смешанное обучение - это метод, который не относится к определенной философии или педагогике. Смешанное обучение включает в себя как онлайн, так и офлайн компоненты. Эти компоненты смешанной модели могут быть столь же разнообразными, как количество учеников в данном классе, или как один, полностью традиционный класс.

### Список литературы

1. Blended: Using Disruptive Innovation to Improve Schools by Michael B. Horn & Heather Staker & Clayton M. Christensen Robert Schwarz, Michal Horne, Briyan Ribuck senior advisors of the new Teacher Center from the Silicon Schools Fund
2. Michael B. Horn and Heather Staker, *Blended: Using Disruptive Innovation to Improve Schools* (San Francisco: Jossey-Bass, 2014)
3. Blended Learning Today: Designing in the New Learning Architecture // The Oxford Group – 2014. <http://www.oxford-group.com/pdf/blended-learning-today-2014.pdf> <https://www.blendedlearning.org/models/>
4. Mastery-based model –flex- <https://www.blendedlearning.org/3-ways-to-do-a-flex-model/>
5. <http://www.blendedlearning.org/> where you can browse the Blended Learning directory of K-12 blended-learning programs.
6. iNACOL and MetisNet published this white paper on competency-based learning: "When Success is the Only Option: Designing Competency-Based Pathways for Next Generation Learning"
7. Curtis, J. Bonk The Handbook of Blended Learning: Global Perspectives, Local Designs / Curtis J. Bonk, Charles R. Graham // Pfeiffer. – 2006.
8. Rethinking the role of the teacher- <https://www.slideshare.net/mmorallgrad/rethinking-the-roles-of-teachers-76780510>
9. Proof points: Blended learning success in school districts, September 2015, <https://www.christenseninstitute.org/blended-learning/> Sustained Inquiry in Education: Lessons from Skill Grouping and Class Size <http://www.ernweb.com/educational-research-articles/research-on-grouping-and-class-size-the-need-for-sustained-study/>

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**ХИБИНА Зада Нурмухановна, КАИРЖАН К.**  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан  
[zada.xibina@mail.ru](mailto:zada.xibina@mail.ru), [kamillakairzhan@gmail.com](mailto:kamillakairzhan@gmail.com)

### Аңдатпа

Бұл мақалада “Жалпы білім беретін мектепте оқытудың тиімді технологиялар мен әдістерін қолдану” деген атауға ие жаңа заман талабына сай әдістемелер, тұжырымдар мен ұсыныстар келтірілген. Адамның білім алуындағы алғашқы қадамы мектептен бастау алады. Мектеп қабырғасы кезеңінен дұрыс білім алу үшін тұрақты жүйе, жаңа сарындағы әдіс, заманауи технологиялар қажет. Мақаланы оқи отырып оларды қалай қолдану керектігін, маңыздылығы, зерттеулер туралы мәлімет алуға болады. Педагогикалық оқытудың методикасы мен әдістері өте көп болғандықтан, бұл жерде практикада жүзеге асатын нақты әдістемелер туралы жаңа ақпараттар жазылған. Сабақ барысын қалай өткізу керек, оның қыр-сырлары қандай, заманауи уақытта стандартты білім жүйесімен қалай қызықтыра алу керек деген секілді маңызы зор сұрақтарға жауап табуға болады.

Кемелденген болашаққа кемелі толған ел болып аяқ басу үшін білім жүйесін негіздеу қажет. Жаңа заманның негізгі үрдісі - инновациялар мен технологиялар. Әр адамға талап етілетін асыл қазына - білім. Ең негізгі азық білім мен өзін толтыру арқылы адам озық ойлау жүйесін меңгеріп, өзін тұлға ретінде қалыптастырады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман». Адамға білім беріп, оны шын өмірде қолдануға үйретіп, ойлау шеңберін қалыптастырып, қоғамдағы орнын табуға үйрететін алғашқы орын - мектеп. Қазіргі таңда елімізде

нақты білім жүйесі қалыптасып жатыр, педагог мамандар оның әрбір қыр-сырын әлі күнге дейін меңгеріп, жетілдіруде. Еліміз цифрландыру саясатына аяқ басқалы бері білім беру мекемелерінде педагогикалық методикаларға аса мән беріп, жаңа технологиялар мен әдістер туралы көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр. Дегенмен де, жалпы білім беретін мектептер үшін білім сапасын жақсарту үшін әлі де жаңа технологиялар мен әдістерді меңгеруі қажет. Жалпы педагогтың жұмысы бір ғана іспен шектелмейді. Ол өз пәнін 100%-ға дұрыс білуі тиіс, білімін оқушыларға жеткізе алуы керек, ақпаратты түсініп, меңгеріп кету үшін интеллектуалды ойындар, әдістер, технологиялармен таныстыруы қажет. Ендеше осы орайда қандай ұсыныстар мен нақты теориялармен таныстырып, ұсына кетуге болады?

Біріншіден, әр педагог өзі оқытатын пәнінің стандартталған негізгі жүйесін толыққанды білуі тиіс. Жалпы білім беретін мектептердегі жас мамандардың да негізгі проблемасы осында. Ол әуелі өзінің не оқытатынын түсініп, пәннің және білімнің осы өмірдегі маңыздылығын жеткізе алуы тиіс. Оқушыларға мұғалім қандай талап қойса, сол міндеттерді де өзінен талап ете алуы қажет. XXI ғасырда күн сайын жаңа ілім табылуда, осыған сәйкес әр мұғалім өзінің білімін жаңартып, жаңа заман талабына сай болуы керек. Білім беру жүйесіндегі ең негізгі тиімді әдіс - педагогтың өз біліміне салған инвестициясы [1]. Әрдайым өзін-өзі дамытып, оқушыларға білім беру жолын саралай алған мұғалім - нағыз дарынды ұстаз.

Екіншіден, жалпы білім беретін мектепте оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі - педагогтың да оқушының да бойындағы «Hard skills», «Soft skills» қабілеттерін дамытуы. «Soft skills» - адам бойындағы жеке тұлғасына қабілеттері. Оны дамыту үшін баланың бойындағы қызуғышылықтарын ояту керек. Қазіргі кезде мектептерде робототехника, ән, би, сурет үйірмелері бар. Бірақ, арифметикалық математика, сыни ойлау, шығармашылық сияқты үйірмелерді оқушыларға ерекше зейінмен үйрету керек. Сонда, оқушылардың жаңа қабілеттері ашылып, стандартты білім беру жүйесінің сарынына қосылып кете алады. Ал, «Hard skills» - адам бойындағы кәсіби қабілеттері. Оны оқушы мектептен кейінгі өмірде үйренеді. Ал, мектеп бағдарламасындағы негізгі міндет - стандартты білім жүйесі және осыған сәйкес бағыттар.

Үшіншіден, қазіргі ұрпақ - «Z» ұрпағы. Олар басқаларға қарағанда нағыз цифрландыру үрдісінде тәрбиеленіп жатырған, өте жылдам әрі компьютердің тілін түсінетін буын. Олар дайын ақпаратты қажет етпейді, себебі бұл буын жан-жақтылықты талап етеді. Оларға білім берудің ең тиімді тәсілі - теорияны практика арқылы дәлелдеп көрсету. Оларға уақыт берілсе болғаны, кез-келген сұраққа жауапты іздеп табады. Себебі, «Zет» ұрпағының ерекшелігі де осында - олардың табандылығында. Оларға білім берудегі негізгі әдіс - сұрақ қою арқылы жаңа тақырыпты меңгеруге мүмкіндік беру. Осы орайда «CLIL» методологиясы өте қолайлы болып табылады [2].

Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәнді қаймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі;

Communication (байланыс) – сабақта шетел тіліне үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, студенттер шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай-ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады;

Cognition (таным) – танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында студенттердің жақсы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді.

Culture (мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану жолдарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдау мен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

Осылайша, CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі. Әрі оқушының лингвистикалық қабілетін дамытады. Ал, бұл мәселеге қатысты ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында: «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынды.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Осы тұрғыда қолданылатын әдістің бірі «FILA» әдісі [3].

FILA кестесін толтыру жайлы нұсқаулық:

Facts бағанына проблемалық сценарийдің (мәтіннің) фактілері жазылады. Ideas бағанына аталған ситуацияның тууына себеп болады - аудеген идеялар жазылады.

Learning issues бағанына идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар жазылады.

Action plan бағанына проблеманы шешетін нақты жоспар жазылады. (әрекет Ideas и Learning issue-ке сәйкес болу керек).

Болашақта "Flipped the classroom" әдісін сынап көруді жоспарлау қажет. Себебі, ол дәстүрлі оқытудың кері әдісін сипаттайды, онда оқушылар үйде интернет арқылы жаңа материалмен танысады, әдетте сабақтың бейнетрансляциясы арқылы дәріс, онлайн презентация және мұғалімнің нұсқаулары, ал сабақтарда оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін жаттығуларға, тапсырмаларға немесе пікір таластарға назар аударылады. Бейне дәрістер көбінесе "classroom Flipped" әдісінің негізгі ингредиенті ретінде қарастырылады, олар жаңа материалға кіріспе және кіріспе нұсқаулар береді және студенттер үйде оқиды. Дәстүрлі әдістемеді мұғалім сыныптағы жаңа тақырыпты түсіндіргенде, оқушылар мұғалім айтқан ақпараттың бір бөлігін ғана есте сақтайды және оқушының пайдасына емес, өз рөлін атқара алатын маңызды сәттерді жіберіп алуы мүмкін. Кері жағынан, осы техниканың көмегімен студенттер мұғалім бірнеше рет жіберген бейне дәрісті көре алады.

Дифференциалды немесе сараланған тәсіл - бұл оқу материалын игеру, практикалық жұмыстарды орындау кезінде бірдей немесе жақын себептерге негізделген біртекті қиындықтар туындаған оқушылармен атқарылатын топтық жұмыс. Мектеп тәжірибесінде кейбір жағдайларда оқушылардың қарапайым саралануы қолданылады: үлгерімі жақсы, орташа, нашар [4]. Ол белгілі бір дәрежеде мұғалімге сараланған көзқарасты жүзеге асыруға көмектеседі. Бірақ бұл саралау оқушылардың оқудағы қиындықтарының себептерін ескермейді және студенттерге қиындықтарды жеңуге және оқу материалын игеруде алға жылжуға көмектесуге мүмкіндік бермейді. Мысалы: екі оқушының білім сапасы әртүрлі, оқу үлгерімінде де айырмашылықтар жетерлік. Алайда, олардың артта қалу себептері әртүрлі: біреуі моториканың бұзылуынан артта қалады, салыстырмалы түрде сақталған интеллектке ие (талдайды, жұмысты жоспарлайды, барабар бағалайды), екіншісі интеллектуалды дамудың төмен деңгейіне және қозғалыстардың патологиялық баяулауына байланысты артта қалады. Артта қалудың әртүрлі себептеріне байланысты бұл студенттерді бір топқа жатқызуға болмайды және оларға сараланған көзқарас шаралары айтарлықтай ерекшеленеді. Осы жерде дифференциалды әдісті қолдану керек. Яғни, оқушыларды білім деңгейлеріне байланысты топтарға бөлу және тапсырмаларды да деңгейге сәйкес беру. Атап өтер жайт оқушыларды сабаққа баулуға қатысты мұндай жіктеудің негізінде сабақ барысында еңбек етуіне сәйкес мақсатты, атқарушы және энергетикалық тараптар деп бөлу керек. Сонда оқушылардың білім сапасы бір деңгейге жеткен келесі тәсілдерді қолдануға болады.

XXI ғасыр талабы - ақпараттық байланыс құралдары. Қазіргі таңда әлемде 7 млрд. адам өмір сүрсе, 4 млрд. 54 млн.-ы ғаламтор қолданады. Әрі Жер ғаламшарындағы ақпараттық байланыс құралдарын кеңейту негізінде «Space X», «Tesla» компаниларының негізін қалаушы Илон Маск «Starlink» желісін ғарышта орнатты. Осы ғаламтор желісі біздің елімізге 2022 жылдың соңында орнатылатынын цифрлық даму министрі Бағдат Мусин хабардар еткен болатын. Тіпті Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасын жасау қажеттілігін жоспарлап атап өтті [5]. Бұл дегеніміз болашақта елімізде, тіпті барлық жер бетінде адамдардың тек техниканың тілінде сөйлеу мүмкіндігі жоғары екенін көрсетеді. Сондықтан, жалпы білім беретін мекемелер қазірден бастап тек қарапайым ғаламтор емес, оның жаһандану үрдісінің маңыздылығы туралы дәріптеу керек. Балаларға жеткілікті білімді сіңірту үшін сабақ барысында технологияларды қолданудың оң жақтары мен есте сақталып қалу мүмкіншілігі жоғары болып табылады. Ақпараттық байланыс технологиялар білім беру құралдарын бірқатар параметрлер бойынша жіктеп, пайдаланылуы керек технологиялар:

1. Шешілетін педагогикалық міндеттер бойынша:

базалық дайындықты қамтамасыз ететін құралдар - электрондық оқулықтар, оқыту жүйелері, білімді бақылау жүйелері;

Практикалық дайындық құралдары - есептер, практикумдар, виртуалды конструкторлар, имитациялық модельдеу бағдарламалары, тренажерлер;

Көмекші құралдар - энциклопедиялар, сөздіктер, хрестоматиялар, дамытушы компьютерлік ойындар, мультимедиялық оқу сабақтары;

2. Білім беру процесін ұйымдастырудағы функциялары бойынша:

Ақпараттық оқыту - электрондық кітапханалар, электрондық кітаптар, электрондық мерзімді басылымдар, сөздіктер, анықтамалар, оқытатын компьютерлік бағдарламалар, ақпараттық жүйелер;

Интерактивті - электрондық пошта, электрондық телеконференциялар;

Белсендіру (Activity) - бұл адамның белсенділігіне қол жеткізуге және осы күйдің сақталуына бағытталған процесс. Бастапқы мағынасында "қарқынды" деген ұғымды білдіреді, яғни уақыт бірлігіндегі белсенділік [5]. Бұл жағдайда "қарқынды оқыту" ұғымы біздің тұжырымдамамызға сәйкес келеді — динамизм, мұғалім мен оқу тобының, оқушылардың өзара әрекеттесуіндегі белсенділік. Бұл оқу процесінің қарқындылығының (белсенділігінің) жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оқытушы мен оқушының белсенділігі [6]. Осы орайда «Warm up», «Lead in» секілді көңілді ойындарды ойнатуға болады. Оқушылар өз ойларын жинақтап, сабаққа бар ынтасымен қатысуға шабыты оянады.

Оқушылармен жұмыс тікелей адам психологиясымен жұмыс болғандықтан, кейбір психологиялық қыр-сырларды да білек еткен жөн [4]. Мысалы, жазба жұмыстарын тексеру барысында қызыл қалам қолданғаннан гөрі, жасыл қаламды пайдаланған жөн. Оқушының өте ерекше немесе талаптанып жазған әдемі тұстарын жасыл қаламмен белгілеп кетуге болады. Қызыл түс өзімен-өзі қауіп дегенді білдірсе, жасыл түстің мағынасы - сенімділік, үміт және гүлдеу. Яғни, бұл психологиялық әдіс оқушының өз қатесінен гөрі, мықты қабілеттеріне мән беріп, бойынан сенімділік қасиетін орнатып, оны дамытуға әсер береді.

Әр мұғалімге қойылатын басты талаптардың бірі - оқушыны дұрыс бағалау. Бірақ, мұғалім тек оқушыны емес өзін де бағалай алуы тиіс. Рефлексивті күнделік - мұғалімнің әр сабақтан кейін өткізген сабағы туралы қайта ой қорытып, өзіне әділ баға қоятын жеке күнделігі болып табылады. Яғни, бұл әдіс мектептердегі білім деңгейін нақты анықтап, оны дамытуға ықпал жасайды. Осы орайда «Блум пирамидасын» қолдануға болады [6]. Блум пирамидасы барлығы алты сатыдан тұрады. Бірінші сатысында - қарапайым стандартты білім жүйесі жатады. Яғни, мұғалім сабаққа әкелген материалын таныстырып өтуі тиіс. Екінші, сол ақпаратты баяндау қажет, яғни түсіндіру. Оның белгілерін анықтап, басқаша әдіспен жеткізе алуы керек. Үшінші сатысында қолдану әдісі тұр. Яғни, жаңадан алынған тың ақпараттың өмірде маңызды екеніне көз жеткізетіндей ой тастап, иллюстрация әдісін [7] пайдалануға болады. Төртінші сатыда осы теорияны практика арқылы жеткізу керек: зертханалық жұмыстар жасау, эксперимент жүргізу, салыстыру, Венн диаграммасын қолдану. Бесінші сатыда алынған ілім бойынша қорытынды жұмыс жасалуы қажет: кері байланыс, жоспар құру. Ең соңғы саты - бағалау. Оқушылар бір-бірлеріне баға беріп, өз аргументтерін айтып, келтіре алуы тиіс. Сабақтың соңында педагог өзінің шешуші үкімін шығарып: әр оқушыға әділ бағасын қоюы тиіс. Рефлексивті күнделікке мұғалім сабақтан соң бүгінгі педагогтік қабілетіне баға қойып, өткізген сабаққа қатысты да қорытынды пікірін жазуы керек. Блум пирамидасы әуелі теориядан бастап, практика, анализ кейіннен барып бағалаудың маңыздылығын көрсетеді.

Қорытындылай келе айтқанда, кемері толған кемелі биік ел болуымыз үшін білім сапасына мән берілуі тиіс. Жалпы білім беретін мектептерде жаңа инновациялық технологияларды көбейту керек. Әрі мұғалімдер жаңа технологияларды меңгеріп, әдістерді практика жүзінде қолданып, үздіксіз даму үстінде болу қажет. Сонда ғана білім сапасы артып, білім беру жүйесінде бірізді дара жол қалыптасады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дульнев Г.М. Учебно-воспитательная работа во вспомогательной школе. - М.: "Просвещение", 1981.
2. Асеев В.Г. Мотивация поведения и формирование личности. - М., 1976.
3. Мирский С.Л. Индивидуальный подход к учащимся вспомогательной школы в трудовом обучении. - М.: "Педагогика", 1990.
4. Патракеев В.Г. Психолого-педагогическое изучение учащихся учителем труда // Журнал "Дефектология", №6.
5. «Архив – 2025» // «Егеменді Қазақстан» газеті, 21 қараша, 2018 жыл.
6. Bloom's Taxonomy. Thought Staff. 1956.
7. Шиф Ж.И. Особенности умственного развития учащихся вспомогательной школы. - М., 1965.

## ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**ШАМУРАТОВА Беназир Нұрболатқызы**

*Ғылыми жетекші: п. э. к., доцент Сабирова Ж.Н.*

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау, Қазақстан

benazir.shamuratova@mail.ru

### Аннотация

Бұл мақала Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған. Еліміздегі инклюзивті білім беруді дамытудағы кедергілер мен оны шешу жолдары атап өтілді. Мақалада инклюзивті білім беру мәселесінің Қазақстанда зерттелуі мен Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер көрсетілген.

**Кілт сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, кедергісіз орта, педагог-ассистент.

Қабілеттер мен мүмкіндіктердің, мәдениеттің немесе әлеуметтік мәртебенің айырмашылығына қарамастан, барлық балаларға білім беру мүмкіндіктерін ұсыну идеясы адам санасына тереңірек енуде. Инклюзия – бұл балалардың жыныстық, этникалық және діни ерекшеліктеріне, бұрынғы оқу жетістіктеріне, денсаулық жағдайына, даму деңгейіне, жасына, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан жалпы білім беру процесіне кірігуін талап ететін процесс. Ол барлық балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектептің шынайы бейімделуін талап етеді. Алайда, бұл ерекше балаларға сыныпта және қажет болған жағдайда одан тыс жерлерде қосымша көмек пен қолдау қажет емес дегенді білдірмейді. Мұның бәрі қолдаудың кейбір мүмкін формалары ғана.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім беруге жалпыға бірдей қол жеткізудің гуманистік қағидасы болып табылады, бұл білім беру жүйесі оқушылардың дамуы мен дайындығының деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделуі керек дегенді білдіреді.

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың өзектілігі күмән тудырмайды. Қазіргі заманғы арнайы білім беру жүйесі өзгерістерге ұшырайтыны белгілі. Бұл өзгерістер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен әр түрлі бағытта жұмыс істеуге бағытталған. Бірақ бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жабық арнайы білім берудің балама нұсқалары туралы мәселе өзекті болып отыр. Осы балама бағыттарды құру қажеттілігі дамуында ерекшеліктері бар балаларға әлеуметтену үшін, қазіргі күрделі қоғамда өзіндік құндылық пен маңыздылық сезімін қалыптастыру үшін көбірек мүмкіндіктер беруді білдіреді. Арнайы оқыту мен білім беру жүйесін дамытудың балама бағыттарының бірі ретінде дамуында ерекшелігі бар баланы оқу орындарының жаппай топтары мен сыныптарына енгізу деп атауға болады. Бұл процесс инклюзия аясында болуы мүмкін. Бірақ айта кету керек, ерекше оқытуды қажет ететін балаларды жаппай білім беру мекемелеріне енгізу процесі көптеген қиындықтармен байланысты, қазіргі уақытта біздің еліміз үшін кейбір шешілмеген мәселелер бар. Ең маңызды және әлі шешілмеген мәселелердің бірі – мектепке дейінгі және мектеп мекемелері жағдайында балалардың барлық санаттарына сәтті инклюзивті білім беру үшін оқу-әдістемелік кешендер құру мәселесі.

Инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеумен қазақстандық ғалымдар айналысуда. С. Зейнолла, А. Нұрғалиева, С. Нұрғалиева қазіргі уақытта Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері қалыптастырылғанын және тәжірибесі жинақталғанын, алайда жоғары және орта буындағы оқу мекемелері бұрынғысынша сегрегациялық болып қалуы мен инклюзивті білім беруде оқытудың инновациялық нысандарын, озық халықаралық тәжірибені жеткіліксіз қолданылып жүргенін атап өтті [1].

Инклюзияға назар аудару мақсатында Қазақстанда осы тақырыпқа байланысты проблемалар үнемі көтеріліп зерттелуде. Көптеген ғылыми мақалаларда инклюзия әлеуметтік тұжырымдама, білім берудің жаңа түрі, жалпы білім беруді дамытудың көп деңгейлі процесі ретінде қарастырылады, қазақстандық білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңінде инклюзивті білім беру практикасының табысты дамуына кері әсер ететін «кедергілер» анықталды [2].

Жекелеген авторлар (Н.И. Беляков және В.П. Русанов) Қазақстанда инклюзивті білім беруге көшу кезінде «арнаулы (түзету) оқу орындарын сақтай отырып» сабақтастықты ұстану керектігіне назар аударады [3].

Кедергісіз оқытуды құру, білім беру ортасын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктеріне бейімдеу және қалыпты балалармен бірлесіп оқыту процесінде оларға қажетті қолдау көрсету сияқты мәселелер Т. С. Сигутинаның еңбектерінде назардан тыс қалмады [4].

Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің пайда болуымен және дамуымен, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттің саясатымен байланысты негізгі бағыттарын, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету жүйесіндегі мұғалімдердің белсенділігін арттырудағы жұмыстың негізгі ерекшеліктерін Р.К. Нұрмағанбетова «Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары» атты жұмысында жария етеді [5].

Г.Жолтаеваның жұмысында инклюзивті білім беру дамуында ерекшелігі бар балалар мен қалыпты оқушыларды бірлесіп оқыту ретінде көрсетті [6].

Т.К. Омарова, И. Елисеева, Р. Сулейменова, С.К. Абильдина және т.б. авторлардың еңбектерінде инклюзивтік білім беруді дамуы шектейтін факторларды талдауын кездестіруге болады [7].

Л.А. Шкутина, Я. Данек, А. Рымханова [8] еңбектерінде мұғалімдердің жалпы білім беретін мектептерге инклюзивті білім беруді енгізуге қатынасының жекелеген аспектілері қарастырылған.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі педагогикалық қоғамдастықтан кәсіби міндеттер мен оларды шешу тәсілдеріне жаңа көзқарасты талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім берудің, қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге дамуында ерекшелігі бар балаларды интеграцияланған оқыту мен тәрбиелеу идеяларын практикаға енгізудің жаңа тұжырымдамалық тәсілдері айқындалған. Балалардың тәрбие мен оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуін, ерекше балалардың білім алу құқығына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. [9]. Осыған байланысты ерекше балалардың білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар ҚР демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму саласында да мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады [10].

«Инклюзивті білім беру» терминін Қазақстанға Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы енгізді. 1999 жылы орталық ЮНЕСКО — мен бірлесіп инклюзивті білім беру бойынша жобаны іске асырды, ал 2002 жылы Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен инклюзивті білім беру бойынша ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда да инклюзия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады [11].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саясаты ҚР Конституциясы, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы, «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы секілді нормативтік-құқықтық актілердің көмегімен іске асырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2025 жылға қарай мектептердің, балабақшалардың 100%-ы және колледждер мен жоғары оқу орындарының 70%-ы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауға тиіс. Инклюзивті білім беруді құрудың ерекше шарты «кедергісіз орта» болып табылады: бұл пандустардың болуы ғана емес, сонымен бірге есту қабілеті нашар адамдарға арналған көрнекі ақпараттың болуы, оқу әдебиеті, жеке бағдарламалар құру. Мұның бәрі білім алушының бағдарламаны қиындықсыз игеруі үшін жасалған жағдай болып табылады.

Білім және ғылым министрі республиканың әртүрлі өңірлеріндегі мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындық тұрғысынан істің қалай жүріп жатқанын көрсетті. Мәселен, Алматы қаласында балабақшалар мен мектептер 100% дайындығын көрсетеді. Павлодар (балабақшалар – 67,2%-ға дейін, мектептер – 83,9%-ға дейін), Қостанай (балабақшалар – 59,4%-ға дейін, мектептер – 75,8%-ға дейін), Жамбыл облыстарында (балабақшалар – 56,5%-ға дейін, мектептер – 81,9%-ға дейін), Нұрсұлтан қаласында (балабақшалар – 42,2%-ға дейін, мектептер – 77,8%-ға дейін) және Шымкент қаласында (балабақшалар – 62,2%-ға дейін, мектептер – 55,1%-ға дейін) жағдай жаман емес. Атырау облысында мектепке дейінгі мекемелердің

тек 3%-ы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасады [11]. Осыдан еліміздің өзге өңірлерінде инклюзивті білім беруге жағдай жасалмағанын аңғаруға болады.

Білім министрі әр түрлі қайырымдылық қорлары көрсететін қоғамдық бастамаларды да атап өтті. Елбасының «Қамқорлық» қорының арқасында 16 инклюзия кабинеті ашылды, 400-ден астам педагог-ассистент тиісті оқытудан өтті. «Дара» қайырымдылық қорының қолдауымен 45 түзету кабинеті мен 30 ресурстық орталық ашылды, 250 педагог оқудан өтті.

Инклюзивті білім беру қарқынды дамуына байланысты 2021 жылдан бастап мектептерде педагог-ассистенттер өз қызметін бастады. Мұндай мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көбірек көңіл бөлуді қажет ететін инклюзивті білім беруде сұранысқа ие. Олар ерекше қажеттіліктері бар балаларға мектепке бейімделуге көмектеседі.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырысымен еліміздің барлық өңірлерінде 700-ге жуық педагог-ассистент жұмысқа кірісті.

Педагог-ассистенттерге балаларды бағыттау, оқу процесіне бейімделуге көмектесу міндеті қойылған. Егер бала өздігінен қозғала алмаса, педагог-ассистент техникалық қолдау көрсете алады немесе балаға дефектологтың көмегі қажет болса, педагогикалық қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар педагог-ассистент ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын дайындауға қатысады. Мұндай педагогтар өткен материалды меңгеруге көмектесіп қана қоймай, ерекше баланың дағдыларын дамыту динамикасын қадағалап, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлардың сақталуын қадағалайтын болады.

Барлығына тең құқылы білім беру жолында кездесетін қиындықтарды тек бір ғана мектеп жеңе алмайды. Бұл барлық оқу орындарының белсенді ынтымақтастығы мен қатысуын талап етеді. Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу жолында әлі де шешілмеген бірқатар проблемалар мен кедергілер бар. Олар:

- жалпы білім беретін ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін жеткілікті кадрлық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық база жоқ;
- жалпы білім беретін сыныпта инклюзивтік тәсілді ескере отырып, оқыту сапасын мониторингілеу және бағалау жүзеге асырылмайды;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін инклюзивті білім беру шарттарына бейімделмеген (тек Ұлттық білім Академиясы Алматы-2019 ж. И. Г. Елисеева, А. К. Ерсаринаның әдістемелік ұсынымдары бар);
- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды ерте кәсіптік бағдарлау, кәсіп алдындағы және кәсіптік даярлау үшін жеткілікті жағдайлар жасалмаған;
- техникалық және кәсіптік, жоғары білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту жағдайларына бейімдеу қажет;
- балалардың психофизикалық дамуындағы ауытқуларды ерте анықтау және осындай балаларды ерте түзету мен дамыту проблемасы толыққанды шешілмеген;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте түзету және дамыту мамандарын даярлау қолға алынбаған;
- балаларда моральдық-психологиялық және әлеуметтік сипаттағы проблемалардың алдын алу бойынша профилактикалық шаралары жеткіліксіз;
- білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге ақпараттық-консультациялық қолдау жеткіліксіз ұйымдастырылған;
- «Күнделік» жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін оқушы үшін бейімделмеген;
- білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарын мүгедектерге арналған оқу кабинеттері мен аудиторияларында олардың білім беру бағдарламаларын меңгеру тиімділігін арттыратын қосалқы техникалық құралдармен (тифло-, сурдо - және басқа да техникалар) қамтамасыз етуге қойылатын талаптар жоқ;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларымен жұмыс істеу үшін түзету кабинеттері жоқ.

Айтылған мәселелерді шешудің мүмкін жолдары төменде көрсетілген:

1. Жалпы білім беретін сыныптағы инклюзивті тәсілді ескере отырып, оқыту сапасын мониторингілеу және бағалау, инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, кәсіптік бағдарлау, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды кәсіптік және кәсіптік даярлау, техникалық және кәсіптік, жоғары білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ТЖБ жүйесінде ерекше білім берілуіне

қажеттілігі бар адамдарды оқыту жағдайларына бейімдеу бойынша әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздер әзірлеу;

2. Штаттарды бекіту арқылы білім беру ұйымдарын инклюзивті білім беру үшін жеткілікті кадрлық, оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету;

3. Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогке қойылатын талаптардың өзгерісі мен артуын ескере отырып, біліктілікті арттыру курстарының қазіргі заманғы бағдарламаларын әзірлеу (жанарту);

4. Инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарының санын арттыру және мектепке дейінгі ұйымдардан бастап жоғары оқу орындарына дейін педагог қызметкерлер санаттарын қамтуды кеңейту.

Аталған кедергілерді жоя отырып, еліміздегі ерекше оқытуды қажет ететін балалардың қоғамға бейімделіп, тең құқылы білім алу мәселесі оңтайлы шешілер еді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нурғалиева С., Зейнолла С., Нурғалиева А. К вопросу о повышении качества инклюзивного образования в Казахстане // European Research. – 2017. – № 2. 75-77-б.

2. Чукотаев М.Н., Нурғазина Е.М. Инклюзивное образование в Казахстане: проблемы и перспективы // Академия профессионального образования. – 2017. – № 1. 31-38-б.

3. Беляков Н.И., Русанов В.П. Инклюзивное образование в Республике Казахстан // Научный альманах Ассоциации France-Kazakhstan. – 2018. – № 1. 59-67-б.

4. Сигутина Т. С. Актуальные проблемы инклюзивного образования в Республике Казахстан // Академическая публицистика. – 2018. – № 7. 41-48-б.

5. Нурмаганбетова Р.К. Основные направления развития инклюзивного образования в Казахстане // Научный аспект. – 2019. – № 2. 835-842-б.

6. Zholtayeva G. et al. Inclusive Education in Kazakhstan: selected issues // CBU International Conference Proceedings, ISE Research Institute. – 2013. – Vol. 1. 196-204 p. – DOI: 10.12955/cbup.v1.34.

7. Омарова Т.К. Особенности концептуализации инклюзивного образования в Казахстане // Вестник КазНУ. – 2017. – № 3. 60-67-б.

8. Шкутина Л. А., Данек Я., Рымханова А.Р. Отдельные аспекты отношения учителей к внедрению инклюзивного образования в общеобразовательные школы // Вестник Карагандинского университета. – 2017. – №4(88). 17-23-б.

9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

10. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

11. Интернет желісі: <https://www.primeminister.kz/ru/nemon-rk-v-kazahstane-prozhivayut-139887-chelovek-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami-211499>



## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
	Karagoz Samatovna ТАРАҰЕВА	3
	АЙМЕНБЕТОВА Қарлығаш Турлыбаевна, АРПАБЕКОВА Шынаркуль Умиртаевна	4
	АЙТМАҒАМБЕТ Нұрым Әділқызы	7
	АКИМНИЯЗОВА Самал Шакизатовна	9
	АМАНЖОЛ Жұлдыз Ербатырқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	14
	АНДЕЕВА Айдана Қалжигитовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	17
	АСАН Әсел Бауыржанқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	19
	БАРИМБЕКОВА Айнагул Нурсултановна, ЖАКУПОВА Гульжан Телеубаевна	22
	БЕГАХМЕТОВА Балжан Каиргельдыевна	27
	БЕЙСЕНОВА Толқын Кенжесарықызы, КУРМАНБАЕВ Амангельды Ахметович	30
	БЕКБОЛАТОВА Ақалтын Сейсенбаевна	34
	БЕКЕТ Еркеайым Серікжанқызы	36
	БЕРДАЛИЕВА Тилла Досыбековна, ОРАЛБЕКОВ Галымжан Жарасович	38
	БОЗШАТАЕВА Гульшат Тугельбаевна	41
	ДАВЛЕТБАЕВА Камчат Нуруллаевна	45
	ЕСМАХАНОВА Жаркынай Шарабдиновна, Г.Т. Жусипова	50
	ЕШЕНОВА Бахтыгуль Маулитбековна	53
	ӘБЖАППАР Ақмарал Халжанқызы, РАМАЗАН А.	56
	ЖАТҚАНБАЕВ Ергазы Тлеубаевич, ЖОРАБЕКОВ Р.Н.	58
	ЗАКИРОВ Шоқан Сейдуллаұлы С.Ш. ТІЛЕУБАЙ.	60
	ИБАДУЛЛА Жадыра Ниатиллақызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	62
	КАЗМИРЧУК Наталья Александровна, ЯНКОВА Анастасия Андреевна	65
	КЕУТАЕВА Улжалғас Халтореевна, АНУАРБЕКОВ А.	68
	КИПШАКБАЕВ Канат Зейнуллаевич, Д.Ж. СЕРКЕБАЕВ, В.А. ЖУБАНИЯЗОВА	70
	МАШАРИПОВА Манзура Эхсанджановна	75
	МУНБАЕВ Сакен Ханатович	78
	МУХАНОВА Айбопе Азимхановна, ТУСУПБЕКОВА Светлана Бахытбековна	80
	НИКОЛАЕВА Анжелика Викторовна	83
	НҰРЛАН Асылжан Нұрланқызы, КАЛЫБАЕВА Айнур Жакыповна	86
	ОМАРОВА Нургул Алибековна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	90
	ПАН Анжелика Карловна, ЛЕОНТЬЕВА Елена Юрьевна	92
	ПОПОВА Марина Васильевна, САДУАҚАСОВА Зайраш Амангельдіқызы, ТОЛЕУЖАНОВ Каирқан Төлеужанович, ЖУМАҒАЗИНОВА Назерке Токтаубайқызы, ДУЗБАЕВА Малика Баглановна	96
	РАХИМ Әсел Нұрланқызы, КАСИМОВА М.	99
	РАХИМЖАНОВА Салтанат Киниятқызы, НӘБИ Л.	100
	САДВКАСОВА Алия Узаковна	103
	САИДХОДЖАЕВА Дилафрузхон Муталибовна	106
	СЕЙТЕНОВА Сауле Жусупбековна	113
	ТИЛЕУБАЕВА Назгул Найзабековна	116
	ТӨЛЕГЕНОВА Әйгерім Төлегенқызы	119
	ТҮЛЕГЕНОВА Алмагуль Жаншакызы	124
	ТҮЛЕМИСОВА Эльмира Дарябаевна	125
	УТЕГЕНОВА Гульзира Сагинтаевна	129
	ФЕДОРОВА Наталья Александровна, ЖИДАЙКИН Василий Васильевич	132
	ХИБИНА Зада Нурмухановна, КАИРЖАН К.	137
	ШАМУРАТОВА Беназир Нұрболатқызы	141

*Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.*

**Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы  
International Academy of Education and Science  
Международная Академия Образования и Науки**

**2021**